

The background of the cover is a gradient of blue, from a darker blue at the top to a lighter blue at the bottom. A large, stylized yellow sun with pointed rays is positioned in the upper left quadrant. The text is overlaid on the right side of the sun.

МАҚСҮТ  
НӨРІКБАЕВ

ҰЛЫ  
БИЛЕРІМІЗДЕН  
ЖОҒАРҒЫ  
СОТҚА ДЕЙІН

---

МАҚСҮТ  
НӨРІКБАЕВ

ҰЛЫ  
БИЛЕРІМІЗДЕН  
ЖОҒАРҒЫ  
СОТҚА ДЕЙІН

---

---

АЛМАТЫ  
1999

---



МАҚСҰТ  
НӘРІКБАЕВ

ҰЛЫ  
БИЛЕРІМІЗДЕН  
ЖОҒАРҒЫ  
СОТҚА ДЕЙІН



  
АТАМУРА

**Нәрікбаев Максұт**

**Н 24** Ұлы билерімізден Жоғарғы Сотқа дейін. – Алматы: Атамұра, 1999  
– 192 бет.

Бұл еңбек – еліміздің құқықтық тарихында бүгінгі тәуелсіздік кезеңге орай жазылған тың дүние. Кітапта ұлтымыздың билік үкім айтып, бітім жасаған ұлы билерінен бүгінгі сот жүйесіне дейінгі келелі мәселелер кеңінен сөз болады. Сондай-ақ қазіргі азаттық туын тіккен тұстағы сот пен билік жүйесіндегі шешілуге тиіс жайлар да жан-жақты қозғалады.

Кітап — құқықтанушылар мен заңгерлерге арналған танымдық еңбек.

ISBN 5-7667-8515-1

Н 1202000000-073 без объявл.  
418(05) 99

ББК 67.3 (5 Каз)

ISBN 5-7667-8515-1

© Нәрікбаев М., 1999  
© «Атамұра», 1999

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқы қай кезеңде де от ауызды, орақ тілді, қара кылды қак жарған әділ билерін, шешендері мен ақындарын ел билеген хандарынан бетер қадір тұтқан. Олар айтқан бітімді, кесімді сөздер ұрпақтан ұрпаққа жетіп, тұтас бір халықтың даналық мектебіне айналып отырған.

Билеріміз айтып кеткен: «Әділ билік болмаса халқынды дерт алады» деген сөздер бүгінгі сот төрелігін жүргізіп отырған барлық судьялар үшін күндіз-түні мойнынан тастамайтын тұмары, қолынан түсірмейтін тасбиығы, басшылыққа алып отыратын ең басты шарты дер едім.

Көне замандардан бері қазақ халқы өз мемлекеттігін билеріміздің көрегендігі, көсемдігі, әділ шешімдері арқасында ұстап келген. Бүгінгі танның өзінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев жүргізіп отырған мәміле жолын іздестіру, ұлттық мәселені әділетті шешу қоғамдық тұрақтылықты, заңның үстемдігі мен мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту, бірігу, ынтымақ саясаты — осының бәрі-бәрі де бұрынғы өткен ұлы билеріміздің сардар саясатының жалғасы деуіміз керек.

Қалмақ Қонтажының алдына келген Қаз дауысты Қазыбек би:

— Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден күт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған

хан болса, ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса күл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күн боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт! – деп төгілте сөйлегенде қалмақ ханы не дерін білмей саскалақтаған екен.

Дәл осы сөздер бүгін де құнын жойған жоқ, сыртқы саясатымыздың да бұлжымайтын ережесі тәрізді өнеге болып қала беретіні күмәнсіз.

«Мына заман қай заман, бағы заман, баяғыдай болар ма тағы заман» деп көз жасын көлдеткен қайран халқымыздың тұтастық туын қолға алған ұлы билеріміздің даналығы әлі де терең зерттеуді қажет етері сөзсіз.

Өкінішке қарай, осы кезге дейін, шыны керек, еліміздегі сот билігі, оның жүріп өткен жолдары жайында арнайы жазылған бір де бір еңбек шыққан жоқ.

Түптеп келгенде, сот тарихы – ел билігінің тарихы.

Сот билігін қазақтардың мемлекеттік рәмізі дер едім. Би, судья – ел қамқоры, халық жанашыры әрі ақылшысы. Қазақ қоғамына біртұтастықты қалыптастырып, ынтымақ орнатқан ежелгі ережелердің қайталанбас нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрлерінің жүйелі жиынтығы – атақты «Жеті жарғы», дана бабаларымыз «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» – осылардың бәрі де көне кодекстеріміз, өмір заңдары, тіршілік өлшемдері, қоғамның шарттары, мемлекет басқару мен ел билеудің қалыптасқан жосықтары, сахараның сол замандағы тұрмыс-тіршілігінен, қоғамдық-

әлеуметтік ахуалынан туған зангерлік ұлы мұраларымыз. Қазақта кезінде кең етек алған ар-намыс дауы, құн дауы, жер дауы, жесір дауы дегендер болған. Солардың бәрінің де түйінін «Тура биде туған жоқ» деп, қара қылды қық жарған, заманының шешен боп туған көсемдері, халқына пана боп туған даналары, әділеттіліктің ақ туын көтерген абыздары, шындықтың сөзін сөйлеген мәмлегерлері шешкен. Олардың беделі, дәрежесі ел ішінде хандардан да, бектерден де биік болған.

Байтақ қазақ даласы бағы замандардан-ақ билер мектебінің алтын бесігі еді. Көсем биліктің, дана шешендіктің дәстүрі ел құндағында сақталған, желісі үзілмеген, бабадан – ұрпаққа, атадан балаға жалғасып отырған.

Амал не, сан ғасырлар бойы біздің сол рухани қазынамыз өз халқына жат саналып, бірді-екілі мамандар болмаса, қалың елге белгісіз болып келді.

Біз ұлттық тарихымыздың қойнауына енді ғана кіре бастадық. Тарихымызды жасаған, мемлекеттігімізді қалыптастыруда ұшан-теңіз рөл атқарған дана-гөйлерімізді де жана-жаңа танып келеміз. 1993 жылдың мамыр айында XVIII ғасырдың аса ірі мемлекет қайраткерлері Төле би, Қазыбек би және Әйтеке биге арналған Ордабасыда үлкен салтанат өтті. Онда Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұлы бабалар жайында сөз сөйледі, олардың көсемдігіне тарихи баға берді.

Өркендегісі келетін елдердің қай-қайсысы да қадым замандардан бергі тарихын ерекше қастерлеп, дара тұлғаларын, ел болып енсе көтерулеріне енбек сіңірген азаматтарын ардақ тұтқан. Елдігіміздің, ұлы бабалардың аруағын ардақтай алатындығымыздың куәсі ретінде Ордабасыда халық қамын жеген ұлы бабаларамызға ескерткіш орнатылды.

Елбасы Н. Назарбаевтың – 1998 жылды ұлттық тарих жылы, 1999 жылды ұрпақтар сабақтастығы жылы деп жариялауының өзін тарихымызды қайта жаңғырту, ата

дәстүрін, ұрпақтар жалғасының жарастығын арттыру деп білгеніміз жөн.

Заң ғылымдарының докторы, елімізге танымал, білікті зангер-ғалым Максұт Нәрікбаевтың халқымыздың билік, даналық, көсемдік мектебі, республикамыздағы сот жүйесінің тарихы, оның қалыптасуы жолдары жайындағы бұл еңбегі — тарих қойнауын ақтарған, архив шаңдағын қакқан, көз майын тауысып үніле жазған талай жылғы зерттеу, зерделеу жұмысының нәтижесі. Осы уақытқа дейін біреу біліп, біреу білмей келген билеріміз туралы деректер де өте құнды.

Қара кылды қак жарған бұрынғының билеріндей әділ қазыларға, мәмлегерлерге бүгін де зәру екендігімізге тағы да көз жеткізгендей боламыз. Сондықтан да бұл кітапты қалың оқушының, әсіресе заң қызметкерлерінің қызығып оқитыны даусыз.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр, заң-жобаның озығы да, тозығы да болатыны рас. Бүгінде біздің Ата заңымыз да, құқықты қорғайтын өзге кодекстеріміз де баршылық. Бірақ бәрімізді де ойландырып-толғандыратын бір мәселе — осының бәріне қарамастан, өтпелі кезеннің салдары ма екен, әйтеуір, адамның біразы азып, жастардың біразы жолдан шығып бара жатқан тәрізді. Сондықтан да іргелі ел, өркениетті мемлекет боламыз десек, сан ғасыр бастан кешкен өмір тәжірибесін жинақтайтын, үлкенді де, кішіні де, ұлды да қызды да әдептен оздырмайтын, қазақтың көсегесін көгертетін ұлт заңы — Жаңа Жарғы керек сияқты.

Мұны да ойланған жөн.

**Мырзатай Жолдасбеков,**  
*филология ғылымдарының докторы,  
Қазақстан Республикасының  
Төтенше және Өкілетті елшісі.*

Ежелдіні  
ғайырғаны  
зәңгәр және  
сәт үкілі

Мемлекеттік маңызды билік саласы – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төл тарихын жазу кезек күттірмейтін аса келелі мәселе, еліміздің абыройлы міндеті. Әрісі дүние жүзі, берісі өз республикамыздың заңгерлері үшін қазақ елінің әлімсақтан келе жатқан сот істері мен билер үкімін тарихи тұрғыдан танып білу – аса қажет нәрсе. Егер заң қоғамдық категорияның маңызды бір саласы ретінде заман тыныштығын, қоғам тәртібін, адам құқығын көздің қарашығындай әділ сақтайтындығын ескерсек, сот билігі мемлекетіміздің алтын арқауы екені одан сайын айшықтана түседі.

Сонау тас дәуірінен бері келе жатқан адамзаттың тіршілік түйткілдерін, қоғамдық формациялардың болмыс-бітімін сараптай қарасақ, қазақ елінің өзіне тән әдет-ғұрыптары, заң жобалары қоғам сипатына қарай дамып, өркендеп отырған. Біздің дәуірге дейінгі жыл санауда және одан кейінгі дәуірлердегі, жалпы, жер бетіндегі мемлекеттердің дамуы, қалыптасуы бір-бірімен етене аралас өркен жайғанын тарих теріске шығармайды. Ендеше мемлекетіміздегі үшінші билік орны, әділ сот ісінің төралқасы – Жоғарғы Соттың тарихнамасын қандай да бір тарихи датамен шектей салуға болмайды. Тарихтың тереңіне бой тартсақ, қазіргі қазақ мемлекетінің ел болып еңсе көтерген дәуірден бері қарайғы табиғи болмыс-бітімімен біте қайнасып бойына сіңген әдет-ғұрып, салт-санасынан екшеліп шыққан заңдар үлгісі халқымыздың билер үкімін биік парасатқа жеткізгенін айғақтай түседі. Бұны республикамыздағы белгілі заңгер ғалымдар да айтып келеді.

Қазақ соты тарихындағы билер үкімінің алар орны ерекше, тарихы тым тереңде. Өкінішке қарай, ол жөнінде жазылған зерттеу еңбектердің көбісі теренге бара алмай, қазақ заңдарының көшбасы Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» әрі аса алмай келгені мәлім. Оның бірден бір себебі – кенестік идеология заң орнына жүрген көне әдет-ғұрыптарды кең зерттеп, терең талдауға мүмкіндік бәрмеді. Сондықтан да, тамырын тереңнен тартатын қазақ сотының тарихы өзге жұрт үшін көмескі тартқан әдет-ғұрыптың өлшемінен әріге аса алмады. Шындығында солай ма еді? Енді осы сауалдың төңірегінде ой өрбітіп көрейік.

Өзге жұрттар секілді мындаған жылдар бойы қалыптасқан қазақ ұлтының мемлекеттік жүйесіндегі қоғамдық құбылыстардан туындаған заңдар өз дәуірінде халық үшін қажетінше қызмет атқарғаны күмәнсіз.

XVII ғасырдағы бірден-бір заңдар жүйесіне айналған «Жеті жарғы» – сот билігінің айнымас кодексі екені даусыз. Бірақ, бізге жазбаша емес, ауызша жеткендіктен өзге өркениетті елдердің заңгерлері бұл маңызды құжатты кодекс ретінде қабылдай қоймады. Өкінішке қарай, оны негіздеп, тайға таңба басқандай дәлелдеген кезінде ғылыми еңбек те жазылмады. Әйтпесе Алтай тауынан Қара теңізге дейінгі аралықтағы ұлан-байтақ далада бірнеше мәрте мемлекет құрып, бірде күшейіп, бірде әлсіреп сан ғасырға ұласқан Сақ, Ғұн, Үйсін, Түрік, Түргеш, Қарлық, Қарахан, Алтын Орда, Ақ Орда, Дешті Қыпшақ тәрізді мемлекеттердің жүйелі заңы болмаса, Еуразияны уысында ұстап, елінің тұтастығын сақтап, даңқы әлемге жайылып, тарихта қалмас еді.

Аталған мемлекеттер туралы тарихи деректерді, жазба мұраларды ақтарып қарасаңыз үзік-үзік, там-түмдап кезігетін заң-жарғылардың нұсқалары Қазақ елінің де өз заңы, соған бейімделген сот билігі, билер ережесі (кодекс) болғанын дәлелдей түседі.

Қытайдың «Таңнама», «Ханнама» деген тарихи жылнамасында қазақ сотының ереже үлгілеріне қатысты мынандай деректер бар: «... Сақ, үйсін елдерінде күннің құны бір түйе, немесе 11–12 кез мата; құлдың құны бір атан немесе бір ат болады екен... Ол елдің заңында бағып алған баланы құл етуге, сатып жіберуге, кепілге қоюға болмайды. Әрі оны ауыстыратын зат күн емес, сұтақы деп аталады», – деп түсінік берілген.

Пекиндегі Ұлттық университеттің түлегі, ғалым Дүкен Мәсімхан өзінің «Ежелгі заңдар ережесі» деген мақаласында осы дерекке қоса аталған тарихи жылнамадан мынандай заңдар үлгісін келтіреді: «...Һүндер мен үйсіндерде ағасы өлсе оның әйелін інісі, інісі өлсе жесіріне ағасы әмеңгерлік ететін заңдары бар еді. Бұл олардың тұқым-жұрағатының құрып жоғалудың алдын алуды, сондай-ақ, рулық түзімді қорғауды көздеген әлеуметтік заң-жарғы еді. Олардың табиғатқа табынған, жазбаша іс-қағазға бой ұрмаған бейресми заңдары болатын. Мәселен, кісі өлтіргенге тиісінше үкім шығару, айыбы үшін мал-мүлкін алу, тәнін кесу сияқты жазалары бар еді...»<sup>1</sup>, – деген нақты деректер келтіреді. Бұл екі мысалды автор бұдан 2 мың 200 жыл бұрын жазылған «Таңнама» мен «Ханнама» жылнамаларынан алып отыр.

Көшпелі ғұмыр кешсе де өздерінің қоғамдық өлшеміне сай жасалған заң-жарғыларын еш өзгеріссіз ұрпаққа үзбей жеткізіп отырған арғы ата-баба бекзаттығы қайран қалдырады. Жоғарыдағы келтірілген заңдар үлгісінің ХІХ ғасырдағы билер ережесінен айнамай орын алуы, ұлтымызға тән заңдардың халық жадында мықты сақталғанын дәлелдейді.

Біз қазақ сотының тарихына тән ежелгі құқықтық заңдар үлгісін екшеу үшін, мыңдаған жылдардың

---

<sup>1</sup> Жоғарғы Сот жаршысы. 1996, № 1.

желісіндегі ұлтымыз құрамына енген мемлекеттер мен ұлыстардың үстемдік құрған кезеңдеріне шолу жасағанды жөн көрдік. Ойткені халық санасындағы «Хан болсын, ханға лайық заң болсын; би болсын, би түсетін үй болсын» дейтін сөздердің қалай болса солай айтыла салмағаны мәлім және де бұлжымас заңға, мақалға айналған бұл ойдың мағынасы тереңде жатқандығы күмәнсіз. Себебі мемлекет атынан шығатын түрлі заң-жарғылар, үкімдер билер шешімімен қабылданып, хан алдында бекітілген. Сондықтан да ел билігін ұстаған билер мәртебесі халық алдында үстем болған, ғасырдан ғасырға өнеге ретінде үзілмей жалғасып отырған.

Бастау көзі сонау Ғұн, Үйсіндерден тікелей тартылатын осындай ғажап дәстүр-салтты жыл санауымыздың V ғасырындағы тарих сахнасына шыққан Түркілер өз заманында жанаша жанғыртып, дәуір тынысына сай қолдана білді. Түркілердің мемлекеттік тарихы, тегі, дәстүр-салты, мәдениеті туралы толымды ойлар айтқан Еуразияға даңқы жайылған Лев Гумилев «Көне Түріктер» деген көлемді еңбегінде заң орнына жүрген ережелер туралы мынандай деректерді:

«...Түркілерде өте қатал, тіпті қатыгез құқық заңының өзі әйелді қолдап, қорғаған. Күйеуі бар әйелді зорлаған кісі өлім жазасына кесілген. Қыздың арына дақ салған еркек, оған дереу үйленген. Әйелді зорлау ең ауыр қылмыс – көтеріліс жасау, опасыздықпен кісі өлтіру, тұсаулы атты ұрлау сияқты жазалармен тең қаралған...» деген ереже-баптардың сорабын кемел оймен мысалға келтіріп, көне түркілер дәуіріндегі заңдардың қоғамдық рөлін жоғары бағалаған. Жоғарыдағы сөзімізге арқау болып отырған екі деректі ғасырлар тоғысына салып қарасақ, қазақ заңдарының өміршеңдігі жыл санаудан бұрынғы дәуірден-ақ мемлекет қажетіне жарап, әр заманда өз сипатына қарай өркендеп, молығып отырған. Бұған дәлел – осы аталған заңдар ережесінің

XVIII ғасырдағы Әз Тәуке ханның Ұлы үш кеменгер — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бимен ынтымақтаса отырып жазған «Жеті жарғыдағы» құқықтық өлшемдермен мағыналас, мәндес келуі — халқымыздың өз ұлтына тән заң Жарғылары әлімсақтан үзілмей келе жатқанын танытады.

Көне түркі мемлекеті ыдырағаннан кейінгі қазіргі қазақ жерінде құрылып, ірілі-ұсақты мемлекеттер құрамына енген халқымыз барынша өзінің ата-дәстүр, әдет-ғұрып, заң-жарғыларын сақтай отырып, өзге елдің құқықтық заңдарын да қоғамдық мүддеге жарата білді. Мәселен, Түргеш, Қарлық, Қарахан мемлекеттері билік жүргізген VII, IX, X ғасырларда ислам дінінен енген шарифат заңдары қазақ әдет-ғұрыптарындағы құқықтық заңдардың құрамдас бір бөлігі болып қалыптасқан. Соның айқын дәлелі ретінде сол кездегі халқымызға тән салттық жарғылардың кемелденуіне өз заманында айтарлықтай үлес қосқан Қорқыт Қарақожаұлының мемлекет атынан шығарған заң жобаларының орны ерекше.

Көне жәдігерлер «Оғызнама», «Китабу дәдәм Қорқыт» деген тарихи кітаптардағы аңыздық желілерге құрылған әңгімелерде түркі тектес халықтардың данышпан бабасы саналған Қорқыт Қарақожаұлының салттық жарғылары туралы салмақты ойлар айтылған. Қорқыт бабамыздың 195 жыл ғұмыр кешкенін, «абыз ата» атанып дүниеден өткенін IX—X ғасырлардағы тарихи құжаттар теріске шығармайды. Ол осы ұзақ өмірінде қазіргі қазақ жеріндегі Жетісу, Ұлытау, Ертіс өңірлерінде хандық құрған Инал, Көлеркен, Қаңлықожа деген үш ханға бас уәзір болған аса ірі қоғам қайраткері, Қорқыттай кеменгердің даналық ойынан туындаған салттық жарғылар ел билігінің барлық саласын қамтыған. Бірақ сол асыл мұрадан иненің жасуындай бізге жеткені: «Атамекенді жерұйық деп білу, оны жаудан қорғау, жер-суды белгілі

тәртіппен пайдалану, дау-жанжалды ақылмен шешу, кінәліні жазасыз қалдырмау» сияқты заңдар үлгісінің үзінділері ғана.

Түркілер дәуірінен кейін қазақ жерінде бірнеше ұсақ хандықтарға бөлінген ұлыстардың басын біріктіріп үлкен империя құрған Шыңғысханның қағандық дәуірінде көшпелі елдердің айдарынан жел есіп, өзге отырықшы елдерден мерейі үстем түскен XII–XIII ғасырлардың он бойына ой жүгіртсек, қазақ сотына тән құқықтық заңдардың бұрынғыдан да кемелдене түскенін аңғарамыз.

Қазақта билік туралы айтқанда «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген аталы сөз еске түседі. Бір ғажабы осы Майқы би мен Шыңғысханның есімі тең аталып, мемлекет басқаруда бірінің ісін бірі толықтырып тұратыны – тарихи тұрғыдан бірнеше рет дәлелденген нәрсе. Сонда мұның астарында қандай сыр бар?!

Шыңғысхан дәуіріндегі «Семсерлер ғасырын» әскери күштің айбындылығымен өлшеп қарасақ, жүздеген жылдар бойы әлемдегі талай іргелі мемлекеттерге билік жүргізгенде, даңқты қаған, басқа елдерді өзі құрған көшпелі қоғамдық құрылыстың заңдылық ережелеріне бағындырып, әскери феодалдық жарғылардың дәрегейінде ұстағанын кез келген тарихшы теріске шығармайды. Сонымен қатар, Шыңғысхан құрған Ұлы империяның құрамына енген көшпелі тайпалар өз еркімен оның қағандығын мойындап, бұрыннан калыптасқан ел басқару ісін, дәстүр-салтын, заң жарғысын баяғы қалпынша сақтап қалды. Оған мысал: көшпелі қоғамға тән әдет-ғұрыптағы құқықтық заңдардың қазақ ұлысындағы рутайпаларда «қаймағын бұзбай» бертінге дейін сақталып, одан сайын өміршең бола түсуі. Басқа емес, Майқы бидей дана, көреген, «түгел сөздің түбіне» жеткен ақылгөй бабамыздың басқа емес Шыңғысханға бас уәзір болуы – қазақ халқы үшін үлкен олжа. Дәлірек айтқанда Майқы би тек қана шешендік сөздің майталманы, білгір би ғана

емес. Ол — сол дәуірдегі түркі тілдес Қазақ, Қарақалпақ, Қырғыз, Өзбек, Түрікпен, Татар халықтарының мемлекеттік басқару ісіне өлшеусіз үлес қосқан қоғам қайраткері. Майқы би мемлекет атынан шыққан тәртіп-ереже, салт-сана, заңдылық құқықтарын Ұлы империя атынан бірізділікке түсіріп, сол бойынша заңдылық ережелерін қалыптастырып, жарлық шығарған мемлекет қайраткері, әрі оның бас биі болған данагөй.

Бұл уақытқа дейін Майқы би туралы құнды-құнды пікірлер айтқан ғалымдардың көбісі «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген мәтел сөздің аясынан асып, татымды ой қозғай қойған жоқ. Оған себеп Шыңғысхан құрған мемлекетті қанқұйлы, жауыз етіп көрсеткен теріс саясаттың әсері болса керек. Ендігі жерде Шыңғысханнан да, Майқы биден де іргені аулақ салмай, қайта терең тұрғыдан зерттеу қажет. Мәселен, көп ғалымдар «Жеті жарғы» заңдар ережесін қазақ мемлекетінің алғаш жасалған кодексі деген оймен шектеліп жүр. Менінше, көне мұрағаттарда жиналмай жатқан тың деректердің басын қосып, бір жүйеге түсірсе, қазақ мемлекетінің нағыз «Жеті жарғысы» Майқы биден бастау алатынын анықтауға әбден болады. Оған дәлел — Майқы би шығарған Жарғының да бас-аяғы жеті баппен бітеді. Оның ереже үлгісі, мазмұн-мағынасы да «Жеті жарғыдан» алыс кетпейді. Енді осы айтылған деректерді растау үшін әлемге кеңінен танылған әйгілі тарихшы Рашид ад-Диннің «Жами ат-Тауарих» атты еңбегінде Шыңғысхан қағандығы жайлы және монғолдың құпия шежіресі «Алтын топшыдағы» Майқы би түзген жеті түрлі жарлықтың бір сөзін бұзбай келтірейін.

**1.Адам құны туралы.** Ол былайша ережеленіп түзілген.

«Соғыста өлгендерге (әр екі жаққа да) құн төленбейді. Майданда өлген ерлерге 100 бесті төлеу күшінен қалдырылады. Құн төлеу жеңілдетіледі. Қанға қан алу күшін жояды, басқа жолдармен құн

немесе айып салынады. Ежелгі төре, бай, бектер үшін қос күн (жай адамның екі есе күны) төлеу де күшін жояды. Кім қаншалық зақым алса, қарсы жақ соншалық төлем немесе айып төлейді», – деп адам күқына, оның азаматтық тұлғасына жете мән беріліп, бұрыннан келе жатқан қатал да тұрпайы заңдылықтарды реформалау нышаны әбден аңғарылады.

**2. Жесірлер мен неке туралы.** Бұл жөнінде Майқы би жарғысында демократиялық принципке негізделген адамгершілік пен әлеуметтік ауаны кең ережелер қалыптасқаны аңғарылады. Атап айтқанда:

«Неке бұзғандарға (ерлерге) қырық дүре соғылады». Сондай-ақ некесі бұзылғандарға олармен өштігі жоқ, есі дұрыс, он екі мүшесі сау үш адам (ең кемінде) көріп, куәлік етуі шарт. Ал неке бұзды деп әлде біреуді қорлаушылар болса (жала жапса), оларға да қырық дүре соғылады. Ерінің көзіне шөп салған әйел талақ етіледі. Ер-әйел арасында жай мажыра болса, мүмкіндігінше татуласуға шақыру керек. Ер болсын, әйел болсын бей-берекет неке бұзуға әуестенбеу керек деген күқықтық заң ережелерін қалдырған.

**3. Жер иелігі мен жер бөлісі туралы.** Мұндағы жарғылық заңдардың бастысы деп мына мазмұндағы ережелерді атап өтуге болады. «Кім бұрын иеленіп еңбек етсе, жер соныкі болады. Жердің шөбі, суы, қыс пен жаздағы қолайлы-қолайсыздығына қарай жер бағасын белгілеп, жер ақысын тұрақты төлеу керек. Ал жер шекаралары ұлы таулар қыраты, үлкен өзендер арқылы немесе жердің өзге көрнекті бедерлері тәрізді жұртқа анық жерлермен белгіленуі шарт», – деген көшпелі қоғамның өзіне тән жарғы баптарын кездестіреміз.

**4. Ұрлық туралы.** Майқы би шығарған заң-жарғыда ұрлық істер бұдан бұрынғы көшпелі қоғамдағы қолданылып келген қатал заңдарды жұмсарта түскен. Мәселен: «...бұрынғы ережелердегі секілді ұрлық

істегендердің қол-аяғын сындырып, кесіп, жантүршігерлік азапқа салатын түзім күшін жояды. Ұрының ісіне қарай айып тағылып, төлем қайтарту күшейтілді. Егер тартып-тонап алушы болса, еселеп төлем қайтарумен қоса, қырық мәрте дүре соғу керек», – делінген.

**5. Барымта туралы.** Бұл жөнінде де оп-оңды заң-жарғылар қалған. «Барымтаның өтеген ісі жөн болса, соның өзінде келісімге келіп (екі жақты) реттеу керек, жөнге салу ләзім. Егер әлдекім өтірік айтып барымта алса, оны ұрлық-тонау ретінде билік айтып шешім ету керек», – деп барымтаның себеп-салдарын билік тұрғысынан терең талдауды меңзейді.

**6. Дау-шарлар туралы.** Майқы би өз заманындағы билік істеріне куәлік етушілер мен талапкер, даугерлерге де әділдіктен айнымаудың сара жолын көрсетіп берген. Жоғарыдағы: «Әр түрлі дау-шараларды анықтағанда, оған билік айтқанда, кесім жасағанда, талапкер мен даугерді, қуынушыларды беттестіріп куәлік айттыру керек. Бұрынғыдай өтірік айтқанның тілін кесетін, өтірік көрдім десе көзін ойып алатын жолсыз үкімдерді күшінен қалдыру шарт. Куәші өтірік айтса, жазаланатын болсын», – деген түзілімдерден билік ісіндегі жауап берушілердің мемлекеттік заң алдында бәрі бірдей әділ болуын талап еткені аңғарылады.

**7. Мал құны туралы.** Шыңғысхан дәуіріндегі көшпелі қоғамның мықты тірегі – мыңғырған мал екеніне назар аударсақ, жарғыда мал-мүлік туралы да кеңінен айтылған.

«Майталман жорға, қараүзген бәйге аттардың құны – жүз қой; атан, нар түйелердің құны – жиырма бес қой. Тоққара мен атан өгіздің нарқы он қой болса, бір бесті аттың құны сегіз қой болып белгіленеді<sup>1</sup>», – деп кесімді бағалары қойылған.

---

<sup>1</sup> Жоғарғы Сот жаршысы. 1966, № 1.

Бұл қазақ халқының жеке ұлт болып қалыптасар алдындағы өмірге келген, бас-аяғы түгел бірден-бір заң жарғысы. Дәл осы Майқы би құрған құқықтық заңдар ережесін шетпұшпақтап зерттеген кейбір зерттеушілердің әйгілі «Жеті жарғы», одан бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы» деген заңдар жүйесін Шыңғысханның әскери-жасақ заңдарынан алынған деген пікірмен ұштастыруы осындай негізден туса керек.

Шыңғысхан құрған Ұлы империя өзінен кейін қатарына 300 жыл Еуразияның апай төс даласында қаһарлы да пәрменді мемлекет ісін табандылықпен жүргізе білді. Бұған мирасқор болған Бату хан Алтын Орда хандығын әлемге барынша даңқты етіп, ел басқарудың заң жобаларын айбындылықпен жүргізгені баршаға мәлім.

Осы орайдан алып қарағанда ежелгі қазақ заңдары мен сот билігінің әлемге кеңінен танылған тұсы – осы Бату хан құрған Алтын Орда мемлекетімен тығыз байланысты. Өйткені сол замандағы қазақ ұлысы Алтын Орда мемлекетінің негізгі құрамында болған. Мемлекеттік билік есебінде берілген хан жарлықтарын қазақ ұлыстары да ел басқаруға пәрменділікпен қолданып келді. Мұны сол кезеңнен бізге жеткен архивтік құжаттар мейлінше растай түседі.

Өзінің мемлекеттік ел басқару ісімен кеңінен танылған Токтамыс, Темір, Құтлығ, Ибрагим, Сахип Герей, Ұлық Мұхамед, Махмұд хан, Хажы Герей, Ахмет ханның Стамбул, Киев, Қазан, Санкт-Петербург, Москва қалаларындағы мұражайлар мен мемлекеттік архивтерде осы уақытқа дейін сақталып келген Жарлықтар мен биліктердің қазақша аудармасы 1996 жылы «Әділет Министрлігінің хабаршысы» журналында жарияланған еді. Бұл жарлықтардағы, әсіресе Токтамыс ханның тікелей бұйрығымен 1392–1393 жылдары мемлекет атынан жазылған бірінші, екінші Жарлықтары өте маңызды.

Сонымен қатар 1453 жылы 7 наурызда Хажы Герейдің Хакім Иахияға жазған тархандық Жарлығының түпнұскасынан алынған қазақша аудармасына заңдылық тұрғыдан зер сала қараған адам әр сөз, сөйлемдерден «заң нормаларына тән ереже» баптарды бірден аңғарады. Токтамыс хан мен Хажы Герей хан жарлықтарының тұтас мәтініне зер салыңыз.

### Токтамыс ханның бірінші жарлығы

«Менің (Токтамыс) сөзім

Ұлы орынға отырғанның жөнін білдіріп, Құтлубұға Асан бастаған елшілер жіберген едік. Сен де елшілеріңді жіберген едің. Бұрнағы жылы Бекболат, Қожамедін бастаған бірнеше ұландар, Бекіш, Тұрдышақ-берді, Дәуіт бастаған бектер Едіге деген кісіні Темірге астыртын жіберген екен, ол тіл (хабар) алып келген еді. Олардың арам ниетпен хабар жіберіп, ілгері



Токтамыс ханның көне ұйғыр жазуымен жазылған Жарлығы.

жасырын жетіп келгенін сезіп, жиылып соғыспақшы болып тұрғанда, ол арам ниетті кісілер бұрын қозғау салып, әрекет жасағандықтан ел қарсы көтеріліп, бұл істің жөні осылай болған еді. Тәңірі бізді жарылқап, дұшпандық қылған Бекболат, Қожамедін, Бекіш, Тұрдышақ-берді, Дәуіт бастаған ұландар мен бектерді мұқалтты. Енді осының жөнін білдіріп, Асан, Тұлы-Қожа бастаған елшілерді жібердік. Енді тағы болса, бізге қарасты елдердің шығындарын (салық) жинап, барған елшілерге беріңіздер, қазынаға жеткізсін. Және бұрынғы жөн-жосық бойынша базаршы серіктестердің (саудагерлер бірлестігін басқарушы адамдардың) тағы жүрсін. Ұлы ұлыстың қалпында сақталып қалауына тағы жақсы сай болсын деп, алтын нышанды Жарлық ұсындық (яғни таңбасы алтын). Тауық жылы, тарихтың жеті жүз тоқсан бесінде, ережеп айының сегіз жаңасында, Орда Донда тұрғанда жазылған».

### **Токтамыс ханның екінші жарлығы**

«Аллаға беріліп, оның игі ісі мен қайырым-рақымына үміт артамын. Менің (Токтамыс) сөзім Қырым өлкесінің Құтлу-бұға басшылық ететін ел билеуші бектеріне, қазы, муфтиларына, мекеме хатшыларына, баж алымын жинаушы таразшыларына, әскери төре, алым-салық жинаушыларына, неше алуан тамаша құрметті адамдарына, баршаға.

Бұл Жарлықты ұстаушы Бек-қажыға қарасты елінің бәрі біздің сый көрсетіп, жарылқаған адамдарымыз болып, Сутқұл елінен жыл сайын неше түрлі шығар шығасысын (салығын) үстеме өсімімен бәрін алмауға берілді. Бүгіннен бастап Сутқұлға жан салығын салмасын, ылау, ас-су тілемесін, қамба ақы, егін ақы, ақшалай қаржы тілемесін, өлкеден еркін болып (бағынышты болмай), Қырымның ішінде, сыртында қонымдарда Сутқұлға бағынышты кісілерін кім бол-

са да (ешкім) тимесін. Баршасы бір жерге бірлесіп шығар шығындарын (алым-салықтарын) ұқыпсыздық қылмай, камқорлық көрсетіп, жәрдем ету үшін пайдалы тархан Жарлығы жазылды. Бек-қажыға шын ынта (ықылас) білдіріп, баршаларыңыз мүлтіксіз күш көмек көрсетініздер деп Темір-Болат бұлай дегеннен кейін өлке салығын, жеке салықты салғанда, қысым көрсетіп зәбір шектіргендер қорқатын болар, әрине. Бірақ Бек-қажы сый көрсетіп жарылқаған адаммын деп аянышты (бишара) жарлыларға күш көрсететін болсақ, саған да игі іс (жақсылық) болмайды деп, ұстай тұру үшін алқызыл таңбалы Жарлық берілді. Орда Дон Ортатөбеде қырда тұрған-ды. Тоқсан төртінші жылы, мешін жылы, зұльхаад айының жиырма төртінде жазылды»,<sup>1</sup> — деп көрсетілген.

Жоғарыдағы Токтамыс ханның Жарлығы Алтын Орда мемлекетімен Одактас болған Польша мемлекетінің князі Ягайлоға жолданған аса маңызды құжат. Жарлықтың мәтініне, мазмұнына зер сала қарасаңыз өз заманына лайықты сөз саптау, елшілікке тән сыпайыгершілік, әдет-ғұрып, империялық билеуге тән үстемдік әр сөздің астарынан анық аңғарылып тұр емес пе?

Алтын Орда хандарының бұдан басқа жарлықтарында сол кездегі мемлекеттің құрылым жүйесіне арналған ел билеу, шаруашылық жүргізу, сауда-саттық, диканшылық, мал-мүлік айырбасы, одан ұсталатын салық, оны жинаудың мемлекет белгілеген өлшем жүйесін заң талаптарына сай қолданғанын Хажы Герей ханның мына Жарлығынан көруге болады.

Мұндағы цифрлар әр жолдың белгісі. (1), (2), (3) арабша сөздер қазақшаланбаған. (4) Хажы Герей сөзім (5) О, ұлы ұлыстың түмен мың жүз он (6) ұландары, бектеріне және Қырым түменін (7) билеген Емінек бастаған даруға бектеріне (8), тағы Қырық Ердің Шаһмардан бастаған даруға бектеріне, (9) Ха-

<sup>1</sup> Әділет Министрлігінің хабаршысы. 1996, № 2, 45–46-б.

лил бастаған жүз бектеріне, сағадат ұлықтарына (?), (10) муфти мударистеріне, қазы мухтасибтеріне, атақты сопыларына, (11) диван хатшыларына, биік таңбашы дәрежеде тұрған Ахмед-Хожа (12) Хажіке бастаған таңбашы, таразшыларына, тағы қырық жеті жердің (13) Тәңірі Берді бастаған таңбашы таразшыларына (14), айбаршыларына, йафтачы, жасақшыларына, жер иелеріне, (15) өскери төрелеріне, алым-салық жинаушыларына, қақпа қараушылдарына, жол жүру (16) салығы деп, жем-шөп ақысы деп, қара мал санының (17) салығы деп, қара малды түнету ақысы деп, қажетті қызмет қылып, не болса да (18) тілемесін алмасын, (20) аттарын, көліктерін ылау етіп ұстамасын. Бір нәрсені сатса және (21) алса, тауар, қара мал, жылқы, күл, әйелдерді сатса және алса, қаржы-қаражат, таңба ақы (22), таразы ақы алмасын тағы тұз арбалары, астық, өздерінің арбашылары Қырымға, (23) Кафаға барса арбаларынан таңба ақы, таразы ақы алмасын. Қақпашылық деп, (24) қарақұлдық деп тимесін, апаттан сақтау амалдарымыз деп, (25) қақпа қаржысы деп, жайлау ақысы деп тілемесін алмасын. Кім болса да (26) еш нәрсені зорлықпен тартып алмасын. Қай жақтан (27) болса да күштеу, басыну, азап, әбігерлік, залымдық қылмасын. Сыртта (28) атпен, іште (көліксіз) жүріп сауда-саттық қылып, сатып алып жүрген елші, жолаушыларына келген, кеткен жолаушы (29) жортуылшыларына, күсшы, аңшыларына, кемеші, көпірші ... (30) қайықшыларына, ішкі кенттердің құрметті ағаларына (31), тысқы ауыл қонысының қарттарына, неше түрлі амал, (32) жұмыспен жүрген кісілерге, көп елдерге, көп (33) кісілерге – баршаға бұл Жарлықты ұстап (34) тұрған Ен... Махмудұлы Хакім Иахиаға сый көрсетілген (35) тархан болсын дедік. Қайда қаласа, барсын (36), қайда қаласа, жүрсін. Бұл күннен бастап алым-салық (37) алмасын, жан салығын салмасын, алмасын, қолуш қолқа (38) тілемесін, әскер үшін деп әбігер

көрсетпесін. Қайда болса да, (39) егінін жинап алса, хазір анбар деп, құрт анбары (40) деп еш нәрсе тілемесін, алмасын. Жерге төлеген ақына мойындаған (41) пенде Қырық Ерде және Қырымда, Кафада және Керчте және Таманда және Кабада (42) және Қыпшақта, менің үкімім жеткен жерде кім болса да бұл үкім бойынша Иахиадан (43) таңба ақы, таразы ақы деп қаржы-қаражат тілемесін, алмасын дедік. Еркін жүріп, (44) тыныштықпен отырып, күні жар болған тірлігін қылып, біздің ұлық-ұлықтарымызда (45) ертелі-кеш бес уақыт намазда дұға және алғыс (46) айта жүрсін дедік. Тағы жоғарыдағы ұлы істеріне қарап, неше түрлі (47) сөзі болса, өтіне тұрсын дедік. Тағы бұлайша тұрғаннан соң Жарлықты (48) негізге алмай, бұл тархан қылған Хакім Иахиаға күштеу, басыну, әбігерлік, азап, (49) залымдық жасаған кісілерге жақсылық болмайды, қорқатын болар (50) деп, ұстай тұруға алтын нышанды, қызыл таңбалы Жарлық бердік. Тарих (51) тауық жылы сегіз жүз елу жетіде мубарак сапар айының (52) жиырма алтыншы күні Орда Қырық Ерде тұрғанда, Сарайда жазылды (53). Қозы ал-қозат маулана Садыр Жаһанның өтініші бойынша Әли Бахшы жазды»<sup>1</sup>, – деп «алтын нышанды, алқызыл таңбалы жарлық» берілгенін айтады. Яғни бұл «таңба» мемлекеттік биік дәрежені көрсететін мөр екенін аңғартады. Атаяған жарлықтың әрбір жолы заң кодексінің тиісті баптарынан кем емес. Оған қоса осы Алтын Орда дәуіріндегі хан жарлықтарын Ресей патшалығы 1850 жылдарға дейін ел ішіндегі дау-дамай, жер бөлісі, салық жүйесіне мемлекет атынан арнайы қолданып келген.

Алтын нышанды, алқызыл таңбалы жарлықтар ол заманда ең жоғарғы мемлекеттік дәрежеге лайықты

---

<sup>1</sup> Әділет Министрлігінің хабаршысы. 1996, № 4, 55–56-б.

адамдарға ғана берілген екен. Жоғарғыдағы жарлықтарды қазіргі кездегі заң кодекстерімен салыстырсақ, оның пәрменділігі ешқандай да кем емес екені анық байқалады. Осы хан Жарлықтарын біршама зерттеген ғалым А. Ибатов Алтын Орда хандары қолданған Жарлықтарды Ресей мемлекеті ХІХ ғасырдың 50-жылдары дворяндық жер иеленушілер мен мемлекеттік салық жинау, бөлу мәселесіне пайдаланып келгенін анықтаған.

Тағы бір ерекше атап айтар нәрсе – Алтын Орда хандары қолданған Жарлықтағы «Тархан», «Сүргелі» деген терминдік сөздердің маңызы зор, атак-дәрежесі күдіретті болған. Өйткені «Тархандық» лауазым «кез келген бекзадаға» беріле бермеген. Ал «Сүргелі» деген сөз кең ұғымда, әкімшілік, сот жүйесінде қызмет атқарған қазы-қазилерге, билерге, салық жүйесіне басшылық жасаған лауазым иелеріне ғана қолданылған. Бұл деректі Алтын Орданың 1467–1474 жылдары тағында отырған Ибрагим ханның жарлығымен тұжырымдасақ.

«Менің сүргелі (құрмет көрсету, үлес беру) сөзім (1) Құдайдың ризалығы үшін, алланың елшісі Мұхаммедтің шафағаты (жақтауы, сүйеуі) үшін бұл өгсүз үл (2) тұл қатынды азат тархан болсын дедік. Бұл азат етіп жіберген кісілердің аты: (басшысы) (3) Гүлбостан қатын, ұлы Мұхаммед Әзіз хан нәсілі шах нәсілді Жанке сұлтан. Осы атты кісілер азат етіп (4) жіберілді. Тағы Хошкелді атты қызметші малайы бірге болсын дедік және тағы Мұхаммед Әли Мұхаммед Әзіздің (5) иесі үлес етіп бөліп берген бұл екі тамға орманын бөліп, ел ағаларымен бірге хан ордасында бөліп бердік. Бұлардан басқа кісілер ормандарымен жүрсін. Егін егіп, сабан айдаса, хазыр-анбар (салықтың бір түрі) (7) алмасын. Бұларға күшпен қонақ қондырмасын, тархан мен елшілер лау мен мініс аттарын (көлік) алмасын. (8) Қай жақтан болсын да тигізбесін деп, бұл Хайдар Әли Сұлтанның азат еткен (9) Гүлбостан қатын, Мұхаммед Әли Әзіз хан нәсілі шах нәсілді Жанке Сұлтан, тағы Хошкелді атты

малайы (10) бұл кісілер ұстайтын нышанды Жарлық берілді. Тарихтың сегіз жүзінде рамазан айының басында жазылды. (11)Хажы Құрбан Хафиз жазды», — делінген.

Түп-тура қазіргі сот қаулыларының қорытынды бөлігіндей әп-әдемі жинақы тілмен жазылған бұл жарлықтан «тұл басы азат етілген» Гүлбостан катынның әлеуметтік некесі дұрыс шешім тапқанын бірден байқайсыз. Тіпті «сүргелі» деген сөз «сот үкімі» деген терминдік сөздің көне баламасы ма деп те қаласын.

Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда орта ғасырдағы Түркі тектес халықтар мен ұлыстардың, олардан қалған хандық жүйе, әскери одақ, мемлекеттік басқару мен заң-жарғы, ереже-баптарды ғылыми тұрғыдан терең зерттеп, қазақ сотының тарихына қосудың тәлімі зор.

Қазақ хандығының қалыптасып өркен жайған дәуірін, жеке мемлекет екенін мойындап дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан Орта Азиядағы Шайбани, Қырым, Астрахан, Қазан, Сібір хандықтары туралы еларалық жазбалар мен Шығыс Азиядағы Иран, Ирак, Араб, Мысыр, Қытай елдерінен табылып отырған дерекнамаларда Қазақ хандығын (1465 жылы құрылған) қуатты мемлекет есебінде танып білуі жөнінде мол мағлұматтар бар. Әсіресе, өзге емес, өз ұлтымыздың төл перзенті, бұған дейін тоталитарлық қыспақтан жарық көре алмай келген Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» деген аса құнды тарихи-ғылыми еңбегіндегі (1467 жылы жазылған) құқықтық әдет-ғұрыптарда некелік заңдарға байланысты мынандай деректер кездеседі.

«Ақорда ханы Жәнібек әздің жарлығында» тұрақсыз неке, жат қылықтарды тыю керектігін айта келіп, мұндай ерсілік іс жұртшылықты бұзатынын, алаш ұранды қазақ бұқарасының алдымен өздерін, кейін келер ұрпақтарын әлжуаз, кемтар ететінін ескертіп, «мінсіз бітістік болмағаны үшін» жарғы шығарады.

«Жат төсектік, жаман қылық шықса қара сиырға

теріс мінгізіліп елден аластау керек, жұрт жат қылықтан осылай арылсын» дейді. Соны айта келеді де:

«Жеті атаға толмай қыз алысу бүгіннен бастап болмауы шарт», – дейді. «Егер олай болса, болғанына көз жетсе, жұбайлардың бастары тең қылышталмақ», – деп қатаң ескерткен. Оған қоса жөнсіз беттен сүю, бір ыдыстың ернеуімен бірнеше адамның қайыра-қайыра ас ішуі де неше алуан ауру тудыратынын айтып, оған да тыйым салдырады. Бір өкініштісі, «Ақорда ханы Жәнібек әздің жарлығының» отыз беттік басқа бір үлгісі із-түзсіз жоғалып кеткен.

Әз Жәнібек те, Жиренше шешен де аңыз кейіпкерлері емес, таза тарихи тұлғалар. Шу өзені мен Қозыбасы тауы аралығында Қазақ хандығын құрған мемлекеттің бірі – ханы, екіншісі – уәзірі. Сондықтан мұндай тарихи құнды деректер мемлекетіміздің заң жүйесіне, сот ісінің ежелгі үлгісіне ерекше мәнзеу жасайды.

Қазақ хандығының кемелденген тұсы – «Қасқа жолды» Қасым ханның мемлекет басқарған кезеңі (1511–1523 жылдар аралығы). Ол – өзінің хандық билігі кезінде саяси дипломатияда, мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатта және әскери соғыс ісінде зор табысқа жеткен ең көрнекті мемлекет қайраткері. Тарихымызда, әсіресе, қазақ сотының билер ережесінде «Қасым ханның қасқа жолы» деп ерекше аталуы да осындай өресі биік дара тұлға екенін танытады. Қасым хан ішкі-сыртқы саяси жағдайды, халық бұқарасы мен билер сотының іс жүргізу байыбын қарап, ежелден келе жатқан әдет-ғұрып, ереже-тәртіпке елеулі өзгерістер енгізді. Оны сол замандағы елге әйгілі билер кеңесіне салып, «Жарғы заңын» мақұлдатты. Қасым хан исламның «Шариғат заңын» қазақ сотының билер ережесіне енгізбеген, жаңашыл бағыт ұстанған. «Қасым ханның қасқа жолы» делінуі де сондықтан. Мұндағы басты-басты деген бес қағида-ережені алып қаралық:

1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері).

2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал тонау, ұрлық қылмыстарына жаза).

3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат).

4. Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік).

5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бөкеуіл, тұтқауылдардың міндеті)<sup>1</sup>.

Құр тақырып атауынан басқа ереже баптары қалмаған бұл заңдардың әр сөзіне байыппен ой жүгіртсек, мемлекеттік маңызы зор, толыққанды жарғы үлгісі болғанын байқаймыз.

Осы бес түзілімнен тұрған жарғыны Қазақстан Республикасының сот құрылымындағы іс жүргізу институттарының атқарып отырған міндеттерімен салыстыра қарасақ, бір-бірінен алшақ кетпейді. Мәселен, қылмыс заңын алайық. Мұндағы қамтылып отырған жаза түрлері қылмыстық алқа қарайтын істер мен жаза түрлеріне, осы алқа қарайтын сот істерінің жүйесіне дәл келіп тұр.

Мүлік заңы мен жұртшылық заңы өзінің тақырыбынан-ақ азаматтық істер мен шаруашылық істеріне тән дау-жанжал, азаматтық ар-ождан, ел бірлігі, халық дәулетін еселеу сияқты нағыз қоғамдық тәртіп, тәрбиеге сүйеніп заң жарлықтарын, іс қарайтын баптарын түзгені әбден аңғарылады.

Әскери заңның құрамына енген жарлық-жарғылар да қазіргі әскери істер жөніндегі сот алқасының атқарып жүрген міндеттерінен онша алыс кетпейді. Отан қорғау, оның жауынгер ұлы болып, елдің шетін, тұтастығын көздің қарашығындай сақтау – адал борыш, азаматтық парыз екенін танытады. Оны орын-

---

<sup>1</sup> Н. Мынжан. Казактың қысқаша тарихы. А., 1994. 318-б.

дамау – ер азаматтың абырой-беделіне түскен үлкен кінә, опасыздық деп түсіндірілген.

«Қасым ханның қасқа жолы» заң жарғысындағы ерекше көзге түсіп тұрған ереже – елшілік жоралары. Бұл Қасым ханның өзге мемлекет қайраткерлерінен оқ бойы озық, терең ойлы ел билеуші екенін танытады. Оның халықаралық қатынастарда елшілердің ерекше рөл атқаратынын, алғыр ой, шешендік сөз, сыпайыгершілік пен әдептіліктің ел мен елдің арасында ерекше маңызға ие екенін сұңғылалықпен түсіне білгенін жоғары бағалау керек. Қазақтың «Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деген халық мәтелінде осындай өрелі істің ой орамы жатыр емес пе!? Мұндай елшілікке тән ереже-баптың халықаралық дәрежеде өркен жаюы – біздің халық үшін ерекше мәртебе деп есептеген жөн.

Ал «Есім ханның ескі жолы» деген ауыздан-ауызға көшіп бізге жеткен мәтел – қағидаға айналып кеткен азын-аулақ ереже қалдығы ғана. Мұндағы «Қасқа жолға» қосылған жаңа ереже түзілімі: «Хан болсын, ханға лайық заң болсын; Би болсын, би түсетін үй болсын; Абыз болсын, абыз сайлау парыз болсын; Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын», – деген хандық құрылым жүйедегі саяси-әкімшілік, әскери, рухани және сот істерін жөнге салып отыратын басты-басты төртке бөлінген төрт тірек екенін танытады. Мұны қазіргі сот алқаларының мәжілісіндегі іс қарау ауқымымен шендестірсек, еш айыбы жоқ.

Қазақ сотының тарихын талдап көрсеткенде XVII ғасырдың соңында қазақ мемлекетінің саяси құрылымында, басқару жүйесінде Әз Тәуке хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би «Күлтөбенің басында күнде кеңес» құрып ұлттық мүддеге үйлесетін жаңаша заңдар ережесі – әйгілі «Жеті жарғыны» өмірге әкелді.

«Жеті жарғы» – халық жадына терең сіңген, ұлттық дәстүр-салтымызбен біте қайнасқан шоқтығы биік заңдар ережесі. Өйткені Есім хан тұсынан басталған

ойрат-жоңғарлардың қазақ жерінің шұрайлы коньытарын басып алуы, ірі феодалдар иемденген мал жайылымдарының тарылып кетуі қазақ қоғамындағы бұрыннан қолданылып келе жатқан бес түрлі заңдарға қосымша тарау енгізуге себепкер болған. Шөбі шүйгін, қойнауы құт күйқалы өрістерге талас-тартыстың барған сайын жиілей түсуі, оның соңы кісі өлімімен аяқталуы – мемлекеттік тұрғыдан билік айтатын билер үшін жаңаша заңдар үлгісін өмірге әкелу қажеттігін туғызды. Қасым хан мен Есім хан тұсынан келе жатқан заңдар ережесін ой-сарабынан өткізген Әз Тәуке хан үш жүздің ұлы билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің кемел ойлап, кең пішкен даналық ой жемісінің арқасында ежелден өзге заңдармен тең қаралып келе жатқан жер дауын мүлік заңынан бөліп алып, жеке ереже ретінде билік нормасына енгізді. Бұл негізінен алғанда феодалдық қоғамның мықтап дамыған тұсы болғандықтан «феодалдық мүддені қорғаған заң» ретінде тарихта қалды. Бұл заң феодалдық қондырғыға (базиске) қызмет атқарғандықтан сол қоғамдық меншікті қорғауға, оны нығайтуға қызмет етті.

Тәуке хан тұсында бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрып заңдарының нормалары өз заманына сай қайта жасалынып, кемелдене түсті. Әсіресе билер сотының тәжірибесі, кесімді биліктер, шежірелік мәні бар шешендік сөздер үлгісі жинақталды. Бұған дейін ұсақ хандықтарға, сұлтандыққа бөлінген ұлыстарды біріктіріп, ауызбірлікті сақтаудың сара жолы көрсетіліп, оларды өзара ынтымақтастыруда сыртқы жауларға қарсы тұрудың ұйтқысын жасады. Сондай-ақ, әрбір руға билік жүргізген билер мен батырлардың саяси-экономикалық ролін арттырып, іргелі елдермен дипломатиялық және сауда қатынасын нығайтуға арналған заңдар мен жазба актілерді енгізді. Тақырыбы жағынан алғанда Тәуке хан кезіндегі құқық ережелерінің жеке салаларына: қылмыстық заң, отбасы, неке, шарифат ережелерін жатқызған жөн.

Кенестік дәуірге дейін қазақ қоғамындағы заңдар ережесін біршама зерттеген өз халқымыздың өкілі Х.Өскенбаев, өзге елдің өкілдері А.И.Левшин, Андре, Бәлюзик, Сперанский т.б. ғалымдардың еңбегінде «Жеті жарғы» туралы толымды ойлар айтылып, құнды пікірлер қалған. Әр жылдардағы қалам тартқан ғалымдардың бірлі-жарым зерттеу еңбектерінен іріктелініп алынған заңдар ережесі Ресей мемлекетінің мұрағат деректемелерінде «Тәуке хан заңдары» деген атпен мәлім болған. Сонымен, Тәуке хан заңдары бойынша қылмыс түріне қолданылатын жаза қылмыскердің істеген іс-әрекетіне сай қолданылған. Енді Тәуке хан заңдарының негізгі ережесі болып саналған мына 28 бапты талдай кетсек.

«Қазақ заңдарында жаза Еуропа тілінде «талион» деп аталатын принцип негізінде тағайындалып, жаза қылмыстық әрекетке сәйкес, яғни кісі өлтірген өлтіріледі, денеге зақым салғандардың денесіне сондай зақым келтіріледі деген қалыпқа лайықталып қолданылған.

Тәуке ханның заңдарына сәйкес қаза болған адамның туыстары өлтірушінің басын кесу хұқына ие.

Біреудің дене мүшелерінің біріне зақым келтірген адам дәл сондай зақым келтіру жолымен жазаланып отырған.

Алайда, сот жазаны жеңілдете алады. Ол үшін өлтірілген адамның туыстарының сондай жаза тағайындауға келісімі керек. Мұндай жағдайда қылмыскер зардап шеккен жаққа мал-мүлік беріп құтыла алады.

1. Өлтіру мен денеге зақым келтіру сияқты қылмыстық жазадан құтылуы үшін қылмыскердің жәбірленуші жаққа беретін мұндай мал-мүлкінің жалпы атауы – «құн» деп аталған.

2. «Құн» төлеу арқылы қылмыскер өз өмірін сақтап қала алады. Өлім үшін төленетін құн жазаның заттай баламасы болып табылады.



Билердің лауазымдық белгісі. 1869 жыл.



Арқа мен Жетісу өңірінің би-болыстары. Ортадағы Шоканның әкесі Шыңғыс Уәлиханов. Омбы. 1891 жыл.

Ақмола облысы  
Шу болыстығы  
болысының  
әйелімен  
түскен суреті.  
1913 жыл.



Арқанын би-болыстары. 1868 жыл.



Торғайлық би-болыс  
Ахметкерей Қосақов.



Верный уезі болыстық сотының мәжілісі. 1912 жыл.



Қазақтың аса көрнекті заңгер-  
ғалымы Ж. Ақбаев.



I, II Мемлекеттік Думаның мүшесі, Торғай облысының сот қызметкері  
А. Бірімжанов (оң жақтан екінші) пен оның көп жылдар би-болыс болған  
ағасы К. Бірімжанов орыс шенеуніктерімен бірге.

Күнның көлемі еркектер үшін 1000 (мың), әйелдер үшін 500 қой. Денеге, дене мүшелерінің біріне келтірген зақым үшін төленетін күн да бар. Біреудің бас бармағын сындырған қылмыскер күн ретінде жүз қой, кіші саусағын (шынашағын) сындырған қылмыскер отыз қой төлейді. Төрелер мен молдаларға қол көтергендер 27 қой, оларды ренжіткендер 9 қой айып төлеуге тиіс.

3. Күйеуін өлтірген әйел міндетті түрде өлім жазасына кесіледі. Күн төлеу арқылы құтыла алмайды. Егер күйеуінің туыстары кешірім жасаса ғана, күйеуін өлтірген екіқабат әйел өлім жазасына ұйғарылмайды. Алайда, ол жаман атқа ілініп, өмір бойы барша жұрттың көзіне жеккөрінішті болып өтеді.

4. Әйелін өлтірген еркек, әйелдің туыстары келіссе, күн беріп құтылады.

5. Балаларын өлтірген әке-шеше ешқандай жазаға тартылмайды.

6. Бірақ некесіз қатынас жолымен тапқан баласын өлтірген ана өлім жазасына кесіледі.

7. Өзін-өзі өлтірген адам қорымнан бөлек, басқа жерге жерленеді.


8. Ат үстінде келе жатқан адам екіқабат әйелді ұрып құлатқандықтан немесе оны атқа таптатқандықтан әйелдің іштегі баласы әлсіз немесе ауру болып туса, қылмыскер мынадай мөлшерде күн төлейді:

а) бала бес айлық болса – бір ат;

б) бала бес пен тоғыз ай арасында болса – бір түйе.

9. Қызды немесе әйелді зорлаған адам өлім жазасына лайық деп есептелінеді. Егер зорлыққа ұшыраған әйел болса, зорлықшының жазасы – өлім немесе күн төлеу. Ал қыз болса – қылмыскер тек қалың мал төлеп, сол қызға үйлену арқылы өлім жазасынан немесе күн төлеуден құтыла алады.

10. Көзіне шөп салған зайыбын қылмыс үстінде немесе куәлердің растауымен ұстап өлтірген еркек жазадан босатылады. Бұдан кейін де ол әйелмен зия



нақорлық қатынас жасап жүрген еркектің өлтірілуін талап ете алады. Бұл үшін әлгіндей қатынастың болғаны үзілді-кесілді дәлелденуі қажет. Егер төрт сенімді куәгер қылмыс жасағандардың күнәсіз екенін растаса, олар жазаға тартылмайды.

11. Егер әлдекім басқа біреудің әйелін ықтиярсыз алып қашса, өлім жазасына немесе соған тең күн төлеуге ұйғарылады. Ал егер әйелдің өзі келісімін беріп, ықтиярымен қашып кетсе, онда әлгі әйел алып қашқан адамға қалдырылады. Алып қашушы әйелдің бұрынғы күйеуіне қалың мал төлейді және оған қыз тауып беріп, қайтадан үйленуіне жәрдемдеседі. Әйелді ренжіткен (тіл тигізген) адам дереу одан кешірім сұрауы тиіс. Кешірім сұрамаған жағдайда заттай айып төлеуге мәжбүр болады.

12. Некелесуге болмайтын туысымен жыныстық қатынас жасаған адам өлім жазасына лайық деп саналады. Бұл жаза үй-ішінің ұйғарымымен басқа жаза түрімен алмастырылуы да мүмкін. Жалпы осы тәрізді әрекеттер үй-ішінің өзі шешетін қылмыстар қатарына жатады.

13. Тәңірге тіл тигізген адамды, егер мұны жеті куә растаса, тас лақтырып өлтіреді.

14. Христиан дініне кірген шоқындылардың және оның бүкіл туыстарының мал-мүлкі тәркіленеді.

15. Құл иеленуші құлдарына қандай жаза қолданамын десе де (өлтіруге дейін) ерікті, әрі оған шек қойылмайды. Құлдың өз иесінің үстінен жасаған шағымы ешқашан қаралмайды.

16. Ата-анасына тіл тигізген немесе қол жұмсаған ұл бала қара сиырға теріс мінгізіледі де, осы күйінде ауыл-ауылды аралата жүріп, оған қамшымен дүре соғылады. Ал жәбірлеуші қыз бала болса, қол-аяғы байланып, анасына тапсырылады. Анасы оған не істеймін десе де ерікті.

17. Ұрлық жасаушы ұрланған заттың құнын 17 есе артық етіп қайтаруға тиіс. Егер ұрлағаны түйе

болса, қайтармақшы түйелеріне қосымша бір күл беруге, ат болса, қосымшасына түйе беруге міндетті. Ұрлағаны қой болса, қосымшасына бір ат беруі керек (100 түйе 300 атқа немесе 1000 қойға тең).

18. Біреу бір уақытта әрі ұрлық жасап, әрі кісі өлтірсе, әр қылмысы үшін жеке-жеке жазаланады. Күйеуінің ұрлық жасағанын немесе әкесінің кісі өлтіргенін тиісті орындарға хабарламаған әйел мен балалары жауапқа тартылмайды (өйткені әйелдер мен балалардың отағасының үстінен шағым айтуына тыйым салынады).

19. Аңға салатын итті, құсты (бүркітті) өлтірген адамнан олардың иесі бір күл немесе бір күн беруді талап ете алады.

20. Егер әкесінен енші алған ұл өзі балалы болмай тұрып қайтыс болса, оның дүние-мүлкіне әкесі ие болады.

21. Қайтыс болған адамның кәмелетке жетпеген балаларына жақын туыстарының бірі қамқоршы болып тағайындалады. Жақын туысы болмаса, бөтен біреудің қамқорлыққа тағайындалуы мүмкін.

22. Өсиетнама туыстардың және молданың қатысуымен жасалады. Қайтыс болған адамның басқа кісілердегі қойлары төлдерімен қоса олардан қайтарылып алынады. Барымтамен алынған мал қайтарылмайды. Қолында қойы барлар қойларын жасырмай отырғанын антпен растауына болады...

23. Дауды шешуге ханның немесе хан тағайындаған әкімдердің (билердің) және ақсақалдардың хұқығы бар. Биге дауласушы екі жақтың сеніп тапсырған өкілдері шақырылады. Билердің бейтарап екендігі күмән туғызса, ол іс таратылады.

24. Егер жауапкер жақ бидің шақырғанына келмесе, яғни айыпкер тағайындаған айыптың заттай құнын төлеуден бас тартса, онда тағайындаған айыптың мөлшері қылмыскердің туыстарынан немесе ауылынан өндіріледі. Туыстары және ауылдастары

шығынды кейін қылмыскерден қайтарып өндіріп алу хұқығына ие.

25. Қылмыстың толық дәлелденуі үшін кемінде екі куә қажет. Кейбір дау-дамайға екеу емес, одан да көп куәнің керек болуы мүмкін.

Куәлар болмаған жағдайда ант беру талап етіледі. Бірақ дауласушыларға ант беруге рұқсат етілмейді. Олар үшін өзінің тазалығымен, адалдығымен халыққа танымал, белгілі адамдар ғана ант беруге тиіс. Жауапкер жақ үшін ешкім ант бергісі келмесе, дау оның пайдасына шешілмейді.

26. Әйелдер, малайлар, балалар және құлдар куә бола алмайды.

27. Дауға түскен нәрсенің құнының оннан бір бөлігі би мен өкілдерге беріледі.

28. Егер жаза үкім етілген жақ тиісті айыбын төлемесе, немесе сол ауылдың басшысы дау куушының шағымына құлақ аспай, өз тарапынан айыпкерді қорғай берсе, онда дау куушы өз ру басыларының келісімімен барымта жасау хұқығына ие болады. Алайда, барымта жолымен қолға түсірілген малының саны үкімде көрсетілген малдың санынан аспауы керек»<sup>1</sup>, – деген ереже баптарынан сол кездегі феодалдық қоғам құрылысындағы құқық заңдылықтары анық байқалып тұр. Бұл ережелерді дұрыс қолдану жөніндегі ұсыныс, ұйғарулар, билердің сот ісіндегі билік істері де нақты көрсетілген. Тәуке ханнан тамыр тартқан бұл заңдар ережесі кешегі Қазан төңкерісіне дейін келіп жеткенін ескерсек, «Жеті жарғы» заңдар ережесінің баптары үш ғасыр ұлт мүддесі үшін өмір сүргеніне әбден көз жете түседі.

---

<sup>1</sup> Жоғарғы Сот жаршысы. 1995, № 4, 22–24-б.

Реселі

и мнє рхасвїтнїтн

баднн

жонє ктәзәктә

баднн

Қазақ сотының тарихында ерекше орын алатын кезең – XVIII ғасырдың соңғы ширегі. Бұл уақытта қазақ ұлты орыс мемлекетінің боданына түсіп, өзінің жеке ел билеу құқығынан айырылған түс еді. Ел арасында билер сотымен қоса Ресей мемлекетінің заңдары да қазақ халқының қоғамдық жүйесіне ене бастады.

Ресей қазақ елін басқару жөніндегі жарлық, бұйрықтарында ұлтымызға тән ежелгі заң рәсімдерін бұзбай халық дәстүріне сай қолдануды көздеген. Орыс империясы әуелі қазақтың өзін-өзі билеуіне, заң орнына жүрген дәстүр-салтына ықыласпен қарауға ниеттес болды. Бұған мысал ретінде 1784 жылы Орынбор генерал-губернаторы А.И.Апухтин Кіші жүз даласына жаңа басқару жүйесін енгізгенде: «Қырғыздар (қазақ дегені) даласында шекаралық сот мекемесі енгізілсе, оның құрамына қырғыз өкілдері мен орыстар тең кіргізілсе, бұл бәріміз үшін әділетті болар еді» (Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты. А., 1994, 25-б.), – деген тарихи құжатты келтіреміз. Бұл сол кездегі әділ сот құрудың бірден-бір айғақты дәлелдері.

Осы негізбен 1786 жылдың 23 желтоқсаны күні II Екатерина Қырғыз (қазақ) даласында шекаралық сот құруға жарлық берген. Сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы А.О.Игельстромның жасаған жобасы бойынша «Қазақтың тайпалық одағындағы әрбір ру басшылары жергілікті ру сотының төрағасы болып бекітілді. Төрағаның хатшылық қызметін молда атқарса, алты қазақ старшыны кеңесші, екі орыс, екі татар халқынан төрт адам бақылаушы болып тағай-

ындалған» (Ресей заңдарының толық жинағы, 22-том, №16482). II Екатерина өзінің бұдан бұрынғы 1786 жылғы 4 маусымдағы «Шекаралық сотты қаржыландырып ұстау жөніндегі» жарлығында Орынбор шекаралық сотына қажет деп жылына 4500 сом, генерал-губернатордың қарамағындағы қазақ старшындарына деп 850 сом, сот істерін жүргізу және ордадағы басшылардың еңбекақысына арнап 3080 сом қаржы бөлінген (Ресей заңдарының толық жинағы, 22-том, №16403). Осы келтірілген мысалдардан-ақ орыс империясы қаншалықты отарлау саясатын жүргізгенімен де қазақтың өзіне тән сот билігін дәстүрлі құқық негізіндегі әдет-ғұрыптар аясында қалдырғаны көрінеді.

Ресей империясы атынан шығып тұрған әр кездегі жарлықтарға назар аударсақ, деректер мол ұшырасады. Ресей отарлаушы мемлекет болғандықтан маңызы зор қылмыс түрлеріне берілетін жазаларды тек қана империя атынан шыққан заңдар бабымен реттеп отырған. Бұл жөнінде мемлекет атынан кезек-кезеңімен жарлықтар түсірген. Мәселен, 1799 жылы 13 тамызда шыққан «Указ о подсудности убийств, совершенных казаками, законам Российской империи» — деген жарлықта Омбы бекінісінің генерал-лейтенанты Нефедьевтың және Сыртқы істер жөніндегі алқаның ұсынысымен Орта жүздің Атығай болысының қазағы Бектас Алдабағытов Тобыл губерниясы Есіл линиясының әскери сотының шешімімен тұтқындалып, ісі Үкіметтік сенаттың отырысында қаралған. Оның орыс солдаттарын тұтқынға алып қорлағаны және өзі қолға түскен соң қаруылдаған екі солдатты суық қарумен ауыр жаралағаны баяндалған. Бұл қылмысқа империя атына келтірілген ауыр зардап ретінде мемлекет атынан үкім берілген. Айыпкер қазақ Сібірдегі Нерчинскийге өмірінің соңына дейін каторгаға айдалған (Ресей заңдарының толық жинағы, 22-том, №164000).

Бұл жарлық Ресей боданындағы қазақ азаматтарының мемлекеттік дәрежеде жасаған қылмысына берілген алғашқы жазалардың бірі. Сондықтан осы мысалды толығымен келтіргенді жөн көрдік.

Хан, сұлтандар мен батыр-билер билік жүргізген хандық дәуірдің мемлекеттік басқару жүйесінен шеттетілген 1822 жыл – орыс империясының отарлау саясаты күшейген тұс. Оны біз қазақ даласын басқару жөніндегі біркелкі заңдар жобасын жасап берген Сперанскийдің еңбегінен білеміз. Яғни, 1822 жылы 22 маусымда жарық көрген «Выписки из Устава о Сибирских киргизах» деген жарлықтың 5-тарауы қазақ даласын басқарудағы сот жүйесіне арналған. Онда барлық қазақ ұлтына тән сот істері үшке бөлінген. 1) Қылмыстық істер. 2) Талап арыз беру. 3) Өкіметтік басқару органдарына шағым түсіру. Ал ұлты қазақ азаматтар жасаған қылмыстық істер құрамына: мемлекетке опасыздық жасау, кісі өлтіру, тонау, талан-тараж сияқты қылмыс түрлері енген. Қазақ даласындағы барлық қылмыстық істерге билік айту, шешім шығару мемлекеттік жалпы заңдардың негізінде көпшілік дауыспен орындалған. Тергеу істерін қарау округтік бұйрықтардың пәрменділігімен атқарылған, ал тергеу ісін жүргізген заңгер сот шешімін шығарғанда өз атынан билікке араласуға қақысы жоқ болған.

Ал ауыл-аймақ, болыстық басқармалардағы барлық талап арыз істерін билер қарап шешім шығарған. Ол халықтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрып заңдарының қалыптасқан талаптарын сақтай отырып үкім шығарған. Кім де кім би шешіміне риза болмаса, нақты дәлелмен облыстық басқармаға жазбаша түрде шағымданған. Ал облыстық басқармадағылар округтік бұйрықтың араласуымен тергеу жүргізіп, қазақ даласының әдет-ғұрыптық заңдар ережесі негізінде даулы істерді шешіп беретін болған.

Бұдан кейін патшалық Ресей қазақ даласын бас-



О дьячимъ казначейству

7

Вся почтовая часть, принадлежащая по ведомству  
Ее Императорского Величества.

Ее Императорскому Величеству по Курьерскому  
Коллегию и Обществу.

Дьячимъ или переводчикомъ изъ почтового  
ведомства.

Еще въ это почтовое Еее Величества ведомство,  
покуда съ предложенными являющимися депозитами  
не будетъ возобновлено дело, погашено поименован  
процессомъ областному Начальству.

Въ известное Высочайшему двору и самимъ  
дьячимъ по ведомству Курьерского Ведомства  
своимъ ходомъ и разности погашения въ  
высшихъ чинахъ.

Ее Императорскому Величеству ответственности  
и безсудности покуда только, покуда дело не  
будетъ обнародовано съ окончательнымъ решениемъ  
судебнымъ.

О дьячимъ по Курьерскому

Въ конце

Поручик Айтовтын 1846 жылгы 26 ақпандағы «Далала заңдық күші бар қыр-  
ғыздардың әдет-ғұрыптары» жайында жазбалары.

қаруда мемлекет атынан сот істеріне, оны жүзеге асыратын заң баптарына сәйкес түрлі жарлықтар шығарып отырған. Соның ішінде бүкіл қазақ даласын мекендеген тайпалық, рулық одақтардың өздеріне тән әдет-ғұрыптарына қарай негізделіп шыққан Ресей империясының 1850 жылдардан кейінгі сот істеріне тән ереже баптарын атап өтелік.

1867 жылы 11 шілдеде жарық көрген «Выписки из проекта положения об управлении Семиречинской и Сыр-Дарьинской областей» деген маңызды құжаттың «Устройство суда» деген тарауындағы сот істерін қарайтын ереже-баптарда «Қазақ халық сотының» атқаратын міндеттері тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Мұндағы қылмыс түрлеріне қарай сот істерін жүргізу, соттың құрылым жүйелері, шешім шығаратын істердің ауқымы жайлы азын-аулақ түсінік сөзбен айтып өту мүмкін емес. Ол үшін үлкен ғылыми еңбек жазу керек. Өйткені жалпы алып қарағанда қазақ жерін басқарған Ресей империясының мемлекеттік ведомстволары шығарған заңдар ережесі аз болмаған. Мәселен, жоғарыдағы Жетісу, Сырдария облыстарына арналып жасалған сот істеріне тән ережедегі қылмыстық іс қарау бөлігі мен халық сотының атқаратын міндеті: билерді сайлау, билердің дәстүрлі әдет-ғұрыптарға сай сот істерін жүргізу тәртібіне негізделген заңдар ережесінің әр бабын саралап беру – ғылыми зерттеу жұмыстарын талап ететін үлкен мәселе.

Жоғарыдағы заң жобасына қатысты сот құрылымындағы қылмыстық іс қарауға жататын 129-баптан 135-бапқа дейінгі халық сотының билер сайлау жөніндегі және билер сотының іс жүргізу тәртібіне жататын 181-баптан 213-бапқа дейінгі ережелердің заңдылықтарын, құқықтық мән-жайларын терең талдап түсіну қажет.

Ресейдің қазақ даласын басқарудағы әр кезеңде шығарып тұрған мемлекеттік заңдар ережесіндегі тағы


бір көлемді құжат бар. Ол 1868 жылы 21 қазанда жарық көрген «Выписки из временного Положения об управлении в Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской областях» деген Ресей жарлығы. Тақырыбынан көрініп тұрғандай-ақ бұл – Орал өңірінен Алтай тауына дейін көсіліп жатқан батыс, орталық, солтүстік, шығыс Қазақстан облыстарындағы қазақ жұртшылығына қатысты сот құрылымын жүйелеп берген айтулы заңдар ережесі. Сот құрылымындағы ереже баптардың Жетісу, Сырдария облыстарына арналған заң жобасынан өзгешелігі көп емес. Сондықтан бұл заң актісіне қысқаша ғана тоқталып өттік.

Қазақ сотының тарихындағы тағы бір көлемді заңдар ережесінің қатарына 1886 жылы 2 маусымда жарық көрген патшалық Ресейдің «Выписки из Положения об управлении Туркестанским краем» деген мемлекеттік заң нормасы жатады. Мұндағы жалпы ережедегі 117-бапта Түркістан өлкесіндегі сот билігі бітімші судьяға (мировой судья), облыстық сотқа және Үкіметтік сенатқа жататыны айтылған. 118-бапта Ресей империясына бағынышты қазақ халқына (туземдіктер деп кемсіте көрсетілген) өз ұлтының мүддесіне сай жасалған ғұрыптық құқық негізінде халық соты іс жүргізетіні көрсетілген. Ережедегі үшінші тараудағы халық сотына қатысты 208-баптан 254-бапқа дейінгі заңдар ережесі осы соттың қарауына жататын істерді билер арқылы шешіп отыратынын, болыс, уезд арасындағы дау-жанжалы көп түрлі істерді төтенше билер съезі шешетінін тиісті баптар бойынша көрсетіп берген.

Дәл осы ретте өткен ғасырдың соңғы ширегінде қазақ сотының тарихында ерекше орын алып, сот ісін жүргізу барысында, мейлінше, халық мүддесінен шыққан төтенше билер съезінің ерекшеліктерін атап айтқан жөн.

1884 жылы 18 тамызда Омбы қаласында Дала ге-

Шымкент уезі Шу болыстыгы билерінің 1855-1856 жылдардағы азаматтық даулы істерді шешудегі сот шешімдері.





нерал-губернаторы, генерал-лейтенант Колпаковскийдің бекітуімен жарияланған «Правила для руководства на чрезвычайных периодических съездах для разбора взаимных претензий киргиз Семипалатинской и Семиречинской областей по делам, подлежащим ведению этих съездов» деген ереженің маңызы зор. Жалпы саны 26 баптан тұратын бұл ереже аталған екі облыстың арасында өрбіген қылмыстық, азаматтық істер жөніндегі көптеген дау-дамайды дәстүрлі құқық заңдары мен империя атынан шыққан заң нормаларына сай шешіп отырған. Мәселен, қазақ соты тарихындағы төтенше билер съезінде бекітілген ереже үлгілеріне 1885 жылғы мамыр айындағы «Қарамола» ережесі, 1887 жылғы 23 тамызда Қапалда өткен «Абакум» төтенше съезі, одан бұрынғы 1865 жылғы мамыр айында Семейде өткен халық сотының съезі, 1869 жылы 16–19 тамыздағы Верный мен Тоқмак уезі арасында өткен төтенше съездер, тағы басқа көптеген съезд ережелерінің қаулыларын мысалға келтіруге болады.

XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері қарайғы билер соты, олар шығарған шешім, төтенше съездердің билік үкімдері жазба деректерде біршама ұшырасады. Осы жазбаша түрдегі қазақ сотының тарихына қатысты деректерді талдап көрсетсек, халық сотының ауқымында билік үкімдерін жүзеге асырған билердің еңбегі ерекше. Мемлекеттік құрылым жүйедегі жоғарғы инстанциялардағы сот құрылымын патшалық әкімшілік өз қолында ұстағанымен, билер сотының еркін жұмыс жасауына кедергі келтірмеген. Көп ретте тиісті нормативтік заң актілерімен толықтырып, оңды жұмыс жасауға бағыт-бағдар берген. Бұл жөнінде мына деректерді мысалға келтірейік.

1887 жылы Жетісу облысы бойынша билер 7837 қылмыстық және азаматтық істерді қараған. Сондай-ақ болыстық съезде билер 4960, төтенше билер съезінде 4982 істі қарауға қатысқан. Жинақтап айтқ-

анда үш инстанциядағы билер соты аса ауыр қылмыс – кісі өлтіргені үшін құн төлеу, ел арасындағы барымта даулары, ұрлық істер, қыз алып қашу сынды 17815 істі қарап шешкен. Ал енді 1893 жылы Сырдария облысының басқармасына қарасты Шымкент уезіндегі билер соты 4129 қылмыстық істі, Қазалы уездік билер соты 2159 қылмыстық істі, 1894 жылы Перовск уездік билер соты 7799 қылмыстық және азаматтық істерді қараған. Көрсетілген екі облыс бойынша әр жыл сайын билер соты 32 мың қылмыстық және азаматтық істерді қарап, үлкен жұмыс тындыратын болған.

Дегенмен де, ХХ ғасырдың басында империялық саясат тарапынан билер сотының аясын тарылтуға солақай пікір айтқандар аз болмаған. Алайда, қазақ халқының ұлттық мүддесіне сай келетін билер сотының өз дәрежесінде іс жүргізетін бірден-бір сот инстанциясы екенін дәлелдеп, жанын сала қорғаған қазақ зиялылары мен заңгерлері аз болмаған. Белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Бақытжан Қаратаев, Жақып Ақбаев, Жанша Сейдалин, Барлыбек Сыртанов ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында баспасөздерде тұжырымы терең құнды ойлар айтты. Соның ішінде халқымыздың біртуар ұлы, белгілі тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлының билер сотына қатысты айтқан пікірлері, берген бағалары өте зор.

Аханның өзі басшылық етіп шығарған «Қазақ» газетінде жарияланған «Осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктер» деген еңбегінде ғылыми тұрғыдан талданған болыстық билер соты мен уезаралық өтетін төтенше билер съезінде сот істерінде арыз-шағымдардың қаншалықты дәрежеде шешім табатынын сараптап берген. А.Байтұрсынұлы өзінің жоғарыдағы аталған еңбегінде 1908 жылы Қазақстандағы төрт облыстағы билер сотына риза болмай түскен арыздарды былайша талдаған:

«Ақмола облысында биге түскен арыздың саны 4088, оның қаралғаны 2248, билік айтылмай қалғаны 1840, билікке риза болмай, үстінен арыз жүргені 1962. Сөйтіп, билерге түсетін арыздың 45 проценті, яғни жүзден 45-сі тіпті қаралмай қалған. 45 процентіне билік айтылған екен, айтқан биліктердің 80 процентіне риза болмай, арыз жүрген.

Семей облысында биге түскен арыздың саны 3535, оның қаралғаны 2119, қаралмай қалғаны 1406, үстінен арыз жүргені 1376. Сөйтіп, 60 проценті тіпті қаралмай қалған, 40 проценті қаралған екен, айтылған биліктің 65 процентіне риза болмай, арыз жүрген.

Торғай облысында биге түсетін арыздың саны 3681, оның қаралғаны 1380, қаралмай қалғаны 1336, үстінен арыз жүргені 1548. Сөйтіп, 64 проценті қаралмаған, 36 проценті қаралған, айтылған биліктің 70 процентіне риза болмай, арыз жүрген.

Орал облысында биге түскен арыздың саны 2609, оның қаралғаны 1380, қаралмағаны 1229, үстінен арыз жүргені 1163. Сөйтіп, 53 проценті қаралмаған, 47 проценті қаралған. Айтылған биліктің 86 процентіне риза болмай, арыз жүрген» («Тура би» 1996, №2, 112-б.).

Міне, жеке билердің 1908 жылғы төрт облыс бойынша үкім еткен істердің жүзден 70 процентіне, қаралған арыз-шағымның 4960-на шағынушылар риза болмаған. А.Байтұрсынұлы мұны неге тізбелеп көрсеткен? Оның себебі мынада деген ұйғарымға келдік.

Патшалық басқару жүйесіндегі үкіметтік сенаттағы және халық сотынан жоғары тұрған инстанциядағы сот басшылары «билер іс қарауда нашар қызмет көрсетеді, жою керек» деген пікірлеріне А.Байтұрсынұлы бұл кемшілік мынандай ішкі себеп-салдардан туындайтынын айтады.

Соңғы кезде (сол 1908–1910 жылдар аралығында) қазақ рулары мен болыстар, ауылдар арасында

партияға жіктелу көбейе түскенін Ахаң ашық жаза келіп, әркім өз партиясын, руын жақтап, қарсы партияның дау-шағымын өткізбес үшін сот ісінде неше түрлі айла-әрекетке, реті келгенде пәрені үстеп алуға бейімделген бақылаушы шенеуніктерді, партиягерлерді сынайды. Бұдан билер билігіне үлкен нұқсан келетінін қынжыла мәлімдейді. Жеке билер мен болыстық билер сотынан басқа уезаралық және облысаралық төтенше билер съезі бар екенін тілге тиек ете келіп:

«...Чрезвычайный съез сотының қазақ сотының басқасынан артық болатын себебі, әуелі, судьялар (билер дегені) әр тараптан жиналғандықтан, партиялық өштік, қастық болмайды, екінші, партиялы соттардың аяққа басып өте шығатын халық рәсімін чрезвычайный съездер жол орнында ұстап, соған қарап билік айтады. Съезге жиылған билер алдындағы қаралатын іс үшін ереже жасайды. Іс қаралғанда, сол ереже жолына қарап билік айтуға билер міндетті...» — деп нақты дәлел келтіреді («Тура би» 1996, №2, 114-б.). Төтенше съездегі билер соты халық сенімін ақтай алатынына мына деректерді мысалға тартады. Сол 1908 жылғы төрт облыс бойынша төтенше съезде қаралған істерді былайша жіктейді.

«...Ақмола облысында чрезвычайный съездің қарауына түскен істің саны 3273, билік айтылғаны 1906, билік айтылмай қалғаны 1367, орнына келтірілгені 1650, үстінен арыз жүргені 256.

Семей облысында съез қарауына түскен істің саны 3122, билік айтылғаны 2061, билік айтылмағаны 1061, орнына келтірілгені 1615, үстінен арыз жүргені 446.

Торғай облысында съезге түскен арыз 6737, билік айтылғаны 3890, қараусыз қалғаны 2847, билік орнына келтірілген іс 2910, арыз жүргені 980.

Орал облысында съезге түскен арыздың саны 8516, билік айтылғаны 5662, қаралмай қалғаны 2854, билік орнына келтірілген іс 4245, арыз жүргені 1417».

Милосердия, Божия и почитания кресту и  
кресту Святого Духа, и к святому соборному  
суду Божьему и Святому Духу, почитаема и почитана  
всего мира.

Милосердия Божия и почитания кресту и  
кресту Святого Духа, и к святому соборному  
суду Божьему и Святому Духу, почитаема и почитана  
всего мира. И по прочему своему вверженному  
условию родового нашего бытия, то на прочее  
правительство составлено Божьим и почитанием  
всего мира, и прочим образом, допустить и прочее  
решение и прочее, составлено по прочему  
каждое время и по прочему.

Условием и прочим образом

1) Божьим и почитанием кресту и кресту Святого Духа, и к святому соборному суду Божьему и Святому Духу, почитаема и почитана всего мира, и прочим образом, допустить и прочее решение и прочее, составлено по прочему.

2) Божьим и почитанием кресту и кресту Святого Духа, и к святому соборному суду Божьему и Святому Духу, почитаема и почитана всего мира, и прочим образом, допустить и прочее решение и прочее, составлено по прочему.

3) Божьим и почитанием кресту и кресту Святого Духа, и к святому соборному суду Божьему и Святому Духу, почитаема и почитана всего мира, и прочим образом, допустить и прочее решение и прочее, составлено по прочему.

Баянауыл Мәжілісі	1
Мамыр Ақсауы	2
Дарқан Ақсауы	3
Ақсай Ақсауы	4
Ақсай Ақсауы	5
Баянауыл Ақсауы	00
Ақсай Ақсауы	00
Томар Ақсауы	6
Кара Ақсауы	7
Ақсай Ақсауы	8
Баянауыл Ақсауы	00
Ақсай Ақсауы	00

Кызыл Ақсауы	1
Ақсай Ақсауы	2
Кызыл Ақсауы	3
Баянауыл Ақсауы	4
Ақсай Ақсауы	5
Кызыл Ақсауы	6
Кызыл Ақсауы	7
Кызыл Ақсауы	8
Кызыл Ақсауы	9

Баянауыл округі сұлтандары мен билерінің 1863 жылғы 4 шілдедегі «Билердің соты мен съездерін бұрынғысынша халықтық негізде қалдыру, тек сот құрамы және сот жүргізу ережелеріне ғана өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі» съезд шешімдері.

Сонда аталған төрт облыс бойынша төтенше съезге келіп түскен істің жалпы саны – 21648, оның 13519-на билік айтылып, 10410 іс дұрыс шешімін тапқан, яғни «орнына келтірілген». Қаралмай қалған істің ұзын саны 8129 екен («Тура би» 1996, №2, 115-б.)

Ахаңның зерттеуінше жеке болыстық билерден гөрі төтенше съездегі билер турашыл, істі «таза» қарайтыны өзінен-өзі анықталып тұр. Егер процентке шақсақ, бір жылдық сот ісінің дұрыс шешім табуы төтенше съезде 60 процентке орындалған. Қаралмай қалған сот істері негізінен арызданушылардың облыс, уезаралық съезге жердің шалғайлығынан даугерлер мен ара билердің уақытында жиналмауы, өзге де субъективті жағдайлар себеп болғанын ескерсек, төтенше билер сотының халық үшін пайдалы екенін А.Байтұрсынұлы дөп басып, дәл айтқан. Сот әділдігі үшін заң бағдарындай болған осы талдаудың астарында үлкен мән жатыр.

Патшалық Ресейдің қол астындағы қазақ халқына арналған 1868 жылғы 21 қазанда «Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстарын басқару туралы» шыққан Уақытша ережедегі халық сотына негізделген 139-бапта: «Би іс жүргізу барысында өз міндетін орындамай, лауазымдық беделімен қиянат жасаса, империяның жалпы заңының негізінде ісі сотқа беріледі», – деген. Осы уақытша ереженің 158-бабында: «Төтенше съездің өту барысында сол уездің бастығы қатысып отыруы керек, болмаса арнайы іссапармен съезді өткізуге жіберілген шенеунік қатысуы тиіс. Бірақ, оның сот ісіне араласуына ешқандай жол берілмеуі керек», – деп заңдылық тұрғыдан қатаң талап қойған. А.Байтұрсынұлы мемлекет атынан шыққан осындай әділдіктің бұзылмауын қалап, сот ісіне партиялық жікшілдердің кірмеуін, сот кашанда тәуелсіз болуын дер кезінде аңғара білген...

Қорыта айтқанда, орыс империясына қараған патшалық дәуір кезінде Қазақстандағы сот жүйесі мына негізде құрылған. Бітімші сот (мировой судья), сот палатасы, әскери сот комиссиясы. Сонымен қатар халық сотының негізінде үш инстанциидағы билер соты да үлкен рөлге ие болған. 1) Жеке билер соты (кей жерлерде қазы-кази деп аталған). 2) Болыстық съездің билер соты. 3) Төтенше съездегі билер соты деп жіктеле келіп, «халық соты» деген зор сенімге ие болған.

Осындай үрдіспен іс жүргізген билер соты ХХ ғасырдың 1918 жылына дейін өз күшін жоймай, хал-қадерінше ұлттық мүддеге сай әдет-ғұрыптағы заң ережелерін жүзеге асырып келді. 1919 жылдың 10 шілдесі күні жарияланған «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет құру туралы» декрет социалистік қоғамға тән сот құрылымын бекітті. Жоғарыдағы патшалық дәуірге қатысты ескі сот жүйесі реформаланып, оның орнына басқа сот құрылымы жасалды.

\* \* \*

ХХ ғасырдың басы Ресей үшін, оған бодан болған Қазақ елі үшін де қоғамдық саяси толқуларды жиі-жиі бастан кешірген түс еді. Патшалық ескі монархиялық билеп-төстеуге наразылық білдірген халық бұқарасы Ресейдің барлық аймақтарында бас көтерді. Оны тоқтатудың амалы ретінде өкімет мемлекет атынан қатаң шара қолдануға мәжбүр болды. 1905 жылы желтоқсан айында Ресей Министрлер кабинетінің графы Витте Түркістан өлкесінің генерал-губернаторына жіберген ұсынысында «Өлкені әскери жағдайға енгізу, түрлі көтеріліс жасауларды жою керектігін» айтқан (Өзбек ССР Орталық архиві, қ.КТГГ, 18-іс, 148-б.). Жетісу, Торғай облыстары әскери жағдайға көшіріліп, мұнда «төтенше» заңдар жүзеге асырылды. Яғни соттар



4) Народный судъ у киргизовъ.

§ 135. Для рѣшенія дѣлъ между киргизами (ст. 97 сего Положенія) какъ уголовныхъ, подлежащихъ народному суду, такъ и всякаго рода тяжбы и исковъ, въ каждой волости выбирается отъ 4 до 8 Биевъ.

Выборъ Биевъ производится одновременно съ выборомъ волостныхъ управителей, одними и тѣми же избирателями, на тотъ же срокъ и тѣмъ же порядкомъ.

§ 136. Число Биевъ въ волости соображается съ числомъ кибитокъ въ оной.

§ 137. Биемъ можетъ быть избранъ всякій, кто пользуется уваженіемъ и довѣріемъ народа, не опороченъ по суду, не находится подъ слѣдствіемъ и имѣетъ отъ роду не менѣе 25-ти лѣтъ.

✓ § 138. Выбранные въ Бия утверждаются Губернаторомъ; жалованья имъ не полагаются, но они имѣютъ право получать за рѣшеніе дѣлъ особый штрафъ съ виновнаго (бийлыкъ), установленный народными обычаями; штрафъ этотъ по имущественнымъ искамъ не долженъ быть опредѣляемъ выше десятой части стоимости иска, а за рѣшеніе дѣлъ о личныхъ оскорбленіяхъ назначается бийлыкъ согласно обычаямъ.

§ 139. Бия, за неисполненіе своихъ обязанностей и злоупотребленія, предаются суду, на основаніи общихъ законовъ Имперіи за злоупотребленія должностныхъ лицъ.

✓ § 140. Бия получаютъ отъ уѣзднаго начальника установленные бронзовые знаки, которые они надѣваютъ во время исполненія обязанностей судьи.

Бия получаютъ также отъ уѣзднаго начальника печати установленнаго образца, для прикладыванія при постановленіи рѣшенія.

Форма печатей и наружныхъ знаковъ утверждается Министромъ Внутреннихъ Дѣлъ.

§ 141. При оставленіи званія Бия, или въ случаѣ смерти, знаки и печати возвращаются въ уѣздное управленіе, для передачи вновь избранному.

§ 142. Тяжущіяся стороны для разбора своихъ дѣлъ, по обоюдному соглашенію, могутъ обращаться, кромѣ утвержденныхъ Биевъ, и къ другимъ лицамъ, которымъ довѣряютъ; въ такомъ случаѣ рѣшеніе избранныхъ лицъ, какъ имѣющее характеръ третейскаго суда, окончательно на исковую сумму.

§ 143. При несогласіи тяжущихся на выборъ посредниковъ, дѣло рѣшаетъ Бій изъ волости отвѣтчика, указанный истцомъ; при чемъ отвѣчникъ изъ указанныхъ истцомъ Биевъ имѣетъ право отвести только двухъ.

Билердин міндеттері мен сот кызметі жайлы 1868 жылгы 21 казандагы «Орал, Торгай, Акмола және Семей облыстарын баскару туралы уакытша Ереженің» бантары.

көтерілісшілерді өлім жазасына кесу, ұзақ мерзімді каторгаға айдау, тағы басқа қатаң жазалар тағайындаған. Еркіндікке ұмтылған қазақ халқы патша тарапынан шыққан мұндай жөнсіз жазалаудың жаппай құрбаны болды. Бүкіл Қазақстан бойынша әскери жағдайға көшкен «Далалық жазалау соты» қарапайым халықты бас көтергені үшін ату, шабу, асып өлтіру сияқты қылмыстық жазаның ең ауырына бұйырған. Мысалы, 1919 жылғы 12 тамызда аталған нұсқау-жарлыққа сай пәрменді іс жүргізген Жетісу әскери губернаторының әрекеті жоғарғы жаққа мәлімделген.

Онда генерал-адъютант Куропаткин барлық уездер мен облыста қырып-жоятын (карательные) отрядтармен жасақталған Әскери-дала сотын құрған. Олар жергілікті халықтың ақ патшаға риза болмай бас көтергендерін дереу сол арада атып тастауға немесе дар ағашына асып өлтіруге рұқсат берген.

Әскери-дала соты айыпкердің ісін алдын ала тергеп, сот ісін жүргізіп, кінәсін мойнына қоюды ешқандай көздемеген. Жетісу губернаторы Фольбаум берген: «Сәл ғана топтасып қарсылық әрекет жасаған туземдік ұйымның басшысын, ол болмаса көтеріліске бас-көз болған адамның бірін Әскери-дала сотына дереу тартып, асып өлтіру керек», — деген жарлықты жанын сала орындаған (ҚР ОМА, 44-к., 16934-іс). Оған мысал: Жетісу облысының Әскери-дала соты 1916 жылы 8—18 қыркүйек аралығында көтеріліске қатысты деген айыппен Арғынбаев, Қарымшақов, Шәбденбеков, Солтанкелдиев, Мақыловты барлық азаматтық құқықтарынан айырып, дар ағашына асып өлтірген. Мұндай қатыгез жаза Орал, Торғай облыстарында да қаталдықпен орындалды. 1916 жылғы қыркүйек айында Орал Әскери-дала соты ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан 19 азаматты да дар ағашқа асып өлтіру жазасына кескен («Туркестанские ведомости», 1916,

30 қыркүйек). Осындай қатаң жазалаудан жан сауғалаған жүздеген мың қазақ ұлты көрші елдерге үдере көшіп, бас сауғалады.

1917 жылғы буржуазиялық-демократиялық Ақпан төңкерісінен кейінгі аз ғана уақыт билікті қолына алған Уақытша өкімет Ресей, Қазақ еліндегі сот жүйесіне айтарлықтай өзгеріс әкелген жоқ. Әскери-дала соты өз күшінде қалып, «Әскери революциялық сот» деген атауға ие болды. Өлім жазасы одан сайын үдей түсті. Сот ісін атүсті жүргізу, сот сыртынан үкім шығару сияқты жазалау Қазақстанда одан сайын күшейді. Саяси бағыт-бағдары нашар заңдар теке тіресте тұрған қос өкіметтің мемлекеттік билігін күшейте алмады. Ескі мемлекеттік жүйеде сот істерін жүргізуге бейімделген судьялар, билер Кеңестік өкімет ұсынған сот жүйесін бірден қабылдай қоймады. Кеңес үкіметі шығарған қаулы-қарарларға, декреттерге мойын ұсынбай наразылық білдірді. Орал, Алматы, Қызылорда, өзге де Қазақстан қалаларындағы соттар өздерін тәуелсіз сот деп жариялады, Кеңестік өкіметке қызмет жасаудан бас тартты. Осындай қарсылық әрекеттерді одан әрі болдырмаудың алдын алған Әскери революциялық комитет 1917 жылғы 28 қарашадағы қоғамдық мекемелердегі мемлекеттік шенеуніктер халықтың бұдан былайғы өміріне, елдің өскелеңдігіне саботаж жасаса, «халық жауы» деп танылсын деген бұйрық берді. Одан кейінгі Түркістан Республикасының Юстиция Халық Комиссариаты 1918 жылғы сәуірдегі қаулысында «сот қызметін атқарып жүргенде саботаж жасап, мемлекеттік іске араласпаса, революциялық соттың трибуналына беріледі», – деп ашық айтты (История государства и право Советского Казахстана, т.1, 35-б.). Осы мемлекеттік акті ескі көзқарастағы соттардың сағын сындырып, кеңестік социалистік сот жүйесін құруға, тәжірибелік сот

істерін шығармашылық тұрғыдан игеруге мұрындық болды.

Жаңа дәуірге сай жаңа сот жүйесін құруда Халық Комиссарлар Кеңесі шығарған 1917 жылғы 24 қарашадағы «Сот декреті туралы» №1 Жарлығы қазақ соты тарихында ертеден келе жатқан билер сотын жою туралы бұйрыққа негіз болды.

Кенесметік  
гауірдегі қазак  
сомтантан  
қалтатан  
жүйесі

Пролетариат диктатурасы 1917 жылдан таптық мүддені көздей отырып, Кеңестік социалистік мемлекеттің басқару жүйесіндегі алғышарттарды жүзеге асыра бастады. Бұрынғы патшалық, буржуазиялық қоғамға қызмет атқарған заңдарды Маркстік, Лениндік теория тұрғысынан реформалап, жаңаша заңдар ережесін бекітті. Оның ішінде сот реформасы да жаңа қоғамның мүддесіне қарай ыңғайланып, қайта жасалды.

Біз жоғарыда Сот туралы №1 декрет ережелерінің мән-мағынасын талдап өткен едік. Оның одан әрі өркен жайып, беки түсуіне №2, 3 декреттер де айтарлықтай үлес қосты. 1918 жылы 21 ақпанда жарияланған Сот жөніндегі №2 декретте жергілікті соттардың ауыр қылмыстық істі және азаматтық істерді кең ауқымда қарауы үшін олардың өкілеттілігін кеңейтуді жолға қойды. Ол үшін округтік соттардың мүмкіндігін молайтып, қылмыстық, азаматтық істер жөнінде бөлімдер ашты. Сатылы кезеңге негізделген сот инстанцияларын құрып, сот жүйесін мынандай құрылымға ыңғайлады. Төменнен алып қарағанда: 1) жергілікті халық соттары, 2) облыстық сот, 3) округтік сот болып жүйеленді де аталған соттардың үстінен бақылап отыру Жоғарғы Сотқа міндеттелді.

Қалай дегенмен де Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңіндегі сот жүйесі қым-қуыт, аласапыран кезде белгілі бір бағыт-бағдарда ойдағыдай жұмыс жасамады. Жоғарғыдағы аталған Сот жөніндегі №1, 2, 3 декреттер сот өндірісіндегі процессуалдық іс жүргізудің ережелерін, бағыт-бағдарын бір жүйеге түсіре алмады. Бұл кемшілік 1918 жылғы 23 шілдеде РСФСР

Юстиция Халық Комиссариатының «Жергілікті халық соттарының іс-әрекетін ұйымдастыру» жөніндегі нұсқауда атап көрсетілді (СУ РСФСР 1918, №597, 53-б.). Осы пәрменді құжаттан кейін Қазақстан аумағындағы Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Қарағанды және Түркістан өлкесіне қарайтын Жетісу, Сырдария облыстарындағы уездерде халық соттары жедел түрде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 1918 жылдың тамыз айына дейін облыс, уездерге қарасты аймақтарда 63 жергілікті халық соттары құрылып үлгірген болатын. Ақмола облысында 5, Семей облысында 8, Орал губерниясында 4, Торғай облысында 11, Жетісуда 16, Сырдарияда 9, Қарағандыда 1, Атбасар уезінде 2, Көкшетауда 2, Петропавлда 3 жергілікті халық соттары құрылып, кенестік саясат негізінде сот ісіне кірісті (РСФСР Юстиция Халық Комиссариатының материалдарынан. М., 1918, 1, 2, 3 сан).

Бұл құрылған жергілікті халық соттары да азамат соғысы жылдары кезінде өз міндеттерін уақытша ғана атқарды. Аталған бұл соттармен қатар революциялық трибуналдар да сот ісіне араласты.

Жаңадан құрылған Кеңес өкіметінің халық алдында бедел алуы үшін түрлі үгіт-насихат жұмыстары жан-жақты қарқын алды. Ішкі тәртіпті реттеу, қоғамға қарсы қылмыс түрлерімен барынша белсенді күресу үшін заң орындары мен соттар әр дәрежедегі сот сатыларын мейлінші пәрменді жұмыс жасауға жұмылдырды. Бұл ретте екі түрлі сот жүйесін айрықша атай кеткен орынды сияқты.

Сот жөніндегі №2 декретте округтік соттар құру туралы баса айтылған болатын. Қазақстан үшін мұның тиімді жағы – округтік дәрежеде қазақ бөлімдері ашылып, ол «қазақ ұлттық округтік соты» деп аталды, әрі ұлт тілінде іс қарау күн тәртібіне енді. Мәселен, Семей облыстық кеңесі 1918 жылы 30 наурыздағы өз қаулысында қазақша іс қараудың

ережесін бекітіп берген. Қазақ сотына қатысты мұндай оңды іс бұдан кейін Жетісу, Сырдария, Бөкей ордасына қараған Астрахан губерниясы, Ақмола облыстарында да жедел арада құрылды.

Қазақстан аумағында мұнан кейін іле-шала құрылған сот жүйесінің бірі – Революциялық трибуналдар. Халық екіге жарылып, екі түрлі идеологиялық көзқарас қайшыласқан, тап күресі шиеленіскен бұл кезде бір-біріне жауыққан «ақ пен қызылдың» өкілдері қоғам алдында бірін-бірі тілдері жеткенше жамандап, өз үндерін халыққа барынша жария ету үшін баспасөздің мүмкіндігін сарқа пайдаланды.

Бұл жағынан кеңестік идеология ұтымды әдіске жетті. 1918 жылы 28 қаңтарда Халық Комиссарлар Кеңесі «Баспасөздегі Революциялық трибунал туралы» деген декрет жариялады. Декреттің қысқаша мазмұнында кеңес өкіметіне қарсы айтылған пікірлерді қолдаушы баспасөздер, Қазан төңкерісінің жетістігін теріс түсіндіріп, іріткі салушы тап жауларының саяси көзқарастарын жақтайтын және халықты оған қарсы айдап салу идеясы бар мақала жариялау – қылмыс ретінде танылып, мұндай істерге Революциялық трибуналдар үкім шығарып отырсын делінді.

Революциялық трибуналдар губерниялық, қалалық кеңестердің сайлауымен алты заседатель және төрағадан құрылды. Олар мейлінше кеңеске қарсы ниет-пиғылдағы адамдарды, саботаж жасап кеңестік қоғамға қызмет еткісі келмейтін қызметкерлерді сотқа тартып жазалады. Революциялық трибунал қылмыстық, азаматтық істерді бөліп-жарып қарамады. Мәселен, Қазақстандағы Революциялық трибунал алғашқы жылдары қылмыстық, азаматтық істерді шектен тыс көп қараған. Бірер мысал келтіре кетейік.

1918 жылы 25 қаңтарда Ақмола Революциялық трибуналы монша қожайыны Мариупольскийге бұрынғы алты қызметкері 5581 сом 50 тиын ақшаларын өндіру жөнінде талап арыз түсірген болса, атал-

ған қожайын ол қызметкерлер моншаның аппарат машиналарын істен шығарғаны үшін 5000 сом төлеуін өтініп, қарсы талап берген.<sup>1</sup> Сондай-ақ Жетісу облысында нан, азық-түлікті алыпсатарлыққа салғаны үшін ірі буржуазия (Верный қаласындағы) өкілдерінің 20 адамына бір жетінің ішінде 5865 мың сом ақшаны банкіге кұюды бұйырған. Мұны орындамаса, ісі Революциялық трибуналға берілетіні айтылған. Бұдан басқа ірі, ауыр қылмыстармен қатар жеңіл-желпі азаматтық, шаруашылық істерді қарауға да Революциялық трибунал араласып отырған. Соның негізінде 1918 жылы 17 мамырда Халық комиссарлар Кеңесі «Революциялық трибунал туралы» жаңа декрет шығарған (СУ РСФСР, №35, 471-б.). Онда бұл сот жүйесі нашар жұмыс жасайтыны баса айтылып, әрі атқарар қызмет ауқымы тым көп екеніне назар аударылған. Декретте ең алдымен жергілікті (уездік), Әскери революциялық трибуналдар қысқартылып, Революциялық трибуналдарды ірі орталықтарда: губерниялық қалаларда, үлкен станцияларда, ірі өндірістік орындарда ғана сақтауды көрсетіп берді. Сондай-ақ, Революциялық трибуналдардың баспасөз бен алыпсатарлық қылмысқа қарсы күрестегі бөлініп-жарылуын доғартқызды. Әрбір Революциялық трибуналдар жанынан айыптау алқасы құрылды. Оған қоса Революциялық трибуналдардың жергілікті, округтік соттар қараған қылмыстық істердің үстінен жалпылама қарап, билік етуін де қысқартты. Өйткені қылмыстық істердің категориясы кеңес үкіметіне төтенше қауіп төндіру жағдайына душар етті. Айыптап сот қорытындысын шығару – революциялық трибуналдың қолына шоғырландырылды да, бір орталықа бағынған Революциялық трибунал құруға декрет қабылдау ұйғарылды. Бұл ұсыныс БОАК-тың 1918 жылғы 29 мамыр мен 11 маусымдағы декретінде өз шешімін тапты. БОАК-тың жанынан Революциялық трибу-

<sup>1</sup> Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. А., 1966, 74-б.

нал құрылып, аса маңызды істерді жергілікті Революциялық трибуналдардан өз қарауына бекіттіріп алды. Ол шығарған үкім шағымдануға жатпайды деп көрсетілді, сонымен қатар БОАК-тың жанынан айыптау алқасы құрылды. Сондай-ақ БОАК-тың жанынан кассациялық бөлім ұйымдастырылып, онда кассациялық шағымды қарау және барлық революциялық трибуналдар шығарған үкімдерге наразылық келтіруге мүмкіндік берілді. Тек қана БОАК-тың жанындағы Революциялық трибунал өз бетінше дара билік жүргізіп, бұл бөлімге бағынышты болмады (СУ РСФСР, 1918, №41, 520-б.).

Барлық билік Кеңестердің қолына көшкен 1918–1920 жылдар арасындағы Қазақстан аймағындағы сот билігі жоғарыдағы айтылған мемлекеттік жүйеден алшақ кеткен жоқ. Қазіргі Қазақстанның аумағына кіретін облыстардың бәрінде де жоғарыдағы аталған сот жүйелері жұмыс жасады.

Қазақстан үшін тарихи даталы екі кезең бар. 1918 жылғы 20 сәуірде Кеңестік Социалистік Түркістан Автономиялық республикасы құрылды. Яғни қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстары осы Түркістан Автономиялық республикасы құрамында өздерінің мемлекеттік басқару органдарын, заң орындары мен сот билігін жаңа қоғамдық негізде құрды. Ал 1920 жылдың 26 тамызы күні БОАК пен Совнарком Автономиялық Кеңестік Социалистік Қазақ Республикасын құру жайлы тарихи декретін шығарды. Мұның өзі қазіргі Қазақстан аумағындағы бүгінгі таңға дейін қолданылып келген әр сатыдағы соттардың республика көлемінде жұмыс жасауының алғышарттарын бекітіп берді.

РСФСР құрамында автономия болғандықтан барлық сот инстанцияларына жоғарыдан жарлық беру Мәскеулік үкіметтің қолында болды. Осы ретте 1918 жылғы 30 қарашада шыққан «РСФСР-дағы халық соттарының ережелері» деген заң құжаты

бірыңғай кеңестік сот жүйесін нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Оның атқарар іс-әрекетін айқындап берді. Ал Қазақстан үшін 1919 жылы 10 шілдеде Қазақ өлкесін басқару жөнінде құрылған Революциялық комитет Қазақстандағы соттарды мына төмендегіше жүйеледі.

Ең төменгі сатыда «Третьейский сот» билік жүргізді. Ол ауылдық, болыстық атқару комитеті негізінде құрылып, қазақ, өзбек, ұйғыр тағы басқа халық арасында өрбіген мүліктік дау-шарларды қарап шешті. Басқа ұлттардың арыз-шағымын қарауға да мүмкіндік алды.

Одан кейінгі сатыда уездік халық соты билік етті. Бұл сот халықтардың ұлттық құрамын негізге алды. Соған орай қазақ және орыс бөліміне бөлініп іс жүргізді. Ал халық құрамы бірыңғай ұлттан тұрған уездік сот бір ғана сот тілінде іс жүргізді. Ал сот ісін шешкенде халық заседательдері әр ұлттан тең дәрежеде қатысуға мүмкіндік берілді. Қылмыстық, азаматтық істерді қарағанда оған орыс, қазақ сот қызметкерлері және басқа халықтың өкілдері уездік бірлескен сот мәжілісінде тең дәрежеде қатысып шешкен. Сондай-ақ дау тек қазақ ұлты өкілдерінің арасында өрбісе, ұлттық әдет-ғұрып заңдарын қолдануға ішінара рұқсат етілген.

Уездік халық сотының қазақ бөлімі кассациялық қадағалау инстанциясы есебінде третейлік соттың ісін қарап, осы соттың дұрыс шығармаған үкімін өзгертуге заңдылық тұрғыдан қадағалау тәртібін ұсынады. Істі кері қайтарып, басқа сот құрамында қайтадан қаралуын талап етті.

Келесі сот инстанциясына округтік соттар кірді. Бұл сот ревкомның жанынан құрылды. Орыс, қазақ бөлімдері екі тілде іс жүргізді. Іс кассациялық инстанция бойынша жүргізілді. Бұл сот негізінен біркелкі кассациялық ұйым есебінде болды да, жергілікті халық соты кеңесінің орнын ауыстырды.

Ал контрреволюциялық қылмыстардың барлығы Революциялық трибуналда қаралып, үкім шығарылды.

1920 жылы қазан айында Бүкіл Қазақстандық кеңестердің құрылтай съезі халық соттарын одан әрі нығайтуды, сот аппараттарын жетілдіруді, Қазақстанның барлық аймақтарында бірыңғай халық соттарын құруды тиянақтап берді. Соның нәтижесінде 1920 жылдың соңында мынандай халық соттары мен тергеу участіктері құрылды. Орынбор, Торғай облысында 25 сот, 11 тергеу участігі; Омбы губерниясында (ол кезде Қазақ өлкесіне қараған) 31 сот, 10 тергеу участігі; Орал губерниясында 29 сот, 7 тергеу участігі; Бөкей губерниясында 5 сот, 2 тергеу участігі; Семей губерниясында 39 сот, 35 тергеу участігі; Жетісу облысында 42 сот, 21 тергеу участігі; Сырдария облысында 58 сот, 24 тергеу участігі; Адай уезінде 2 сот, 1 тергеу участігі құрылып, сот істерін жүргізген.<sup>1</sup>

1918–1920 жылдар аралығы азамат соғысы, оған қоса ақ пен қызыл арасындағы соғыстар үдеген түс болатын. Соның салдарынан кейбір облыстарда кеңес өкіметі құлап, билік ақгвардияшылардың қолына көшкен кезде кейбір революциялық трибуналдар да жойылған еді. Соны қайтадан қалпына келтіру үшін Қазақ Әскери ревкомы барлық Қазақстан аумағында 1919 жылдың 12 сәуірінен бастап «Революциялық трибуналдар жөніндегі ережені» қайтадан күшіне енгізді (СУ РСФСР, 1919, № 13, 132-б.).

Революциялық трибуналдарға – губерниялық қалалардың бәрінде, әр губерния орталығында бір-бірден құрылуға жарлық берілді. Сондай-ақ 200 мың халқы бар ірі қалаларда да революциялық трибуналдар құру күн тәртібіне қойылды. Оның негізгі құрамы үш адамнан – екі мүшесі және төрағадан тұрды. Жергілікті кеңестің ұйғаруымен сайланып, оған саяси сауаттылығы, жауапкершілігі аса жоғары тәжірибелі кадрлар таңдап алынды.

---

1. Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. А., 1966, 112-б.

Алайда, азамат соғысы мен шетелдік әскери интервенттер арасындағы соғыс, ішкі контрреволюциялық қарсыласу барлық аймақтағы Революциялық трибуналдардың жұмыла жұмыс жасауына мүмкіндік бермеді. Соны ескере отырып, 1920 жылы 2–7 ақпанда өткен БОАК-тың 7-шақырылған бірінші сессиясының арнайы қаулысында бірыңғай тәжірибеге негізделген, сотқа тарту жауапкершілігіне жан-жақты кепілдік беретін, қайта өңделіп, толықтырылған ереже бекітуді ұсынды. Соның негізінде 1920 жылы 18 наурызда БОАК жаңадан «Революциялық Трибуналдар туралы ереже» қабылдады. Онда бұрынғы осы сотқа тән жүйе сақталды. Ең бастысы кассациялық трибуналдың құқы едәуір кеңейтілді. Енді іс бойынша келген наразылық пен кассациялық шағымды қарап қана қоймай, барлық революциялық трибуналдар бірыңғай тәжірибеге негізделген іс-әрекеттің атқару қызметін, оны қадағалауды, іс жүргізудегі күрделі мәселені шешу қызметіне де кірісетін болды. Ал БОАК-тың жанындағы кассациялық трибуналға лайықты кадр таңдап алу құқығы берілді.

Осы ереженің нұсқасын басшылыққа алған Қазақ өлкесінің Революциялық комитеті 1920 жылы шілдеде өлкедегі Революциялық трибуналдардың атқаратын қызметі жайлы ереже қабылдады. Бұл кезде Қазақстанда бес Революциялық трибунал жұмыс жасады. Атап айтқанда: Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Бөкей облыстары. Сонымен қатар Түркістан өлкесіне қарайтын Жетісу, Сырдария облыстарында да Революциялық трибуналдар сот ісін жүргізді (ҚР ОМА, 14-к., 1-т., 81- іс, 64-пар).

Қазақстан аумағында сот ісін жүргізген Революциялық трибуналдар қазақтың дәстүр-салтына тән ұлттық құқық нормаларының бірде-біреуін заңдылық тұрғыдан танымады.

Оның есесіне Кеңестердің Бүкілқазақстандық Құрылтай съезі РСФСР заңдылығына негізделген

Алайда, азамат соғысы мен шетелдік әскери интервенттер арасындағы соғыс, ішкі контрреволюциялық қарсыласу барлық аймақтағы Революциялық трибуналдардың жұмыла жұмыс жасауына мүмкіндік бермеді. Соны ескере отырып, 1920 жылы 2—7 ақпанда өткен БОАК-тың 7-шақырылған бірінші сессиясының арнайы қаулысында бірыңғай тәжірибеге негізделген, сотқа тарту жауапкершілігіне жан-жақты кепілдік беретін, қайта өңделіп, толықтырылған ереже бекітуді ұсынды. Соның негізінде 1920 жылы 18 наурызда БОАК жаңадан «Революциялық Трибуналдар туралы ереже» қабылдады. Онда бұрынғы осы сотқа тән жүйе сақталды. Ең бастысы кассациялық трибуналдың құқы едәуір кеңейтілді. Енді іс бойынша келген наразылық пен кассациялық шағымды карап қана қоймай, барлық революциялық трибуналдар бірыңғай тәжірибеге негізделген іс-әрекеттің атқару қызметін, оны қадағалауды, іс жүргізудегі күрделі мәселені шешу қызметіне де кірісетін болды. Ал БОАК-тың жанындағы кассациялық трибуналға лайықты кадр таңдап алу құқығы берілді.

Осы ереженің нұсқасын басшылыққа алған Қазақ өлкесінің Революциялық комитеті 1920 жылы шілдеде өлкедегі Революциялық трибуналдардың атқаратын қызметі жайлы ереже қабылдады. Бұл кезде Қазақстанда бес Революциялық трибунал жұмыс жасады. Атап айтқанда: Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Бөкей облыстары. Сонымен қатар Түркістан өлкесіне қарайтын Жетісу, Сырдария облыстарында да Революциялық трибуналдар сот ісін жүргізді (ҚР ОМА, 14-к., 1-т., 81- іс, 64-пар).

Қазақстан аумағында сот ісін жүргізген Революциялық трибуналдар қазақтың дәстүр-салтына тән ұлттық құқық нормаларының бірде-біреуін заңдылық тұрғыдан танымады.

Оның есесіне Кеңестердің Бүкілқазақстандық Құрылтай съезі РСФСР заңдылығына негізделген

жаппай жазалау саясатын бірауыздан міндеттілік деп бағалады. Сондай-ақ, Революциялық трибуналдар өзге де жергілікті соттардың билігіне кіретін жаза қолданудың барлық түрлері бойынша үкім шығарып отырды. Қысқаша айтқанда, қылмыс түрлеріне сай қолданылған жазаларға: бас бостандығынан айыру, шартты түрде соттау, айып салу, айыбы үшін еріксіз жұмыс істеткізу, қоғамдық сөгіс жариялау сияқты сот шешімдері кірді. Революциялық трибуналдардың бұл қолданылған жаза түрлері – қазақ халқының хал-жағдайына қарап жасалған жеңіл жаза түрлері. Контрреволюциялық пиғылдағы, кеңес үкіметіне көңілі толмайтын таптық көзқарастағыларға қатаң жазалар қолданылды. Ең ауыр жаза – ату жазасы белгілі кезеңге дейін қолданылып келді. Жоғарыдағы жаза түрлеріне байланысты мына бір мұрағат деректерін келтіре кетсек.

Жетісу облыстық Революциялық трибуналы 1920 жылдың 1 қаңтарынан 1 тамызға дейін 69 айыптау үкімін шығарған. Оны қылмыс түрлеріне бөліп қарағанда төмендегіше: кісі өлтіру – 13, контрреволюциялық әрекет – 1, қарыздану – 39, апиын егу, оны контрабандалық жолмен алып жүру – 4, азаматтардың ар-ожданына нұқсан келтіру – 2, т.б. қылмыстар бойынша айыпталғандарға берілген жаза түрлерінің мерзімі нақты көрсетілген.<sup>1</sup>

10 жыл бас бостандығынан айыру жазасына – 4, 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға – 6, 3 жылға дейін – 25, шартты түрде – 21, құқығын шектеуге – 2, айып салуға – 4, сөгіс жариялауға – 7 айыпкер тартылып, тиісті жазаларын алған.<sup>2</sup>

Қазақ сотының тарихындағы ең ауыр да күрделі кезең – азамат соғысы жылдарындағы кеңестік үкіметтің орнығып, мемлекеттік биліктің жаңадан белең алған тұсы. Қазақстандағы сот жүйесі өз ұлты-

<sup>1</sup> Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. А., 1966, 132–133-б.

<sup>2</sup> Сонда.

мыздың болмысына тән емес, Ресейлік орталық басқару аппаратының нұсқауымен қалыптасты. Әскери революциялық комитетке қарасты заң орындары мен сот құрылымына үнемі өз билігін жүргізіп отырды. Мұрағаттық қордан алынған мына бір деректердің тарихи құны зор.

1919 жылы әскери революциялық әділет бөлімшесін басқарған халқымыздың аяулы азаматтарының бірі, репрессия құрбаны Байқадам Қаралдин қазақ өлкесіндегі халық соттары мен тергеу комиссиясы (следственные комиссии) трибуналын ұйымдастыру туралы баяндама жасаған екен. Ол өзінің баяндамасындағы «Революциялық трибунал» деген тарауында былай деп ой қорытады:

«...Саяси контрреволюциялық әрекеттерді, алыпсатарлық және аса маңызды қылмыстарды шешу үшін Ақтөбе, Темір, Ырғыз, Елек, Қостанай уездерінде бір ғана революциялық трибунал құрылған. Оны басқару орталығы Орынбордағы ревкомда болған. Әр уезд бойынша трибунал құру әзірше қажет емес. Оған арнайы қаржы шығаруға жағдай жоқ. Қылмыстық істі қарау қажет болып жатса, трибуналдың көшпелі сессиясы істі жергілікті жерде-ақ қарап шешеді. Өйткені революциялық трибуналдың төрағасы және алқа мүшелері әскери ревкомның құрамында», – деп көрсеткен. Сондай-ақ, осы баяндамадағы «Қырғыз (Қазақ) Әскери ревкомының революциялық трибуналы жанындағы ерекше тергеу комиссиясы» деген тарауда: «Трибуналға келіп түсетін істі алдын ала тергеуді уездік халық сотының жанындағы тергеу комиссиясы жүргізеді. Бұл саяси аса ірі жағдайға байланысты болса, тергеп, зерттеу үшін іс революциялық трибуналдың қарауындағы ерекше тергеу комиссиясына беріледі. Мұндағы алқа бес адамнан құрылған, төрағамен қоса. Ондағы екі адам еркін қызметте (запаста). Кез келген уақытта іссапарға барып, уездік тергеу комиссиясына көмек-жәрдем бере алады. Ко-

миссия төрағасын Әскери ревком тағайындайды, алқа мүшелерін әскери ревком сайлайды», – деп көрсеткен Байқадам Қаралдин 1919 жылғы 10 қарашадағы баяндамасында (ҚР ОМА, 14-қ, 1-т., 9-іс).

Біз бұл деректі азамат соғысы жылдарындағы Қазақстан аумағындағы бірден-бір сот жүйесі болған Революциялық трибуналдар мен оған билік еткен әскери революциялық ішкі құрылым тәртібімен таныстыра кету үшін мысалға алдық. Осы ретте архивтік қордан алынған мына бір аса құнды деректерді келтіре кеткен артық болмас. Өйткені төрт жылға созылған азамат соғысы жылдарында үздік-создық болып құрылған әрі шашыраңқы түрде билік жүргізген революциялық трибуналдар 1921 жылдың 23 маусымы күні БОАК-тың «Республикадағы барлық Революциялық трибуналдарды біріктіру туралы» декреті шықты. Яғни, РСФСР құрамындағы барлық революциялық трибуналдар ендігі жерде «БОАК-тың жанындағы біріккен Жоғарғы Революциялық трибунал» деп аталды. Міне, қазіргі таңдағы Қазақстан республикасының Жоғарғы лауазымды сот билігі осы кезден бастау алады. Бұған айқын дерек ретінде мына бір құнды құжатты келтіре кетсек.

1922 жылы 10 қаңтарда Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Республикасы Жоғарғы Революциялық трибуналының Төрағасы Арғыншиевтің ҚазОАК-қа берген есепті баяндамасында төмендегіше аталып өтеді.

«... Қазақ АССР-нің аумағында ҚазОАК-тың 1921 жылғы 6 шілдесіндегі шешімімен ҚазОАК-тың жанынан бірлескен Жоғарғы Революциялық трибуналдың ережесін жасап бекіту жүктелген еді. Бұл бізге үлкен қиындық тудырды, тез арада Жоғарғы трибунал құру аса қиынға соқты. Дегенмен де Орынбордағы Әскери ревтрибуналда 4 жылдан бері еңбек еткен, тәжірибелі қызметкер Шпигель көп көмек, жәрдем тигізді. Бірлескен жұмыс нәтижесінде 1921 жыл-

дың 1 тамызы күні Жоғарғы Революциялық трибуналдың сот құрылымы жүйесін 4 алқа негізінде құрдық. Ол: кассациялық, әскери, әскери-көліктік сот алқасы болып жүйеленеді. Ішкі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізетін бөлімдер: нұсқаушы-ұйымдастыру, сот тергеуін қадағалау, тергеу және жалпы бөлім, нұсқаушылық тергеу, статистикалық есептеу, сот шешімін орындау және коменданттық бөлім болып құрылды»<sup>1</sup>. Жоғарғы трибуналдың алқа құрамында болғандар: Арғыншиев, Шпигель, Орлов, Бондин, Голубцов, Генералов деп көрсетілген.

Бұл келтірілген дерек — Қазақстандағы ең жоғарғы сот билігі осы кезден басталатынын айғақтайды. 1922 жылғы «РСФСР сот құрылымы туралы» шыққан декреттің негізімен Қазақстан аймағындағы соттардың іс-әрекеттерін айқындаған Қазақ АССР-нің Юстиция Халық Комиссариатының 1923 жылғы 17 қаңтардағы циркуляры жүзеге асты. Онда БОАК-тың арнайы жіберген телеграфтық бұйрығына орай құрамында төраға және екі орынбасары бар губерниялық сот барлық губернияда құрылғанын, жергілікті халық соттарын қайта құрғаны жайлы, сондай-ақ, соттарды білікті судьялармен тұрақты түрде қамтамасыз етіп, халық заседательдері үнемі бірлесе қызмет атқаратыны туралы жауап жолдаған.

1922 жылдың соңы Кеңестер еліндегі барлық республикалар үшін үлкен жаңалық әкелді. Яғни, осы жылдың 31 желтоқсан күні Одақтас республикалар құрылып, КСРО-ның салтанат құрған датасы тарихи құжат болып бекіді. Осы негізбен барлық Одақтас республикалар мен РСФСР құрамындағы Автономиялық республикалар мемлекеттік мәртебелерін белгілеп, қайта құрылды. Соған орай сот, заң шығару орындарын, басқару билігін одақтық саясат негізіне сай қайта жүйелеп бекітті. Сот құрылымдары да Бүкілодақтық Атқару комитетінде қаралып,

<sup>1</sup> ҚР ОМА, 251-к., Іа-т., 26-іс.

бір жүйеге түсірілді. Томенгі сатыдан алып қарағанда халық соттары – негізгі сот құрылымы деп танылды. Одан кейін губерниялық соттар тұрды. Әрбір одақтас республикалардың Жоғарғы Соты құрылып, КСРО Жоғарғы Сотына мәлімет беріп, бір орталыққа бағынған заңдылық негізде сот ісін жүргізуді үрдіске айналдырды. Сөйтіп КСРО-дағы барлық сот жүйесі одақтық маңызға ие болды.

1923 жылдың алғашқы айларында барлық одақтас республикаларда Жоғарғы Сот құру туралы Бүкілодақтық Атқару комитетінің нұсқаулары шықты. Осыған орай РСФСР Жоғарғы Сотының 1923 жылдың 10 сәуір күнгі №31-ші бұйрығындағы п. 8-де былай деп көрсеткен:

«...При сем объявляется для руководства типовые штаты для отделений Верховного Суда в г.г. Чита и Оренбурге, утвержденные постановлением Президиума Верховного Суда от 10 февраля с.г. и Центрального Штата Комиссии при НКТ впредь до фактического обследования в количестве 52 штатных единиц. Приложение: штаты»

п.9-да:

«При сем объявляются для руководства штат Туркестанского Отделения Верховного Суда в количестве 57 штатных единиц, утвержденный постановлением Президиума Верховного Суда от 17 марта с.г. Приложение: Штат Туркестанского отделения», – деп қазіргі Қазақстан аймағына тән Жоғарғы Соттың штат кестесін анықтап берген. Осы бұйрықтың п.7-де 1923 жылдың 28 наурыз күнгі БОАК-тың қаулысы бойынша Түркістан Республикасы Жоғарғы Сотының бөлімшесіне Төраға болып Шарафутдинов, оның орынбасарлығына Гайлис тағайындалғанын атап көрсеткен.

Сонымен, 1923 жылдың 11 сәуір күнгі БОАК-тың қаулысымен РСФСР құрамында Қырғыз (Қазақ) бөлімінің Жоғарғы Соты құрылды. БОАК-тың Төра-

ғасы М.Калинин, хатшысы Т.Сапронов қол қойып бекіткен «РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (қазақ) бөлімінің ережесі туралы» №0268 тарихи құжатты толығымен келтірейік:

«1. Қырғыз Жоғарғы Сотының бөлімі мынандай құрамда іс атқарсын: а) Төралқа, б) Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа, в) Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы.

2. Жоғарғы Сот бөлімінің төралқасы: бөлім төрағасы, қылмыстық істер жөніндегі кассациялық және сот істері алқаларының төрағаларынан құрылсын.

3. Төралқа:

а) Жоғарғы Сот бөліміндегі сот мүшелерінің міндетін айқындап, бөліп береді;

б) Арнайы тағайындалған сот құрамымен сот ісі жөніндегі алқа ісін жеке дара қарайды;

в) Жоғарғы Сот бөлімі бойынша мәліметтерді жинақтап және де сот алқасының мәліметтерін қарап бекітеді;

г) Республика Прокурорының ұсынысы бойынша облыстық соттарды арнайы тексеруді тағайындап, осы тексеру қорытындысын талдап бекітеді;

д) Республика Прокурорының жеке хабарлауымен әрі тексеру қорытындысы есебінде Қырғыз (Қазақ) Жоғарғы Соты бөліміндегі сот мүшелеріне облыстық соттың төрағаларына, олардың орынбасарлары үстінен өндірістік тәртіптілік ісін қозғайды.

**Ескерту:** РСФСР Жоғарғы Соты жанындағы Қырғыз республикасы Прокурорының орынбасары Төралқа мәжілісіне кеңесу құқығы бойынша міндетті түрде қатысады.

4. Жоғарғы Сот бөлімінің Төрағасы бөлімдегі барлық жұмыстарға басшылық жасайды.

Төраға және оның орынбасары барлық алқадағы қаралатын сот істеріне төрағалық ету құқығын өзіне қабылдай алады.

5. Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа

РСФСР Қылмыстық істер жүргізу Кодексінің 437–447-баптарын негізге алып әрекет етеді. Сонымен қатар, бұл облыстық соттардағы кассациялық инстанциядағы қылмыстық істерге де қатысты.

6. Кассациялық алқаның сот мәжілісінің құрамы төрағалық етуші және екі мүшеден тұрады (үш тұлға). Жоғарғы Сот бөліміндегі кассациялық алқа жанында Прокурордың көмекшісі тіркеледі.

7. Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасына қатысты сот ісін РСФСР Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің 448 және 449-баптары бойынша сот алқасы жүргізеді.

Сот алқасындағы сот мәжілісінің құрамы үш тұлғадан тұрады. Төрағалық етуші және сот алқасы жанындағы Жоғарғы Сот Прокурорының көмекшісі.

8. Жоғарғы Соттың бөлімі Сот құрылымы туралы ережеде көрсетілген 60-баптың 1,2-тармақтарына сәйкес пленум өткізбейді. Ондай құқық РСФСР Жоғарғы сотына ғана берілген.

9. Жоғарғы Соттың бөлімінде тәртіптілік алқасы болмайды. Ондай құқы пен қызметті төралқа қарайды (3-баптың «д» тармағы).

10. Жоғарғы Сот бөлімінің құрамын бекітіп, тағайындау Сот құрылымы туралы ереженің 58-бабына сәйкес жүргізіледі», – деп көрсетілген (ҚР ОМА, 251-к., 1а-т., 16-іс).

1923 жылы 11 сәуірде құрылған РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (Қазақ) бөлімінің алғашқы Төрағасы болып 1921 жылдың қазан айынан Жоғарғы Революциялық трибуналдың Төрағасы қызметін атқарып келген Нығымет Нұрмақов тағайындалды. Қазақстандағы сот құрылымына, Әділет министрлігі мен Бас прокуратураның қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқан халқымыздың біртуар ұлы Нығымет Нұрмақов туралы ерекше атап айтқан жөн.

Жоғарғы Соттың төрағалық қызметінен кейін Қазақ АССР-нің Юстиция министрі әрі Бас проку-

роры болған Н.Нұрмақов 1924 жылдың соңында Республика Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы (қазіргі Премьер-Министрдің қызметі) болып тағайындалған. Одан кейін 1931–1937 жылдары Москвада БОАК-тың Төралқасында бөлім меңгерушісі болды. Халық үшін туған осындай аяулы азаматтың 1937 жылы сталиндік репрессия құрбандығына ұшырауы өкінішті-ақ.

1923 жылғы Жоғарғы Соттың құрамында 52 штаттық орын болған. Бірақ сот кадрларының жетіспеуінен ұзын саны 29 адам ғана нақты қызмет атқарған. Бұған мысал ретінде мына түпнұсқалық фотокошірмені келтірейік.

РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (Қазақ) бөлімінің бұл жылдардағы сот істеріне қатысты атқарған қызметтерін жан-жақты саралап беруге тарихи мұрағаттық құжаттар жеткілікті емес. Дегенмен де 1923 жылдың 18 тамызы күні алғаш рет Жоғарғы Соттың қырғыз (қазақ) бөлімінің төралқасы өзінің тікелей бұйрығымен сот алқасының негізгі құрамын бекіткені туралы сот алқасы төрағасының орынбасары А.А.Голубцовтың жасаған баяндамасы сақталған (ҚР ОМА, 251-қ., 1а-т., 63-іс). Онда 1923 жылдың 1 қаңтарынан сот алқасының төрағасы болып П.В.Алексеев тағайындалғаны, басқа мүшелері жоқ болғаны айтылған. 1923 жылғы 18 тамыздағы Жоғарғы Сот төралқасының бұйрығынан кейін ғана аталған сот алқасының мүшелері бекітіліп, өз жұмыстарын ойдағыдай атқарып, сот ісін жетілдірген.

Ал Жоғарғы Соттың Қырғыз (Қазақ) бөліміне бұл кезде И.И.Кочкин уақытша тағайындалып, төрағалық еткен. Жоғарыдағы аты аталған алқа мүшелерінен басқа Т. А. Арыстанбеков, М.Н.Демме сот алқаларына басшылық жасап, іс жүргізу талабын күшейте түсті.

РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (Қазақ) бөлімінің 1924 жылғы атқарған қызметі жайлы айтар болсақ, бұл кезең кеңестік социалистік жүйе өзінің

мемлекеттік билігін одан сайын күшейткен түс болатын. Социалистік қоғамға тән заңдылық нормаларын жүзеге асыруда соттардан қырағылық танытуы күшейтілді. Ел ішіндегі жат элементтерді жоюдағы тап күресінің саяси мәніне негізделген заңдарды тиынақты түрде қолдануды барлық инстанциядағы соттардан талап етті.

1924 жылдың 1 наурызынан РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (Қазақ) бөлімінің Төрағасы болып Тілеужан Мұқашев тағайындалған. Т.Мұқашев Қазақстандағы сот, прокуратура ісіне еңбегі сіңген заңгер еді. Ол да сталиндік қуғын-сүргіннен аман кетпеді. 1924 жылдан 1925 жылдың маусымына дейін Жоғарғы Соттың Төрағасы, 1926–1928 жылдар Орал округінің прокуроры, кейін Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімінде алқа мүшесі, 1937 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Соты Төрағасының орынбасары болған.

Т.Мұқашев РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (Қазақ) бөлімінің 1924 жылғы бір жылдық жұмысы туралы есепті баяндамасында РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (Қазақ) бөлімінің сот ісін жүргізудегі рөлі мен құзыры туралы айтып өткен. Онда Жоғарғы Сот – республикада ең жоғарғы құзыретті құқығы бар сот ұйымы ретінде Қазақстан аумағында барлық сатыдағы соттарға бақылау жасайтыны анықталған. Сондай-ақ губерниялық және халық соттарының қылмыстық істер жөніндегі шығарған шешімдеріне риза болмаған талапкерлер шағымын қарауға; Әскери көлік (транспорттық) трибуналы мен аса маңызды істерді қарайтын бірінші сатыдағы соттан басқа барлық соттардың кез келген ісін қадағалау тәртібімен бақылап, қарауға құқты делінген.

Төралқа құрамы Жоғарғы Сот бөлімінің Төрағасынан және сот алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқадан тұрды. Ал атқаратын қызметіне: а) алқа мүшелері арасындағы жеке-жеке орындайтын міндеттерін бөліп беру, б) губерниялық

соттардың қарамағындағы судьяларды тағайындау, в) өндірістік тәртіп жөнінде іс қозғап қарау, г) арнайы бұйрықтар мен нұсқауларды қарап бекіту, – деп көрсетілген.

1924 жылы Төралқа мәжілісі 31 рет шақырылып, 77 әртүрлі істерді қараған. Оның ішінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты 11 іс, губерниялық соттарды тексеру жөнінде 7 баяндама, губерниялық соттардың тәртіптілік алқасы қараған шешім туралы 6, өндірістік тәртіптілік мәселесі жөнінде 4, ішкі циркуляр және түрлі түсіндірмелер, губерниялық соттарды тексерушілер туралы 3, қазақ тілінде іс жүргізуді жеделдету жөнінде 6, сот алқалары атқарған істер туралы 3, Жоғарғы Соттың ережесі туралы 5, соттарды қызметке тағайындау және ауыстыру жөнінде 6, өзге де ұйымдық жұмыстар туралы 10 іс қарап шешім қабылданған. Соның ішінде қазақша іс жүргізу мәселесі өте баяу орындалған. Сотта қазақша іс қарайтын судьялар өте аз болған, ұлттық кадр жоққа тән еді.

Т.Мұқашевтің жыл қорытындысында жасаған баяндамасында назар аударарлық нәрсе – 1924 жылы қазіргі Қазақстан аумағында Ақмола, Семей, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай, Орынбор, Орал губерниясы және Адай уезі болған. Одан кейін Жетісу, Сырдария губерниясы және Қарақалпақ Автономиялық облысы қосылған. Осыншама ұлан-ғайыр аймақтағы барлық соттармен етене жұмыс жасау Жоғарғы Соттың Қазақ бөліміне жүктелген еді. Нақтылай айтқанда 2845, 273 шаршы метр аймақта шашыраңқы жатқан 6 216 672 халықтың құқықтарын қорғауда 7 губерниялық сот, 3 облыстық сот және губерниялық сот дәрежесіндегі Адай уездік соты жұмыс жасаған (ҚР ОМА, 251-к., 1а-т., 74-іс).

РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз бөлімшесінің 1924 жылғы жұмысы жөніндегі сол кездегі Төраға Тілеужан Мұқашевтің жыл қорытындысында жасаған есепті ба-

яндамасының тарихи құны зор. Осы баяндаманың бас жағындағы «Жоғарғы Сот қырғыз бөлімінің құзыры мен рөлі», «Соттылық аумағы» деген бөлігінен басқа баяндама мәтінін толық беруді жөн көрдік. Жоғарғы Сот құрылған алғашқы жылдың қорытындысы бұл баяндамада жан-жақты талданып көрсетілген, құнды деректер мол. Сондықтан баяндама мәтінін толықтай келтірейік. Бұл тарихи құжаттың бір әрпін де өзгерткен жоқпыз. Қырғыз деген атау – Қазақ деп оқылғаны дұрыс.

### **«Бөлім Төрағасының құзыры мен құқығы»<sup>1</sup>**

Бөлім Төрағасының құзыры мен құқығы мынандай:

1. Алқа жұмыстарын, жалпы бөлім қызметін жеке басқарып, қадағалап отырады;

2. Қандай да болмасын істер бойынша алқа отырыстарына төрағалық етеді;

3. Қырғыз бөлімінің Төралқасына төрағалық етеді және онда талқыланып, шешімін табуға тиісті мәселелерді жоспарлайды;

4. Кез келген қылмыстық істі қарауға сұратып алып, қажет болса оны тоқтатуға құқылы;

5. Қол астындағы, тіпті бөлім алқаларының заң күшіне енген үкімдері мен шешімдеріне наразылық білдіре алады;

6. Өлім жазасына бұйыру туралы үкімді тоқтатып, істі бақылау тәртібімен қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқадан қайта қарауға сұратып алдыра алады;

7. ҚССР-на қарасты барлық сот органдарының соттары, сондай-ақ Жоғарғы Сот бөлімі алқаларының төрағалары мен мүшелері, губерниялық соттар мен олардың мүшелері, губерниялық прокурорлар мен олардың орынбасарлары және губерниялық сот-

<sup>1</sup> КР ОМА, 251-к., Іа-т., 26-іс.

тардың барлық қызметкерлері үстінен тәртіптік іс қозғай алады;

8. Тығыз байланыста болу мақсатымен, кеңесші дауыспен Қырғыз ӘХК (Әділет Халық Комиссариаты) алқаларының отырыстарына қатысады;

9. Қаражатқа билік етеді, бөлімде әкімшілік басқару ісін жүзеге асырады.

### **Төралқа қызметінің аясы**

Бөлім Төралқасы бөлім Төрағасынан және сот, қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқалардың төрағаларынан тұрады. Оның қызмет аясы мынадай:

А) алқа мүшелерінің міндеттерін белгілеп, жеке алқаларға орналастыру;

Б) тәртіптілік істерді қозғап, оны қарау;

Г) циркуляр мен нұсқауларды қарап бекітеді.

### **Төралқа жұмысы**

Өткен 1924 жылы Төралқаның 31 мәжілісі өткізілді. Онда барлығы 77 мәселе талқыланды. Оның ішінде 11 ұйымдастыру мәселелері, 7-уі губерниялық соттарды тексеру қорытындылары жөніндегі есептер, алтауы губерниялық соттардың тәртіптік алқаларының шешімдерін қарауға арналды, 4 тәртіптілік іс, 16-сы циркулярлар мен басқа да түсініктемелерді, 3-і губерниялық соттарды тексеретін адамдарды белгілеу, 6-уы іс қағаздарын қырғыз тілінде жүргізу, 5-і Жоғарғы Соттың қырғыз бөлімі туралы, 6-ы тағайындау және ауыстыру мәселелеріне арналды. Басқа да әртүрлі 10 мәселе талқыланды. Республика прокуроры қызметін қатар атқаратын, ҚССР Әділет Халық Комиссарының өзі немесе оның аға көмекшісі бөлім Төралқасының мәжілісіне кеңесші дауыспен қатысып отырады. Сонымен қатар Республика прокурорының көмекшісі қырғыз бөлімінің жанында тұрақты жұмыс істейді.

Жоғарғы Соттың Қырғыз бөлімі Төралқасында қаралған мәселелердің мазмұнына қарап, 1923 жылмен салыстырғанда Төралқа жұмысы едәуір жанданды деп айта аламыз. Қаралған мәселелердің ішінде циркулярлар мен губерниялық соттардың қойған сұрақтары бойынша берілген түсініктемелер бірінші орында тұр. Берілген түсініктемелердің ішінде анағұрлым маңыздыларының бірі болып ҚПК-тің (Қылмыстық процессуалдық кодексі) тұтқынды мерзімінен бұрын босатуға қолданылатын 463-бабы есептелінді. Үкім шығарар кезде бұлтартпау шарасын (мера пресечения) өзгерту ҚПК-нің 341-бабы бағытында түсіндірілді. Бірінші инстанциядағы сотта іс қарауға қатысқан адам осы іс бойынша екінші инстанциядағы сотқа қатысуға болмайтыны жөнінде де жан-жақты әңгіме болды.

Бұдан басқа ҚКА-ның (Қылмысты істер Кассациялық алқасы) ұсынысы бойынша бірталай циркулярлық түсініктемелер жарияланды. Олар мынадай мәселелерге арналды: айыпкердің кәметке жетуі күдік тудырса оның жасын құжаттар арқылы анықтаудың қажеттілігі туралы, сот шығындарын өндіріп алу тәртібі, қылмысты істер кодексінің 28-бабын қолдану, қылмыс кодексінің ақсақалдар сотына қарсы күресі жөніндегі бабын қолдану туралы, мал тонаушылар тобына қылмыс кодексі 184-бабының 2-тармағын қолдану тәртібі, 1923 жылғы КОАК-нің кешірімін (амнистия) қолдану тәртібі туралы. Есеп беріп отырған жылы Төралқа іс қағаздарын қырғыз тілінде жүргізу туралы мәселе қойды. Өйткені, 1924 жылы жергілікті жерлердің барлығында губерниялық соттармен қатар қырғыз бөлімшелер де жұмыс істеді. Жоғарғы Соттың Қырғыз бөлімінде де қырғыз тіліндегі істер көптеп түсіп, оларды сол тілде жүргізуге мәжбүр болдық. Бұл мәселе бір жыл ішінде 6 рет талқыға түсіп, төралқа қанша күш салғанымен, 1924 жылдың бірінші жарты жылдығында еш нәтиже бол-

ған жоқ. Тек осы жылдың екінші жартысында ғана Жоғарғы Соттың Қырғыз бөлімінің қылмысты істер кассациялық алқасында сот талқылары қырғыз тілінде жүргізіле бастады. Бұл тұрғыда басты қиындық қырғыз тілін білетін, сот ісімен таныс кадрлардың жоқтығы еді. Осыған қарамастан 1925 жылдың басына қарай, аз да болса мұндай кадрлар келе бастады. Сөйтіп, қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа қырғыз істері бойынша алынған шешімдерін, үкімдерін қырғыз тілінде шығаруға мүмкіндік алды.

Есеп беру кезеңінде барлық губерниялық соттарға тексеру жүргізу жөніндегі Төралқа шешімі толық орындалды. Тексеріс жұмыстары Қырғыз Әділет министрлігі өкілдерімен бірге жүргізілді. Бұл жұмыстар 1924 жылдың аяғына қарай бітті. Тек қана ҚССР-ы құрамына жылдың соңында кірген үш облыстық соттың жұмыстары тексерілген жоқ. Сот жұмыстарын тексеруге барған лауазымды адамдардың жергілікті жерлерде берген нұсқауларынан тысқары, Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінің Төралқасы тексеру актілерін тыңдап, өз тарапынан директивалық нұсқаулар берді.

Тексеру қорытындысы біздің губерниялық соттар әкімшілік орталық ретінде өз дәрежесінде көріне алмай отырғанын, халық соттарына басшылықтың да осал екенін байқатты. Дегенмен соңғы кездерде губерниялық соттар құрамының жаңаруына, маман-кадрлардың келуіне байланысты істің оңға баса бастағанын айтқан жөн.

Таптық бағыттағы жазалау саясатына келетін болсақ, бұл талаптарды губерниялық соттар орындап келеді. Ал азын-аулақ кемшіліктер болса, ол – губерниялық соттардың жазалау саясаты жұмыстарын дұрыс есепке алмауының салдары. Өз жұмыстарына және кадрлар іріктеу сапасына қарай губерниялық соттарды екі топқа бөлуге болады: бірінші топқа қанағаттанарлық жұмыс істеп келе жатқан және маман

кадрлармен қамтамасыз етілген Ақмола, Орынбор, Орал және Семей облыстары, екінші топқа жұмыстарында әлі де болса елеулі кемшіліктер байқалып келген Ақтөбе, Бөкей, Қостанай соттары жатады. Енді Жоғарғы Соттың Қырғыз бөлімі қылмыстық істер кассациялық алқасы қараған істер бойынша, келешекте тиімді пайдалану үшін әрбір губерниялық сот мүшелеріне жеке-жеке мінездемелер беру қажеттілігіне тап болып отыр.

Қырғыз бөлімі, Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінің жағдайы туралы сан рет мәселе талқылады. Оның басты себебі қырғыз бөлімінде азаматтық кассациялық алқаның болмауына байланысты бөлім губерниялық соттарға толық ықпал жасай алмады. Азаматтық істер Қырғыз бөлімін орағытып өтіп жатты. Тексеріс кезінде губерниялық соттар тарапынан Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі жанынан азаматтық істер жөніндегі сот алқасы ашылғаны жөн болар еді деген ұсыныстар болғанын байқадық. Бұл азаматтық істерді кассациялық тәртіппен қарауды тездетер еді, ҚССР-ының ғұрыптық ерекшеліктерін айшықтай түсер еді деген пікірлерін талай рет естідік. Осы мәселе жөнінде біз Әділет Халық Комиссариаты арқылы Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі жайындағы ережелерді қайта қарап, азаматтық істер кассациялық алқасын ашу жөнінде Қырғыз Орталық Атқару комитетіне (КирЦИК) екі қайтара ұсыныс енгіздік. Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі Төралқасы мен Қырғыз Орталық Атқару комитетінің (ҚОАК) қаулыларын өткізу мақсатымен бөлім соты төрағасының орынбасары Мәскеуге жіберілді. Қазірде бұл мәселе шешілу үстінде. РСФСР Әділет халық комиссариаты Қырғыз Орталық Атқару комитетінің қаулысы бойынша өзінің қорытындысын берді. Онда РСФСР ӘХК-ты Қырғыз бөлімінде азаматтық істер кассациялық алқасын ұйымдастыруға, Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінде Пленум құруға, жалпы оның күкын кеңейтуге келісім берді. Сондай-ақ, Төралқаға

Жоғарғы Соттың Қырғыз бөлімі жауапты қызметкерлерін тағайындау, ауыстыру мәселелерін де жиі қарауға тура келді. Оның басты себебі кадр тапшылығы, сот мүшелерінің ұзақ уақыт басқа жұмыстарға жіберілуі еді. Мысалы, кейбір сот мүшелері бір жыл ішінде 3 ай бойы өз міндетіне жатпайтын басқа жұмыстарда болды. Әрине, мұның қосымша қызмет ретінде жұмыс істеп жүргендерге қатысы жоқ. Өйткені, олар жыл ішінде небары бір айдай ғана еңбек етеді.

РСФСР Жоғарғы Соты қырғыз бөлімінің Төралқасы губерниялық соттар қызметкерлерінің үстінен 3 тәртіптік іс қозғады. Бұл істер бойынша екі адамға сөгіс жариялау жөнінде қаулы алынды, бір іс әкімшілік тәртіпте қаралды.

Губерниялық соттардың тәртіптік алқалары қаулыларына жасалған наразылықтар бойынша 6 іс қаралған. Оның біреуі қайта тергеуге қайтарылды, екеуі жаңадан тергеу жүргізуге жолданды, тәртіптілік алқаның жұмыстан босату туралы шешімі өзгертіліп, сөгіс жариялаумен ауыстырылды, бір шешім күшінде қалдырылды, енді бір шешім тәртіптік айыпқа тартылушының ісінде сауалнаманың (анкетаның) жоқ болуына байланысты кейінге қалдырылды.

Осы жылы Төралқада бөлім алқаларының жұмыстары туралы есептері тыңдалды. Олардың 1923 жылғы жұмыстары туралы есепті баяндамалары 1924 жылдың басында қаралған. Жалпы алқа жұмыстары қанағаттанарлық деп танылды. Сот алқасына тергеу жұмыстарын нығайту шараларын тиянақты жүргізу жөнінде, кассациялық алқаға жиналып қалған іс қағаздарын тездетіп қарап, олардың көлемін азайту ұсынылды.

Шілде айында кассациялық алқаның 1924 жылдың бірінші жарты жылдығында атқарған істері жөнінде есепті баяндамасы тыңдалды. Алқа жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, жұмысты ойдағыдай

үйлестіру үшін Қырғыз Әділет халық комиссариатымен тығыз байланыс жасап отыру ұсынылды. Қырғыз Әділет халық комиссариаты жергілікті жерлердегі тергеу аппаратын кадрлармен қамтамасыз ету ісіне баса назар аударсын деген қаулы алынған. Мұндай қаулы алуға кассациялық алқаның есепті баяндамасында айтылған дәйекті пікірлер себеп болды. Онда алдын ала тергеу жүргізудің шалағайлығына байланысты көпшілік үкімдер кассациялық алқада қолдау таппайтыны, сол сияқты тергеу жұмыстары баяу да сапасыз, біржақты жүргізілетіні, құжаттардың шикі дайындалатыны атап көрсетілген болатын. Сонымен қатар қылмыстық істер алқасы басқармасы жергілікті жерлерде ақыл-кеңес, нұсқау беру орны ретінде пайдаланылсын деген қаулы қабылданды.

Жоғарғы сот Қырғыз бөлімі Төралқасының берген циркуляры мен нұсқауларынан басқа 1924 жылы басшылыққа алу үшін РСФСР Жоғарғы Сотының 35 циркулярлары жер-жерлерге жіберілді. Оның 6-сы Қылмыстық кодекстің баптарын түсіндіруге арналған, 7-сі Қылмыстық процессуалдық кодексті, 13-і Азаматтық процессуалдық кодекс баптарын түсіндіруге, 4-і кешірімді қолдану тәртібін, 1-і прокурорлар мен губерниялық соттардың қарым-қатынас тәртібін түсіндіруге арналды. Осы жылы бөлім төрағасының өлім жазаларын орындауды тоқтатып, бақылау тәртібі бойынша істерін сұратып алғанын, 440-бап негізінде бақылау тәртібі бойынша губерниялық және халық соттарынан істерді шақыртып алғанын, атап айтқан жөн.

### **Іс басқармасы**

Ереже бойынша бөлімдегі іс басқармасының қарамағында: секретариат, жалпы кеңсе, қаржы-шаруашылық бөлімі, мұрағат, комендатура болуы керек. Бірақ бұл бөлімдер іске қосылған емес. Осы міндеттердің бәрі қолда бар жалпы кеңсе

қызметкерлерінің мойнына жүктелді. Бұл жеңіл жүк емес еді. 1923–1924 жылдардағы бюджеттік жылы Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінің штаты белгіленді, оған қырғыз тілінде іс жүргізетін бір штат қосылды. Сөйтіп бөлім штаты 62 адамнан тұратын болды. Іс жүзінде мұның 47 процентін ғана пайдалана алдық. Жаңа бюджет жылында штат қысқартылып 62 адамның орнына 38 адам белгіленді. Соның өзінде қолда бар қызметкерлер саны мұның 55 проценті ғана болды. ҚССР-ның аумағының кеңеюіне байланысты штатты ұлғайту мәселесі алда тұрды. Өзіміздің жеке құрам бойынша қызметкерлер былайша бөлінді: басқарушы-әкімшілік құрам, әлеуметтік жағынан – 3 жұмыскер, 4 шаруа, 1 қызметкер бәрі де Ресей большевиктік-коммунистік партиясының (РКПб) мүшелері өтіл (стаж) бойынша 1917 жылға дейінгі 1 адам, 1918 жылға дейінгі 4 адам, 1919 жылға дейінгі 2 адам болды. Білімдеріне қарай: төменгі білімді 6 адам, орта білімді 2 адам, іс-тәжірибелік өтілі бойынша 1 жылдан 3 жылға дейін өтілі бар 5 адам, 6 жылдан артық жұмыс істеген 2 адам болды. Ұлттық құрамы бойынша: 3 қырғыз, 5 орыс бар, жынысы жағынан 1 әйел, қалғандары ер адамдар. Басқа қызметкерлер жыныстары бойынша: 10 еркек, 3 әйел, ұлты бойынша 2 қырғыз, 10 орыс, әлеуметтік құрамы бойынша 10 шаруа, 3 қызметкер. Партиялық жағынан: 2 РКП(б) мүшесі, 1 кандидат және 1 РКЖО мүшесі, 9-ы партияда жоқтар, білімдері бойынша: төменгі білімді 8, орта білімді 2, жоғарғы білімді 1 адам бар. Келтірілген мысалдар Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі қырғыз мамандармен қамтамасыз етілмей отырғанын көрсетеді. Әлі де болса бұл жағдайды түзетуге мүмкіндік болмай отыр. Ал Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінің қаржымен қамтамасыз етілуі жағдайына келсек, 1924 жылдың қаңтарынан желтоқсан айына дейін жауапты қызметкерлердің еңбек ақысы

40 процентке, техникалық қызметкерлердің еңбек ақысы 30 процентке өскенін атап көрсеткен дұрыс.

### **Іс басқармасының жұмысы**

Есеп беріп отырған мерзім ішінде жалпы кеңсе арқылы 2270 шығыс және 2550 кіріс қағаздары, 101 шығыс, 296 кіріс құпия хаттар өтті. Қырғыз бөлімі бойынша 95 әкімшілік бұйрық берілді. Жаңа бюджеттік жылда бухгалтерия бойынша итальяндық қос жүйе әдісімен кітапша ашылды. Іс басқармасында қызмет ететін адамдардың саны тым аз болғанымен жұмыс бір қалыпты жүрді.

### **РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз бөлімі қылмыстық сот алқасының жұмысы**

1924 жылы бұл алқаның құрамында төрағасы И.Кочкин және мүшелері: Голубцова (тұрақты), Оразбаев болды. Оразбаев алқада қосымша қызметкер ретінде жұмыс істеді. Іс жүзінде ол осы жылы бір де бір сот немесе реттеуші мәжілістерге қатынасқан емес. Сондықтан да сот және реттеуші мәжілістерді 12 адаммен өткізуге тура келді. Жоғарғы Сот, сот алқасы арқылы жауапқа тартылғандардың ішінде 2 әйел, 193 еркек болды. Осы есеп беріп отырған мерзім ішінде сот алқасы қараған қылмысты істер түрлері мынандай: мемлекеттік қылмыс – 2, басқару тәртібіне қарсы – 1, қызметтік – 35, шаруашылық – 3, адам өміріне қарсы – 5, мүліктік – 9, әскери – 3. Бұл уақытта Жоғарғы Сот қылмыстық істер алқасында 4 сот мәжілісі, 35 реттеуші мәжіліс өткізіліп, онда 78 мәселе қаралды.

Бұдан басқа Жоғарғы Соттың сот алқасы жанында құрамында 2 маңызды істер жөніндегі тергеуші, тергеу бөлімі бар. Бұл екі тергеуші өздерінің негізгі міндеттерімен ғана шұғылданып қоймай, оған қоса кассациялық істер бойынша қорытындылар беру жұмысымен де айналысады.

Есеп беріп отырған уақыт ішіндегі тергеу бөлімінің жұмысы мынандай болды: 1924 жылдың қаңтарына 1923 жылы аяқталмаған 9 іс қалды. 38 іс түсті, барлығы 47 іс қаралды.

Тергеу бөлімінде жатқан істердің 14-і қылмыстық процессуалдық кодекстің 203-бабына сәйкес қысқартуға жіберілді, 4 іс ҚПК-тың 211-бабы бойынша сотқа берілді; соттауға жататын 3 іс, 14 тергеу істері сотқа жолданды. Үш іс прокурордың қарауына берілді. Сөйтіп, 1925 жылдың 1 қаңтарына тергеу бөлімінде қаралмаған 9 іс қалды. Жалпы тергеу бөлімінде барлығы 132 адамға іс қозғалды. Оның 10-ы тұтқында ұсталды, 122-сі бостандықта болды.

### **Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық комиссияның қызметі**

Жұмыс көлеміне қарай қылмыстық істер жөніндегі алқа Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі жұмыстарының негізгі ұйытқысы болып табылды. 1924 жылы ҚКА арқылы 430 іс өтті. Бұл тұста алқаның қандай жағдайда жұмыс істегенін айтпай болмайды.

Жеке құрамды ұстауға қаражаттың жетіспеуіне байланысты Жоғарғы Соттың қылмысты істер жөніндегі алқасындағы сот мүшелерінің санын 3-ке дейін шағындауға тура келді. Оның өзінде жаңағы үш адам біреуі бұл міндетті қосымша жұмыс ретінде атқарды. Осыған қарай сот алқасының белгілеген сот мүшелерін үнемі ҚКА жұмысына пайдалануға мәжбүр болдық. 1924 жылдың соңғы айларына жиналып қалған істерді азайту шараларын қолдандық. Соған қарамастан істердің көлемін қажетті мөлшерде азайту қолымыздан келмейді. Оның себебі Қырғыз республикасының аумағының ұлғаюына, істер санының көбеюіне байланысты еді. Бұрын 7 губерниялық соттар және губерниялық сот құқығы бар Адай соты болса, бұған жаңа аумақтың енуіне байланысты тағы да үш облыстық сот қосылды. Халқының саны,

аумағы жағынан олар КССР құрамындағы бұрынғы аса ірі облыстарға пара-пар еді. Сөйтіп, енді алқа мүшелерінің санын көбейту мәселесі күн тәртібінде тұрды.

Жыл басында, әсіресе, тергеуші-мәліметшілер тапшылығы айқын сезінеді. Олар істерді алдын ала әзірлеу және прокурорға материалдар дайындау істерімен шұғылданатын. Тергеуші-мәліметшілердің бәрі де партияда жоқтар еді. Кей жағдайларда тергеуші-мәліметшілердің тұжырымдары істі таптық тұрғыдан қарау талаптарына сай келмеді. Сондықтан да барлық қылмысты істер бойынша өзінің қорытындысын беріп отыратын прокуратура өкіліне мұндай материалдарды үлкен сақтықпен, ықтиятты тексеруге тура келді, тергеушілер жіберіп қойған олқылықтарды түзетіп отырды.

Тергеуші-мәліметшілердің жұмысы зор ұқыптылықпен қатар, заң жүйелерін терең ұғынуды, мол тәжірибені қажет етті. Онысыз кассациялық шағымдарды, алдын ала тергеу және соттың тергеу материалдарын дұрыс бағалау жұмыстарын жемісті жүргізу мүмкін емес болатын. Ал, қырғыз бөлімінде маман кадрлар үнемі жетіспей келеді. Кассациялық қылмыстық істер алқасының жұмысы жайлы әңгіме қозғалғанда, кадрлар тапшылығын былай қойғанда, сот мүшелерінің бір жұмадан 3—4 айға дейін партия, кеңес жұмыстарына жегу жиілеп барады. Бұл да алқа жұмысына кері әсерін тигізді. Соған қарамастан есеп беріп отырған жыл ішінде 401 іс қаралды, бұдан басқа ҚПК 441-бабына сәйкес 26 істі прокурор мен ҚКА төрағасы, бөлім төрағасы қарап, бақылау тәртібімен бұл істерді тоқтатты. Бұл тұста прокурор мен тергеуші-мәліметшілер келіп түскен істердің қылмыстық кассациялық алқада (ҚКА) бір жұмадан артық жатпағанын айту керек. Осыған орай алқа жұмысын қанағаттанарлық деп айта аламыз.

Атқарылған жұмыстарды айқындап көрсету үшін 1923 жыл мен 1924 жылды салыстырған жөн.

Кешірім бойынша 47 айыпкер тұтқыннан босатылды, 8-і ату жазасы, бас еркінен айыру жазасымен ауыстырылды.

Бұдан басқа ҚПК 437-бабы бойынша 190 айыпкердің жазалары жеңілдетілді. Оның ішінде 25 өлім жазасына тартылғандар да бар. 4 адамға қылмыс кодексінде белгіленген ең төменгі жаза санкциясы қолданылды. Мұның бәрін БОАК құптап бекітті. 5 айыпкерден сот белгілеген қатаң оңашалау шарасы алынып тасталды, 19 айыпкердің жаза мерзімдері қысқартылды немесе құқығын жою кесімдері біржола алынып тасталды, 7 айыпкердің пәтерінен шығару жөніндегі сот үкімі алынды, 2 айыппұлға тартылған айыпкерлердің айыппұл мөлшері қысқартылды, сот шығындарын төлеу мөлшері кемітілді. Бұл тұста губерниялық соттардың жөн-жосықсыз негізсіз құқығынан айыру жазаларын ерсілі-қарсылы қолдана беретінін, мұндай үкімдерден адамдар не үшін, қандай себеппен, қандай негізде құқығынан айырғанын түсіну қиын келетінін айту керек. Тура осылайша негізсіз қатаң оңашалау жөніндегі үкімдер де сирек болған жоқ. Соның салдарынан бас еркінен айырылғандарды ұстайтын үйлерде мұндай жазаларды орындауға орын жетпеді. Сол сияқты губерниялық соттар азық-түлік салығы бойынша үкім шығарғанда кейде шаруалардың шаруашылық жағдайларын толық ескермей мүліктерін конфискациялап тым қатал жазалар қолданып жүрді. ҚПК 418-бабы негізінде қаралып жатқан істерді сотталғандар деп аталған 38 адамды қылмыскер ретінде қудалау тоқталды. Кей жағдайларда кешірімдерді дұрыс қолданбауға байланысты мұндай шешімдерді бұзуға тура келді. Әсіресе Қырғыз Орталық Атқару комитетінің кешірімін қолдануда қателіктер көп болды, 19 сот-

талғандарға кешірім дұрыс қолданылмады деп табылды. БОАК-тың кешірімін 8 сотталған адамға негізсіз қолданғандықтан алынып тасталды. Қылмыс кодексінің 18-бабындағы «б» тармағын дұрыс қолданылмағандықтан үш іс бұзылды. Бұл тұста айта кететін бір нәрсе, көп жағдайда ҚОАК кешірімдерін алып тастағанда оның орнына пролетарлық революцияның 5 жылдығы құрметіне жасалған БОАК кешірімі немесе ССРО-ның құрылу құрметіне жарияланған кешірімдер қолданылып жүр. Олай болса кешірімді алып тастағаннан жапа шегіп, жазалау мерзімдері ұзарып кеткендер кемде-кем. Зиян шеккендер негізінен пролетарлық ортадан шыққандар болды.

Кассациялық алқа 51 ату жазасына бұйырылғандардың барлығының 18 ісін қарады. Оның ішінде қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы 18 үкімді күшінде қалдырды, 11 істі қайта қарауға жіберді, ал 22 үкім не кешірім бойынша, немесе ҚПК-нің 43-бабы бойынша өзгертіліп, ұзақ мерзім тұтқында ұстау жазасымен ауыстырылды. Мұны былай қойғанда, БОАК-та ату жазасына бұйырылған қылмыскерлердің біразына кешірім жасалды. Сөйтіп, 1924 жылы өлім жазасына бұйыру жөніндегі үкімдердің 10-ы ғана орындалды. Оның ішінде 4-і қылмыс кодексі 76-бабының 1-тармағымен, 2-і 184-баптың 3-тармағымен, 2-і 59-баптың 2-тармағымен, 1-і қылмыстық кодекстің 60–64-баптары бойынша жауапқа тартылғандар.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы істерді қарау кездерінде кейбір істердегі мәліметтер бойынша қылмысты істерге қатысы бар адамдардың жауапқа тартылмай қалғанын анықтады. Осыған орай мұндай адамдарға қылмыстық іс ашу жөнінде прокурорлық бақылауға ұсыныс жасады.

Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі қарауына сот прокурорының 4 наразылығы ұсынылды, ол РСФСР Жо-

гаргы Соты Төралқасында қаралып, үшеуі толық, біреуі жартылай қанағаттандырылды.

Мінеки, ҚКА-ның 1924 жылы атқарған жұмыстары осындай. Алқаға түскен істердің бәрі де мұқият тексерілді. Өйткені оларды ең алдымен тергеуші-мәліметшілер алдын ала тексеріп өздерінің қорытындыларын береді, одан кейін іс прокурордың қарауына түседі, сот мүшелері, ең ақыры кассациялық алқа қарайды. Сондықтан да істердің көпшілігі ҚКА-ға түскенмен қанағаттандырылған наразылықтардың саны көп емес. Көп жағдайда үкімдер тексеру барысында өзгертіледі. Сөйтіп, қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сот алқасы ең басты тексеру органы болып табылады. Өйткені ол өз ырқымен тексеру жұмыстарын жүргізіп, барлық кемшіліктердің бетін ашып отырады.

Біздің жазалау саясатымыз туралы да айтқан жөн. Әрине, сот жазалау саясатында елеулі рөл атқарады. Сондықтан да ҚКА соттардың әрбір іске таптық тұрғыдан қарауын қадағалап отырады. ҚКА екінші инстанциядағы сот болғандықтан оның қолында тірі адам емес, іс қағаздары ғана болады. Дегенмен, осы қағаздарға қарап біраз қорытындылар жасауға болады. Жергілікті жерлерде өлім жазасы негізінен топтасқан қарақшылық, бандитизм үшін сотталғандарға қолданылады. Көп жағдайда бірінші инстанциядағы соттар мұндай қылмысқа қандай жағдай итермеледі, жоқтық па әлде жұмыссыздық па? Міне, осылар ескерілмеді. Сондықтан мұндай істерді ҚПК 437-бабы бойынша жазаны жеңілдету жолымен түзетіп отыруға тура келді. Әсіресе, айыпкердің қай тапқа жататынын анықтау ісінің қанағаттанғысыз болуы жұмысқа едәуір қырсығын тигізді. Осы себептен алқа тексеру кезінде бұл жағдайға мұқият назар аударуға мәжбүр болды. Ал жазалау саясатына келсек, бұл тұста әсіресе паракорлар қатты қуғынға түсті. ҚССР-да

мал ұрлаудың етек алуына байланысты да қатал шаралар қолданылды. Өкініштісі губерниялық соттар негізсіз болсадағы мал тонаушыларды жауапқа тартуда қылмыстық кодекстің 184-бабының 2-тармағын пайдалана бастады. Осыған орай қылмыстық кассациялық алқа бұл мәселе бойынша дербес анықтама беру мақсатымен циркуляр шығарды. Сондай-ақ салық салу объектілерін жасырушылардың істерін қарау компаниясы өткізілді. Егер губерниялық соттарда қателіктер болса, ҚКА оны өздерінің анықтамаларында көрсетіп отырды. Осы жылы мұндай 10 анықтама жасалды. Бұдан басқа анықтамалардың өзіндегі қателіктер де көрсетіліп отырылды. Шынын айтсақ, ҚКА-ның іс тәжірибесі толық пайдаланылып отырылған жоқ. Қылмысты істер алқасының жұмысын сот тәжірибесінің жеке көріністері, жүргізілген істердің саны, саласы және наразылық шағымдар бойынша олардың өзгеру-өзгермеу нәтижелері арқылы біршама қорытындылауға болады.

Губерниялық соттардан келген істердің көпшілігі ҚКА-ға кассациялық шағымдар бойынша түсті. Атап айтқанда ҚКА қараған 404 істің 285-і, яғни 70,5 проценті кассациялық шағымдар негізінде қаралды. Үкімді өзгерту көбіне тексеру барысында жүргізіледі. Қалған істер ҚКА-ға прокурордың наразылығы бойынша немесе бақылау тәртібімен келеді. Мұндай 14 іс түсті, оның 10-ы қанағаттандырылды. Көп қателіктер жіберілуіне байланысты халық соттарының істерін Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінің Төрағасы немесе республика Прокуроры сұратып алып отырды. Біздің губерниялық соттардың жағдайын толығырақ аңғару үшін 1924 жылы ҚКА қараған істердің сандарын, кассациялық және қадағалау тәртібімен қаралған істердің қаншасы бекітіліп, қаншасы жабылғанынан мысал келтірген дұрыс.

ҚКА арқылы өткен істер бойынша 1144 адам жау-

апқа тартылды. Бұл үкімдердің 761-і, яғни 66,5 проценті бекітілді, 383 немесе 33,3 проценті өзгертілді. Бұл барлығы 1194 іс қаралды деген сөз.

Жоғарыда келтірілген цифрлар негізінде сот орындарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар деп айтуымыз керек. Ал оларды жөндеу үшін ең алдымен олқылықтардың бетін ашып, себептеріне көз жеткізу керек.

Губерниялық соттар жұмысындағы осал жерлердің бірі баяғысынша алдын ала тергеу сапасы. Алдын ала тергеудің дәйексіздігі және дұрыс анықтама берілмеуі жиі кездесетін процессуалдық қателікке айналып отыр. Мысалы 413-баптың 1-тармағы бойынша тергеу ісіне байланысты 40 үкім өзгертілді, 413-баптың 3-тармағы бойынша заңдардың дұрыс қолданылмауына байланысты 35 процент үкім бұзылды. Бұл кезде айта кететін бір жәйт ҚКА мұндай үкімдерді жоймай-ақ түзетіп жібере беретін. Осы жолы 34 проценттің ішіне заңдардың дұрыс қолданылмауына байланысты жойылған үкімдер енді.

ҚКА қабылдаған үкімдерге карағанда, губерниялық соттар топтық бағытты дұрыс ұстанып келді. Егер азын-аулық кемшіліктер болса, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы оны түзетіп отырады немесе қылмыстық процессуалдық кодекстің 413-бабының 4-тармағы бойынша өзгертеді. Осы тәртіппен ҚПК 41-бабының 4-тармағы бойынша 6 үкім бұзылды.

Жалпы айтқанда, губерниялық соттар баяу болса да, аяғынан нық тұрып келеді. Бұл ҚКА-ға түскен істерден де, тексеру актілерінен де көрініп отыр. Ал ҚКА жазалау саясаты жұмысымен қатар соттарға нұсқаулар беру рөлін де қүшейтуі керек.

Енді біздің Қырғыз бөлімшесінің соттармен жұмысы жайлы бір-екі ауыз сөз айтудың реті келді. ҚКА-ға келіп түскен істердің қаншасы қырғыз тілінде жүргізілгенін көру үшін қаралған істердің кестесін келтіру қажет. Ал бұл кесте ҚКА-ның іс қарау шап-

шаңдығы өткен жылмен салыстырғанда екі есе артқанын, ҚКА-ның барлық процессуалдық бұрмалаушылыққа толық анықтама беріп отыруы, жергілікті соттардың мұны басшылыққа пайдалануына игі әсерін тигізді. Сондай-ақ губерниялық соттардың тексеру жұмыстары да елеулі пайдасын тигізді. Соның нәтижесінде өткен жылы күшінде қалдырылған үкімдердің көлемі 32 процент болса, биыл 51 процент болды. Оның 5 проценті жаза күшінде қалдырылған үкімдер, басқалар жарым жартылай өзгерістер енгізілсе де жойылған үкімге жатқызылғандар.

**Ескерту:** Орынбор губерниялық сотында Қырғыз бөлімі жоқ, Адай уезінен бірде бір іс түскен емес, сол сияқты ҚССР-ға жаңадан қосылған облыстардың соттары туралы ештеңе айта алмаймыз. Өйткені іс қағаздары тек қырғыз тілінде жүргізіледі. 1924 жылы олардан Қырғыз бөліміне іс түскен емес. Бірен-саран аралас істер түскенмен, айыпкерлер қырғыздар болғанымен үкімдер тек қана орыс тілінде жазылған. Қырғыз бөлімінің жұмысына келсек әлі де болса ойдағыдай қалыптаса алмай отырғанын атап айту керек. Мұны түскен істердің санынан да, тексеру қорытындыларынан да қоруге болады.

Қырғыз бөлімі қызметкерлеріне жеке-жеке баға беру, ең басты кемшіліктердің қай жерде екенін тап басып айту тым қиын. Өзгертілген үкімдердің көлеміне қарағанда барлық жағынан осалдықтар бар сияқты. Атап айтқанда, 47 үкім бұзылды. Әрине, бұл жерде үкімдердің бұзылуының басты себептері – тергеу жұмыстарының шалалығы. Осының салдарынан қылмыстық істер кодексі 413-бабының 2, 3 және 4-тармақтары бойынша үкімдерді өзгертуге тура келді.

Іс жүргізудегі кемшіліктердің бірі, терминдердің ала-құла болуы. Мысалы, бірде «үкім» деп жазылса, бірде «шешім», бірде «қарар» деп жазылады. Сол сияқты айыпкерлердің топтық негіздерін анықтауда да жетіспеушіліктері бар. Дегенмен, соңғы жылдары гу-

берниялық соттардың жұмыстары ширай бастады, ҚПК, ҚКА баптарын бұрмалау едәуір азайып келеді. ҚКА-ның жұмысы туралы әңгіме еткенде тағы бір мәселеге назар аудару қажет. Ол қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы мен Әділет халық комиссарлары комитетінің сот құрылысы және бақылау бөлімдерінің өзара қарым-қатынасы, байланыс жайы. ҚКА-ның жарты жылдық есебін тыңдаған кезде Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінің Төралқасында бұл байланысты тереңдету туралы әңгіме қозғалды. Бұл шараларды іс жүзінде жүзеге асыру, жұмысты жақсартуға ықпалды әсерін тигізді. Қазір де ҚКА-ның барлық анықтамалары ӘХКК-нің бірінші бөліміне жіберіледі, ал жұмыс барысынан жан-жақты хабардар болып отыру үшін Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі Төралқасының мәжілісіне ӘХКК-нің сот құрылысы бөлімінің меңгерушісі қатысып отырады.

Жылдың жұмыс қорытындыларын аяқтай келіп өткен жылмен салыстырғанда Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімі жұмысы жанданып келеді деп айта аламыз. Алайда Жоғарғы Сот Қырғыз бөлімінің іс-тәжірибесін дамытып, осы тәжірибе негізінде жергілікті сот орындарына нұсқаулар беру бағытында атқаратын жұмыстарымыз әлі алда», – деп бір жылдық сот жұмысының қол жеткен жетістіктерін жан-жақты баяндап берген.

Қазақстан үшін 1925 жыл елеулі оқиғаларға толы болды. Мемлекеттік құрылым жүйелерінде ішінара өзгерістер, аумақтық басқаруда бірігулер жүріп жатты. Ең маңыздысы, Патшалық дәуірден жансақ аталып келе жатқан ұлтымыздың төл атауы «Қазақ» сөзі өз орнын тапты. Бұдан былай «Қырғыз» атауы қолданылмайтын болды. Сонымен қатар бұрын Ресейдің басқару билігімен қазақ халқы екі бөлініп, оңтүстік облыстар Түркістан өлкесіне (республикасына) қарап келген еді. 1924 жылы Жетісу, Сырдария облыстары Қазақ АССР-нің құрамына енді.

Бұл жылдары РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі де өзінің сот құрылымы жөніндегі ережесін қайта қарап бекітудің жобасын жасады. Бұған бірден-бір себеп болған нәрсе 1925 жылға дейін Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімінде азаматтық сот істерін қарайтын алқа болмаған. Азаматтық істер губерниялық (облыстық) соттарда ғана қаралып, шағымдану тәртібі мен наразылық келтіру, тікелей РСФСР Жоғарғы Сотына жіберілетін.

### **Жоғарғы Сот Қазақ Бөлімшесі Төралқасы мәжілісінің ХАТТАМАСЫНДА**

Мәжіліс төралақасы: төраға Атағиязов, мүшелері Демме, Мұқашев, қатысқандар сот мүшесі Мәуленов, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Прокурорының міндетін уақытша атқарушы Г. Орвид, Жоғарғы Сот бөлімі жанындағы Прокурор Нұралыханов, хатшы Дранкин, – деп көрсетілген де, мынадай мәселе тыңдалған: ҚССР ХКК-нің ұсынысы бойынша БОАК Төралқасының 1925 жылдың 1 маусымдағы қаулысы негізінде РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімі Ережелерінің жобасын талқылау күн тәртібіне қойылған. Енді сол қабылданған қаулыны толық келтірейік.

«Жоғарғы Сот Қазақ бөлімінің ережелеріне мынадай өзгерістер енгізу қажет деп табылсын:

1. БОАК-тың 1923 жылдың 11 сәуірдегі және 1925 жылдың 1 маусымындағы қаулыларына сәйкес 1-баптың «б» және «в» тармақтары мынадай редакцияда берілсін: а) қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі сот алқасы және б) қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқалар.

2. 2-баптағы: бөлім Төрағасы деген сөздерден кейін «Қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі сот және кассациялық алқалардың төрағаларын» жазылсын.

3-баптың «и» тармағы былай деп толықтырылсын:

г) Жоғарғы Сот бөлім Төралқасына түскен кассациялық алқаның, кассациялық және бақылау тәртібімен қаралған істеріне қарай губерниялық соттарға берген мінездемелерін қарайды. д) ҚССР ӘХК-ға губерниялық соттарға кезекті жүргізілген тексерулер, оның құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтер беріп отырады. Тексеріс қорытындысы бойынша нұсқаулар беру үшін губерниялық соттар төрағаларын түсініктеме беруге шақыртады, немесе шақырусыз-ақ, осыған орай «г» тармағын «е» тармағымен ауыстыру керек; «ж» тармағы мына редакциямен толықтырылады «Сот тәжірибелері және басқа да мәселелер жөнінде циркулярлар шығарады», «д» тармағы «з» тармағымен ауыстырылады. «Іске қарсы» сөзден кейін «Жоғарғы Сот Қазақ бөлімі мүшелерін» деген сөздер қосылсын, одан әрі Жоғарғы Сот редакциясындағы «шағымдануға болады» деген соңғы сөздер «ешқандай шағымдануға жатпайды» деп өзгертілсін.

Жобадағы 2-ші ескерту алынып тасталып, ол мына редакцияда берілсін: «Жоғарғы Сот бөлімінің жанында прокурорлар, ҚССР губерниялық прокурорлары жөніндегі тәртіптік және басқа істерді Республика Прокуроры Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімінің Төрағасы және бөлімше жанындағы Жоғарғы Сот Қазақ бөлімі Төралқасының соттың ықпалындағы Республика Прокурорының көмекшісі жүргізеді».

5-бапты «кассациялық инстанциясы болып табылады» деген сөздерге дейінгі бас жағын алып тастап, оның орнына «бөлімнің қылмыстық кассациялық алқасы» деген сөздер жазылсын. Осы баптың екінші абзацының басындағы «алқа» деген сөзге «сот» деген сөз қосылсын, «сот алқасы» деп жазылсын.

6-баптың басындағы сөйлем «кассациялық инстанция болып табылады» деген сөздерге дейін алынып тастап, ол мына редакцияда жазылсын «Азаматтық кассациялық алқа» және «5000 рубль» деген сөз «10000

рубль» деп өзгертілсін. Осы баптың 2-абзацының басына «сотты» деген сөз енгізілсін.

Ескерту мына редакцияда берілсін: «Жоғарғы Соттың қазақша бөліміне кейбір істердің ыңғайына қарай немесе басқа жағдайларға байланысты губерниялық соттардың қарауына жіберуге құқы беріледі».

8-баптағы «20» деген цифрдың орнына «30» қойылады.

9-баптағы «оның екі көмекшісі» деген сөздердің орнына «оның үш көмекшісі» деп жазылады.

10-баптың бас жағы «99-баптың 1 және 2-тармақтарында ескерілген» деген сөздерге дейін алынып тасталсын, баптың соңы «Қазақ бөлімі мүшелері» деген сөздерден бастап былай деп толықтырылсын «Жоғарғы Сот Қазақ бөлімі мүшелерінің Пленарлық мәжілісіне, заңды ерекше принциптік түсіндіруді қажет етпейтін бөлімі төрағасының, сотта төрағалық етушінің, ҚССР Прокурорының және оның Жоғарғы Сот Қазақ бөлімі жанындағы көмекшісінің ұсыныстары бойынша қабылдаған үкімдерді, шешімдерді және жеке алқалардың кассациялық шешімдері мен анықтамаларын бұзуға құқық беріледі».

11-баптағы «сот құрылысы туралы» деген сөздерден кейін «РСФСР» деген сөз қосылсын, аталған баптың соңы алынып тасталсын.

Осы қаулы ХКК және ҚазОАК-на жіберілсін.

Төраға – Атаниязов, мүшелері – Демме, Мұқашев,<sup>1</sup> – деп қол қойылған.

Одақтас республика дәрежесіндегі Қазақ АССР-нің Жоғарғы сотында азаматтық істер жөнінде сот алқасының міндетті түрде қажет екенін сезінген БОАК-тың Төралқасы 1925 жылғы 1 маусымдағы мәжілісінде «РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі жанынан азаматтық сот істері жөніндегі алқа

<sup>1</sup> КР ОМА, 251-к., 1а-т., 106-іс.

және кассациялық алқа құру туралы» тыңдап, қаулы алған.

Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімінің азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқа инстанциясы Қазақ Советтік Социалистік Республикасындағы облыстық және губерниялық соттардың азаматтық істер бойынша жіберген талап құнын 10000 сомнан асырмайтыны баса айтылған. Егер іске қатысты талап құны 10000 сомнан асса, кассациялық шағым мен қадағалау тәртібі бұрынғыдай РСФСР Жоғарғы Сотында тікелей қаралды деген тұжырымды шектеу анық байқалып тұр. Азаматтық сот алқасына жататын барлық сот істерінің талапкерлері және жауапкерлері болып ҚазОАК, Халық Комиссарлар Кеңесі, Халық комиссариаты мен оған теңестірілген орталық басқармалар, губерниялық, облыстық атқару комитеттері және астананың қалалық кеңесі танылды. Осы жобамен келіскен БОАК пен РСФСР Халық Комиссарлар кеңесі 1926 жылы 18 қаңтарда «РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің ережесі туралы» қаулысын шығарды. Сот тарихы үшін бұл қаулының да мәтінін толық келтіру ләзім.

**БОАК Төралқасының 1925 жылдың 1 шілдесіндегі қаулысы негізінде жасалған РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі туралы ережелер жобасы (ақтық редакциясы)**

1-бап.

РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі мынандай құрамда жұмыс істейді:

А) Бөлім Төрағасы

Б) Қылмыстық істер жөніндегі алқа, бірінші сот сатысы, сондай-ақ кассациялық сот инстанциялары ретінде және

В) Азаматтық істер жөніндегі алқа, бірінші сот сатысымен, сондай-ақ кассациялық сот инстанциялары ретінде іс жүргізеді.

2-бап.

Жоғарғы Сот Қазақ бөлімінің Төралқасы, бөлім Төрағасынан, қылмыстық істер, азаматтық істер алқаларының төрағаларынан және олардың орынбасарларынан тұрады.

**Ескерту:** алқа төрағаларының бірі қосымша бөлім Төрағасы орынбасарының міндетін атқарады ;

3-бап.

Төралқа: а) бөлім мүшелерін алқаларға бөліп орналастырады және олардың әрқайсысының міндеттерін белгілейді; б) сот алқаларында қаралған жеке істер бойынша арнайы сот құрамын тағайындайды; в) әр алқаның есептерін қарап, бекітеді, Жоғарғы Сот бөлімінің есебін дайындайды; г) Республика Прокурорының ұсынысы бойынша, сондай-ақ өз еркімен облыстық және губерниялық соттардың арнайы тексеру кестесін жасайды, Әділет Халық Комиссарының немесе оның орынбасарының және тексерілген сот Төрағасының қатысуымен тексеру қорытындыларын қарайды; д) тексеріс қорытындысы бойынша Республика Прокурорының ұсынысымен облыстық, губерниялық соттар төрағаларына, олардың орынбасарларына қарсы тәртіптік іс қозғайды. Барлық облыстық, губерниялық соттардың тәртіптік алқалары үшін бөлім Төралқасы кассациялық ақтық инстанция болып табылады.

Тәртіптік істер жөніндегі бөлім Төралқасының қаулысын бірінші инстанция соты ретінде 7 күн мерзімде РСФСР Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы бұза алады.

**Ескерту:** 1) төралқа мәжілісіне міндетті түрде кеңесші дауыспен РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімі жанындағы Қазақ Республикасы Прокурорының көмекшісі қатысады, ал губерниялық және облыстық соттарға бақылау жүргізуге байланысты мәселелер қаралғанда ҚССР Әділет Халық Комиссариаты сот құрылысы және бақылау бөлімінің

меңгерушісі қатысады, 2) Жоғарғы Сот бөлімі мүшелерінің және бөлім қарамағындағы Прокурорлардың тәртіптік істерін РСФСР Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы қарайды.

4-бап.

Бөлім Төрағасы Жоғарғы Сот бөлімінің барлық жұмыстарын басқарады.

Төраға және оның орынбасары барлық алқада, талқыланатын кез келген істер бойынша мәжілістерге төрағалық етуге құқықты.

5-бап.

Қылмыстық істер жөніндегі алқаның құрамына алқа төрағасы, алқа төрағасының орынбасары және бекітілген штатқа сәйкес алқа мүшелері кіреді. Олардың саны екіден кем болмауы керек.

Қылмысты істер жөніндегі алқа Қазақ Советтік Социалистік Республикасы аумағында қызмет ететін облыстық және губерниялық соттар үшін қылмыстық істер жөніндегі кассациялық инстанция болып табылады.

Қылмыстық істер жөніндегі алқа қылмыстық процессуалдық кодекстің 448–449-баптары негізінде бірінші инстанциядағы сот ретінде әрекет жасайды. Бірақ, тек Қазақ Советтік Социалистік Республикасының аумағында ғана.

6-бап.

Азаматтық істер жөніндегі алқа құрамы алқа төрағасынан, алқа төрағасының орынбасарынан және бекітілген штатқа сәйкес алқа мүшелерінен тұрады. Олардың саны екіден кем болмауы керек.

Азаматтық істер жөніндегі алқа Қазақ Советтік Социалистік Республикасы облыстық және губерниялық соттардың кассациялық инстанциясы болып табылады. Алқаның қарайтын талап құны 5000<sup>1</sup> рубль-

---

<sup>1</sup> Алғашқы редакцияда РСФСР Жоғарғы Сотының ережесінде талап құнын 5000 рубльден асырмауға тырысқан. Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімі, ҚазОК бұған келіспей 10000-ға көтерген.

ден аспайды. Талап құны 5000 рубльден асса, мұндай шағым мен наразылықтар бұрынғысынша тікелей РСФСР Жоғарғы Сотында қаралады.

Азаматтық істер жөніндегі алқа бірінші инстанциядағы сот ретінде талапкер немесе жауапкері ҚССР Орталық Атқару комитеті, ҚССР Халық Шаруашылығы комиссариаттың кеңесі, халық комиссариаттары немесе соларға теңестірілген орталық мекемелер, губерниялық және облыстық атқару комитеттері (ҚССР), астананың қалалық кеңесі болса, мұндай істердің бәрін қарайды.

**Ескерту:** АПК 24-бабын қараңыз.

7-бап.

Кассациялық істерді қарағанда сот мәжілісінің құрамы 3 адам болып белгіленеді, оның ішінде төрағалық етуші және екі мүше болады.

8-бап.

Бірінші инстанциядағы сот ретінде іс қарағанда алқадағы сот мәжілісінің құрамы үш адам болып белгіленеді, оның ішінде Жоғарғы Сот бөлімі мүшесінің бірі төрағалық етуші және ҚССР Орталық Атқару комитеті Төралқасы бекіткен 20 халық заседательдері, 5 кандидат қатарынан арнайы тізіммен алынған екі адам қатысады.

9-бап.

Жоғарғы Сот бөлімі жанында ҚССР Прокурорының көмекшісі және оның 2 көмекшісі болады.

10-бап.

РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімі пленум өткізуге құқы жоқ. Сот құрылысы ережелерінің 99-бабының 1 және 2-тармағындағы көрсетілген құқық бойынша ондай мүмкіндік РСФСР Жоғарғы Сотының құзырына берілген. Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің Москвадағы мүшелері РСФСР Жоғарғы Соттың Пленум мәжілісіне шешуші дауысымен қатысуға құқықты.

11-бап.

Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімінің құрамы Сот құрылысы ережелерінің 97-бабына сәйкес тағайындалып, бекітіледі, бөлім Төрағасы мен оның орынбасарын ҚССР ОАК ұсынысы бойынша, РСФСР Жоғарғы Сотының тұжырымына сәйкес БОАК Төралқасы бекітеді.

РСФСР Жоғарғы Сотының Төрағасы П.Стучка», – деп қол қойған.<sup>1</sup>

РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімінде азаматтық істер жөніндегі сот алқасының құрылуына айтарлықтай үлес қосып, тиісті мемлекеттік атқару орындарынан талап етуде Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімінің Төрағасы Мырзагүл Атаниязовтың сіңірген еңбегі зор. 1925 жылдың маусым айынан 1927 жылдың қаңтарына дейін Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімін басқарған ол бұған дейін Ақтөбе губерниялық трибуналының әскери алқасында төрағаның орынбасары, Төраға (1921–1922 жылдар) болған. Одан кейін 1922 жылы Қазақ АССР-нің Юстиция Халық Комиссары лауазымын атқарған білікті заңгер ретінде республикаға кеңінен танылған маман еді. 1937 жылы сталиндік репрессияға М.Атаниязов та ұшырады...

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Шаруашылық істер жөніндегі сот алқасы бұрын өз алдына Қазақстан Республикасының Төрелік соты есебінде жеке болған еді. Сондықтан оның өзіндік құрылым жүйесіне тоқтала кеткен ләзім.

1922 жылдың 21 қазанындағы Қазақ АССР-ның Қорғаныс және еңбек советінің қаулысымен, 1992 жылғы 29 қыркүйектегі БОАК-тың Төралқасының бекітуімен және төрелік комиссия ережесінің негізімен Қырғыз (Қазақ) Экономикалық кеңесі (Кир ЭКО-СО) жанынан төрелік комиссия құру бекітілді.

1922 жылғы 4 қараша күнгі Қазақ АССР-ның Қорғаныс және еңбек советінің мәжілісінде Қазақ

---

<sup>1</sup> КР ОМА, 251-к., 1а-т., 106-іс.

АССР-ның Төрелік комиссиясының құрамы бекітілген болатын.

1922 жылғы 29 қыркүйектегі БОАК-тың Төралқасы бекіткен Төрелік комиссиясының ережесіне сәйкес Төрелік комиссия өнеркәсіп орындары мен мемлекеттік мекемелер арасындағы мүліктік дауларды қарап шешу үшін құрылған еді.

Жоғарыдағы көрсетілген Ережеге сәйкес Төрелік комиссия орталықта Қорғаныс және еңбек кеңесі, ал жергілікті жерлерде экономикалық совет жанында әрекет етті.

1923 жылы 3 маусымда РСФСР Қорғаныс және еңбек советінің қаулысымен және Жоғарғы Төрелік комиссиясының тағайындауымен губерния экономикалық кеңесіне губерниялық төрелік комиссиясын құру жөнінде құқық берілді.

Губерниялық төрелік комиссиясының аймағындағы кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер арасындағы немесе жеке әкімшіліктерге қатысты құны 100 червонецтен аспайтын дауларды қарап шешу кірді.

1927 жылдың аяғына дейін РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің азаматтық алқа мүшесінің төрағалық етуімен Қазақ АССР-ның ОАК, ХКС және Жоғарғы Төрелік комиссия мемлекеттік органдар арасындағы мүліктік дауларды қарауды өзара тиімді тәсілге көшіріп, бір жүйеге негізделген құзыры бар сот органы ретінде сақтап қалу туралы қатынас хаттар жазысты.

Осыдан кейін 1928 жылы 5 қаңтардағы Қазақ АССР ХКС және ОАК Төралқасының «Қазақстан орталық органдарының аппаратын нығайту туралы» қаулысымен Төрелік комиссияны қайта құру жүргізіледі. Біріктірілген төрелік комиссияға Төраға болып Еңбек халық комиссары Мұхамет-Ғали Төрімов тағайындалды. Ал Төрелік комиссиясының негізгі жұмысын алып жүру үшін орынбасарлыққа Александр Константинович Горяев бекітілді.

1931 жылы 12 шілдедегі Қазақ АССР ОАК қаулысының негізінде мекемелер мен кәсіпорындар және қоғамдық секторлар ұйымы арасындағы мүліктік дауларды қарау, сондай-ақ, арақатынастағы келісім-шарт тәртібін нығайту, шаруашылық есеп айырысуды реттеу үшін Қазақ АССР-ның Халық комиссарлары кеңесі жанынан Мемлекеттік төрелік құрылды. Көрсетілген қаулы бойынша Мемлекеттік төрелік құрамына 20 төрешіні ХКС арнайы бекітті.

1932 жылы Қазақ АССР-ында облыстардың қайта құрылуына байланысты ОАК пен ХКС-інің қаулылары негізінде облыстық атқару комитеті жанынан Мемлекеттік төрелік Бас төреші, екі орынбасар, 15 төреші құрамында іске кірісті. Бұлар облыстық атқару комитетінің арнайы бұйрығымен тағайындалды.

1946 жылы Қазақ ССР-нің Халық комиссарлар советі болып аталуына орай бұл сот мекемесі «Қазақ ССР Министрлер советі жанындағы Мемлекеттік төрелік» деп өзгертілді.

1953 жылғы сәуір айының 23 күні Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы негізінде Министрлер советі жанындағы Төрелік сот Қазақ ССР-нің Юстиция министрлігінің құрамынан бөлінді. Арада бір жыл өтіп барып, Қазақ ССР Министрлер советі өзінің 1954 жылғы 2 шілде күнгі №429 қаулысымен Мемлекеттік төрелікті Юстиция министрлігінің құрамынан бөліп, тікелей Министрлер советінің құзырына қаратты. Бұдан кейін Төрелік сот жүйесі осы бағытта 1992 жылға дейін бірыңғай бағытта жұмыс істеді.

1992 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы Төрелік сот туралы» Қазақстан Республикасы заңындағы 1-бапта «Қазақстан Республикасындағы Төрелік сот Қазақ ССР Конституциясындағы көрсетілген ретке сәйкес экономикалық қатынастағы басқаруға байланысты белгілі шекте туындаған дауларды шешу барысында өз алдына жеке іс жүргізетін, тәуелсіз сот билігі бар ұйым», – деп баға берілген.

Ал 1995 жылы Қазақстан Республикасындағы бірегей сот жүйесін құруға байланысты Жоғарғы Төрелік сот Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың құрамына шаруашылық істер жөніндегі сот алқасы болып кірді.

Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімі өзіне тән сот жүйесі мен құрылымын бір арнаға түсірген кезі 1926 жылмен шектелді. Кеңестік Социалистік заңдардың бағыт-бағдарына сүйеніп іс жүргізген соттар 1926 жылдан 1936 жылдар аралығында кеңестік социализм құру жолындағы коммунистік қоғамға лайықты заңдарды міндеттілікпен орындады, соған лайықты сот шешімдерін шығарып отырды.

1936 жылы кеңестік қоғамдағы мемлекеттік құрылым жүйедегі заңдылықтар Кеңестердің Бүкілодақтық 8 төтенше съезі бекіткен жаңа конституциямен нығайтылды. Бұл кезде Қазақстанда да мемлекеттік басқару жүйесінде өзгерістер болып жатты. Автономиялық республикадан жеке одақтас республика болып құрылды. Одан кейін республиканың жеке мемлекеттік құрылымын, билік жүргізу, заң шығару, оны орындайтын өз республикасына тән конституциясы қабылданды.

1936 жылы 9 шілдеде ҚазОАК-тың Төралқасы Л.И.Мирзоянның төрағалық етуімен Конституциялық комиссия құрылды. 1937 жылы 3 ақпанда ҚазОАК «Қазақ ССР-нің Конституциясы туралы» мәселе қарады. Комиссия талдап пысықтаған Конституция жобасын көріп, еңбекшілер мен халық арасында кеңінен талқылау керек деп шешті.

1937 жылы 26 наурызда Бүкілқазақстандық Кеңестердің X съезі «Кеңестік Социалистік Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау туралы» қаулы алды (ҚР ОМА, 5-қ., 17-т., 106-іс).

«СССР Конституциясының IX тарауы мен Қазақ ССР Конституциясының VII тарауы» сот ұйымдары мен прокуратура қызметін ұйымдастыру, құру тәртібіне арналған. Қазақ ССР-нің Конституциясы

бойынша сот жүйесі әкімшілік бөліністегі еңбекші депутаттардың кенестік ұйымына негізделіп құрылды. Азаматтық, қылмыстық істерді қарайтын халық соттарының участігі барлық ауданда болды. Бұл ең төменгі сатыдағы сот ұйымы болып есептелінді. Бұдан кейінгі сатыда облыстық соттар тұрды. Ол облыс көлеміндегі азаматтық, қылмыстық істерді қарап, шешім қабылдады және халық сотының шешімдері мен үкімдері бойынша келіп түскен кассациялық шағым мен наразылықтарды қарап билік айтты.

Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты – республикадағы ең жоғарғы сот ұйымы болып танылды. Өзінен төменгі соттар қарап шешім қабылдаған істер бойынша шыққан үкімдерді наразылық келтіру тәртібімен қайта қарауға мүмкіндігі болды. Сондай-ақ соттардың кассациялық шағымды қарау барысында күшінде қалдырылған шешімдерін немесе кассациялық шағым заңда көрсетілген мезгілде сотқа берілмесе, наразылық келтіріп қайта қарау құқығын иеленді.

1936 жылғы СССР және Қазақ ССР-нің негізгі принциптеріне сәйкес халық соттарының судьяларын аудан халқы жалпыға тән төте және тең сайлау құқығымен жабық дауыста 3 жыл мерзімге сайлады. Халық соттарына судьялардың кандидаттарын, халық заседательдерін ұсынуға еңбекшілердің қоғамдық ұйымдары, коммунистік партия ұйымы, кәсіподақ ұйымдарының жалпы жиналысы құқықты болды. Облыстық соттың судьяларын еңбекшілердің облыстық депутаттарының кеңесі 5 жыл мерзімге сайлады. Ал Жоғарғы Соттың судьяларын Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советі 5 жылға сайлады.

Конституцияда сот ісін жүргізу қазақ тілінде, жекелеген аудандарда, яғни орыс, ұйғыр, өзбек ұлты басым жерлерде халық санының басымдылығына қарай белгіленді. Іс материалдары толығымен қажетті тілге аудармашы арқылы тәржімаланып берілді. Әр ұлттың өкілі сотта өз ана тілінде жауап беруге құқықты деп көрсетілді.

Қазақстан өз алдына жеке республика болып одақтас республикалармен теңестірілген соң жарияланған алғашқы Конституция сот істерін жетілдіруде көптеген заң шараларын жүзеге асыруға септігін тигізді. Атап айтқанда халық соттарының ролі артып, оларды ұйымдастыру барлық аудандарда кеңінен өрістеді. Мәселен, 1936 жылы Қазақстан бойынша 223 халық сотының участігі іс жүргізсе, Конституция жарияланған 1937 жылдың соңына қарай халық соттарының саны 240-қа жетті. Ал 1938 жылы Қазақстан бойынша 287 халық соттарының участігі 192 аудан бойынша сот ісін жүргізген. Ал облыстық соттардың саны 1937 жылы 8 ғана болса, жаңадан құрылған облыстардың есебінен 1940 жылы 14-ке жеткен.<sup>1</sup>

Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты Конституциядағы 85-баптың талабына сай республикадағы барлық сот істеріне билік етті. Аталған бапта: «Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты – Қазақ ССР-індегі ең жоғарғы сот ұйымы болып табылады. Қазақ ССР-нің Жоғарғы Сотына Қазақ ССР-індегі және облыстық сот ұйымдарындағы барлық сот істері мен қызметтерін қадағалау жүктелген», – деп көрсетілген. Мұндағы еске сақтар бір нәрсе – Қазақстан аумағындағы арнайы соттардың сот ісін, қызметтерін қадағалау КСРО Жоғарғы Сотының қарауында болған.

Республика Жоғарғы Сотының құрамын Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесі 5 жылға сайлап бекітті. Оның құрамына төраға, төрағаның орынбасары, Жоғарғы Соттың мүшелері және халық заседательдері енді. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының құрамында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы және азаматтық істер жөніндегі сот алқасы іс жүргізді.

Аталған екі сот алқасы Жоғарғы Соттағы тең дәрежедегі, өз еркімен іс жүргізетін ұйым болып табылады. Өзінен төменгі сатыдағы соттардың ұйғарымдары мен шешімдерін, үкімдерін қадағалау

---

<sup>1</sup> Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. А., 1966, 325-6.

тәртібімен заңдылық күшіне енген істерді қайта қарауды жүзеге асырды. Сондай-ақ Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Төрағасы мен Қазақ ССР Бас прокурорының наразылығымен облыстық соттардың заңдылық күшіне енбеген ұйғарым мен шешімге, үкімге наразылық келтірілген шағымдар бойынша істі қайта қарауға құқық берілді. Мұның мынандай ішкі себептері болды.

1938 жылы «Сот құрылымы туралы» шыққан жаңа заңдағы ережелерге байланысты облыстық соттардың іс қарау құзырындағы төралқа мен пленум өткізу қысқартылып, қадағалау тәртібі Республика Жоғарғы Соты мен КСРО Жоғарғы Сотының қарауына берілген еді. Оған қоса облыстық соттың құзырындағы сот басқармасы қызметі де жойылған тұғын. Қысқасын айтқанда, 1938 жылғы «Сот құрылымы туралы» заңға байланысты Қазақстандағы барлық соттар «белгіленген тәртіп» шеңберінде ғана сот істерімен айналысты.

1939 жылы Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясы Жоғарғы Соттың судьялығына 25 мүше, 43 халық заседательдерін сайлап бекітті.

«Ел басына күн туған» Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО-дағы барлық соттар әскери жағдайға көшірілді. Өйткені соғыс басталысымен сот ұйымдарын тез арада қайта құрып, соғыс жылдарының талаптарына сай қызмет жасауды жеделдете түсті. Осындай қиын кезеңге байланысты 1941 жылы 22 маусымда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы «Әскери жағдай туралы» Жарлығын шығарды. Бұл қоғамдық тәртіп пен мемлекет қауіпсіздігін сақтаудың негізгі бағдары болып есептелді. Соғыс қимылдары жүріп жатқан аудандардағы барлық сот ұйымдары қорғанысқа көшіп, майдандағы әскери кеңестерге, әскери округтарға қарады. Ал соғыс майданынан тысқары жатқан аймақтар әскери соғыс жағдайына кірмеді. Қазақстандағы соттардың барлығы тылдағы ел тыныштығы мен халық байлығын талан-таражға

түсірмей майданға азық-түлік, киім-кешек жөнелтудегі социалистік заңдылықтардың дұрыс сақталып, ел ішінде спекуляция мен мемлекет мүлкін жымқырудың етек алмауын қадағалады. Бұл жөнінде халық соттары ерекше қызмет көрсетті. Соғыс жылдарында Қазақстандағы халық соттары да белсенділік танытты. Мемлекетке, қоғамға аса қауіпті сатқындық ниеттегі қылмыскерлерді, соғыстан қашқандарды, жаудың жеңетіні туралы өсек-аяң таратқандарды сотқа тартып, тиісті жазаларын берді.

Соғыс жылдарының алғашқы кезінде Қазақстандағы халық соттары білікті кадрлары мен судьяларын майданға аттандыруына тура келді. Атап айтқанда, Кеңес әскерінің қатарына 1942 жылы 130 халық сотының судьясы, 31 облыстық соттың мүшесі соғысқа аттанса, 1943 жылы 77 халық сотының судьясы, 13 облыстық сот мүшесі майдан шебіне кеткен. Олардың орнын майданнан жараланып қайтқан заң мамандары, өзге де партия ұйымының қызметкерлері ауыстырған.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуына байланысты 1945 жылы 23 маусымда КСРО Жоғарғы Кеңесі әскер қатарындағы жасы егде жауынгерлерді босату туралы заң қабылдады. Бұл бейбіт өмірге көшкен еліміздегі қалпына келтіру жұмыстарында еңбек етіп жатқан еңбекшілер санын көбейте түсті.

Соғыс жылдарынан кейінгі бейбіт өмірде соғыс жағдайына негізделген төтенше ұйымдар, арнайы соттарға тән құқықтық актілер күшін жоя бастады. Әскери жағдайға көшірілген өндіріс орындары қайтадан халық шаруашылығына ауыстырылды. Соғыс жылдарында әкімшілік жазаға тартылғандардың көбісінің рақымшылық заңы бойынша жазасы жеңілдетілді. Істеген қылмыс түрлерінің жеңілдігіне қарай сотталған азаматтар да жазадан босатылды. 1947 жылы 26 мамырдағы социалистік гуманизмнің салтанат құруына орай бейбіт өмірде өлім жазасын қолдануды қысқарту үшін «Өлім жазасын жою туралы» Жарлық

шықты. Мұның өзі халықтың жабырқаңқы көңілін бір көтеріп тастады.

Ұлы Отан соғысы елге үлкен ауыртпалық әкелгені тарихтан белгілі. Соғыс жылдары ер азаматтардың жаппай майданға аттану салдарынан сот қызметіне, судьялыққа арнайы заң мамандығы жоқ кадрлар лажсыздан алынған болатын. Бұл үрдіс соғыстан кейінгі жылдары да саябырлай қойған жоқ. 1946 жылы Қазақстандағы сот ұйымдарында жоғары білімді заң маманы бар-жоғы 5-ақ процент болды. Орта дәрежелі білімі барлар – 14, қысқа мерзімді заң курсы бітіргендер – 45, заңгерлік білімі жоқтар – 36 процентті құраған. Бұл барлық кеңестер одағына тән кемшіліктер еді.

1946 жылы үкімет пен партия заңгерлік оқу орындарының мүмкіндігін кеңейтіп, сот кадрларын көбейтудің алғышартын жасады. Мәселен, 1940 жылдары облыстық соттардағы қызметкерлердің 40 процентке жуығының заңгерлік білімі болмаған еді, ал 1959 жылы облыстық соттардың барлығындағы судьялардың жоғары дәрежелі заңгерлік білімі болған.

Мұның сот істеріне әжептәуір пайдасы тиіп, халық соттарының шығарған үкімдері мен шешімдерін кері қайтару облыстық сот тарапынан екі есеге азайған. Сот қызметкерлерінің білімін, судьялық біліктілігін жан-жақты арттыру тез арада өрістеді. 1959 жылы Қазақстан бойынша сот ұйымдарында қызмет атқарған судьялардың 66 процентінің жоғары дәрежелі заңгерлік мамандығы болды (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мәжілісінің 5 шақырылуы, екінші сессиясынан).

Жеке республикалар мен одақтас елдердің жалпы мемлекеттік заңдарын талдап қарасақ, 1936 жылы қабылданған КСРО Конституциясында қылмыстық, азаматтық кодекстерді және сот өндірісі мен сот құрылымы туралы заңдылықтарды қолдану КСРО құзыретіндегі Одақтас республикаларға да тән екені айтылған. КСРО Жоғарғы Кеңесі жиырма жыл бойы тек қана КСРО мен Одақтас республикалардың сот

құрылымы туралы заң қабылдады. Ал жалпы одақтық дәрежедегі кодекс болмады. Сол 1936 жылғы Конституцияға дейін республикалық кодекстер қолданылып келді. Оның өзінде бұл кодекстер 15 республиканың 9-ында ғана қолданылды (РСФСР, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Грузия, Әзірбайжан, Тәжікстан, Армения, Түрікменстан). Ал 1936 жылы құрылған алты республикада республикалық кодекс қолданылмады. Олар Одақтың құзырына қарады. Оның ішінде Қазақстан мен Қырғызстан аумағында РСФСР кодекстері заң нормасы ретінде қолданылып келді. Бұл кодекстер жиырмамыншы жылдардан қолданылып келе жатқан көне заңдар болатын. Нормалық жағынан әбден ескірген, мемлекеттің жаңа заман талабына сай заңдарына жауап бере алмайтын. Соған орай көнерген кодекстің кейбір баптарына өзгертулер енгізілді.

Мысалы, 1926 жылы БОАК-тың екінші сессиясында қабылданған РСФСР Қылмыстық кодексі Қазақстанда 1959 жылға дейін қолданылды. Ал Қазақстандағы азаматтық істер жөніндегі БОАК-тың 1923 жылғы 7 маусым күнгі екінші сессиясында қабылданған РСФСР-дың Азаматтық іс жүргізу кодексі қолданылып келді. Ондағы 479 баптың 157-сі тым ертедегі жеке меншік өндіріске тән істерге байланысты болып, әбден ескеріп кеткен еді.

Осы ретте 1959 жылы Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің 2-сессиясы аса маңызды үш бірдей заң қабылдады. Олар: сот құрылысы туралы заң, Қылмыстық кодекс және Қылмыстық іс жүргізу кодексі болатын. Аталған бұл заңдар 1958 жылғы 25 желтоқсандағы СССР мен Одақтас республикалардың заңдарын қарап бекіткен СССР Жоғарғы Кеңесінде жан-жақты талданып, сараптаудан өткен еді. Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесі шығарған сот құрылымы туралы жаңа заң бойынша Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты жанынан Пленум құрылды. Бұдан бұрынғы заңдарда мұндай өкілеттілік РСФСР Жо-

ғарғы Сотының құзырында ғана болғанын жоғарыда айтып өткенбіз.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы бұдан былай республика аймағындағы сот істеріне қолданылатын заңдар бойынша сот басшыларына түсінік беру, статистикалық мәліметтерді сараптап көрсету, сот тәжірибесі туралы талдау жасаған материалдарды қарап ұсыныс енгізу, Республика Жоғарғы Соты Төралқасының шығарған қаулысы бойынша наразылықтарды қарау, Жоғарғы Соттың әрбір сот алқасының қызметі туралы алқа төрағасы жасаған есепті баяндамасын тыңдап, бекіту құзырына ие болды. Сонымен қатар, Пленум көрсетілген заң тәртібімен Қазақ ССР-нің заңдарын талқылап, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасына маңызды мәселе қою құқығын иеленді. Сондай-ақ, республикадағы барлық соттардың іс жүргізудегі қызметтеріне басшылық жасап, біліктілігін арттыру жөнінде айрықша күқык берілді.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Төралқасының да құзыры кеңейтіліп, ауқымды жұмыс жасауына бөгет болмады. Жоғарғы Соттың Төралқасы құрамында Төраға және оның орынбасарлары мен мүшелерінен құрылды. Төралқа Қазақ ССР Жоғарғы Сотындағы сот алқалары шығарған ұйғарымдар, шешімдері мен үкімдері бойынша келтірілген наразылықтарды қарап қабылдады. Оған Республика прокуроры немесе оның орынбасары міндетті түрде қатысып отырды.

Республика Жоғарғы Сотының Төралқасы мен Пленумының құзыреті «Қазақ ССР-нің Сот құрылымы туралы» заңындағы 47 және 49-баптар бойынша белгіленіп көрсетілген еді. Онда Жоғарғы Соттың Төралқасы мен Пленумы бұған дейінгі белгіленген заң ережелерінен әлдеқайда пәрменді болды. Сондай-ақ, Республика аймағындағы сот істері мен оның қызмет істеуіне және басқару жүйесіне де бақылау жасады.

Елуінші жылдардағы заң орындары мен сот істеріндегі ерекше орын алатын тарихи шындық —

коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің «Жеке басқа табыну зардабын жою туралы» әйгілі КПСС-тің XX съезі өмірге келді. Осындай ерекше саяси бетбұрыстың әсерімен 1953 жылдың өзінде-ақ СССР Ішкі істер министрлігіне қарайтын «Ерекше сот Кеңесі» деп аталатын құпия ұйым жойылды. Бұрын бұл ұйым құпия түрде қарап келген қылмыстық істерге қатысты категориялардың барлығын әр сатыдағы жалпы соттарға өткізіп берді. Сонымен қатар, 1956 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1934 және 1937 жылдары шыққан заңдылық күші бар «Диверсиялық, террорлық акт және зиянкестік жөніндегі мемлекеттік қылмыстық істерді қараудағы шектен тыс тергеу тәртібін түпкілікті жою туралы» заң күшіне енді (Ведомости Верховного Суда СССР, 1956, №9, 193-б.).

Мұның өзі Кеңес мемлекетін Сталин басқарған отыз жыл ішінде миллиондаған адамдардың жазықсыздан-жазықсыз репрессия құрбандығына ұшыраған бейкүнә азаматтардың толық ақталуына себеп болды. Осыған орай адам құқығын қорғаудағы сот әділдігі салтанат құра бастады. Осы ретте Одақтас республикалардың бәріне бірдей үлгі болған 1956 жылы шілде айындағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Республика Жоғарғы Соттарына, өлкелік және облыстық соттарға шпиондық әрекеттерден басқа барлық мемлекеттік қылмыстық істерді қарау туралы ұсынысын енгізді.

Бұл жөнінде мына бір маңызды датаны атай кеткен орынды болар еді.

1954 жылы 14 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесі «Одақтас республикалар мен автономиялық республикалардың Жоғарғы Соты құрамында және өлкелік, облыстық соттарда, автономиялық облыстарда төралқа құру туралы» Жарлық қабылдады (Ведомости Верховного Суда СССР, 1954, №17). Осыған орай 1955 жылы 25 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасында облыстық соттардың Төралқасының іс қарау

тәртібі бекітілді. Онда заң күшіне енген халық соттарының ұйғарымдары мен шешіміне, үкімдеріне келтірілген наразылықтарды сот тәртібімен қадағалап қарау, сондай-ақ облыстық соттардың сот алқалары өздері шығарған ұйғарымдары бойынша шешім қабылдау құқығы берілді...

1957 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Сотында Төралқа қайта құрылып, оның құрамы кеңейтілді. Сол жылы Республика Жоғарғы Соты құрамында Төраға және екі орынбасар, 19 сот мүшесі болды. 10 халық заседательдері сот істеріне қатысып, қызмет көрсетті (заседание Верховного Совета Казахской ССР четвертого созыва, 212-б.).

Одақтық дәрежеде өткен осындай сот құрылымдарына байланысты 1960 жылы 23 наурызда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы «Қазақ ССР-нің Юстиция министрлігін қысқарту туралы» Жарлық қабылдады. Министрліктің сот мекемелері жөніндегі басшылық қызметі Қазақ ССР Жоғарғы Сотына берілді. Ал жергілікті соттардың ұйымдастыру ісіне облыстық соттар басшылық етті.

Қазақстандағы сот ісін ұйымдастыру, облыс, аудандардағы халық соттарына қажетті құрал жабдықтар мен қаржылай қамқорлық көрсету әр сатыдағы сот мекемелерінің міндетіне кірді. Бұл құзыретті Жоғарғы Сот он жыл қатарынан атқарып келді.

1970 жылы Одақ бойынша Әділет министрлігін құру туралы пікір туындап, осы жылдың 31 тамызы күні СССР Жоғарғы Кеңесінің «Одақтас республикаларда Юстиция министрлігін құру туралы» қаулысы шықты. Одан кейін 1970 жылдың 27 желтоқсанында «СССР Министрлер Кеңесінің Одақтас республикаларда Юстиция министрлігін құру мәселесі жөніндегі» №960 қаулысы жарияланды. Осы қаулыны негізге алған Қазақ ССР Министрлер Кеңесі 1970 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақ ССР-нің Юстиция министрлігін құру және оның жергілікті органдарын ұйымдастыру мәселесі туралы» №799 қаулы-

сын шығарды. Бұдан соң Юстиция министрлігі ережесінің жобасы талқыланып бекітілді.

Қаулыдағы көрсетілген тәртіп бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Сотындағы облыстық, аудандық халық соттарының штаттық кестесі, нотариалдық контор, оларды материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесі, жасау-жабдықтары, өзге де материалдық құнды заттары Юстиция министрлігіне берілді.

Сондай-ақ, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының еншісіндегі сот істерін басқаруды жүзеге асыру, басшылық жасау, мемлекеттік нотариат ұйымын басқару, сот ісін талдаған статистикалық мәліметтердің архивтік құжаттары, соттарды және нотариаттарды қаржықаражат жағынан қамтамасыз еткен өзге де құжаттар Юстиция министрлігінің құзырына берілді. Қазақстан Республикасының бұдан кейінгі сот құрылымы 1990 жылға дейін бірыңғай жүйеде дамып отырды.

1978 жылы СССР-де кемелденген социализм жолында жеңіске жету үшін қоғамның әл-ауқатын, саяси сипатын одан сайын арттыруда замана талабына сай келетін жаңа Конституция жариялауға тура келді. Дегенмен де, 1936 жылы (Қазақстанда 1937 жылы) қабылданған Конституция ескірген-тін. Жаңа дәуір принциптері мен әлемдік саяси көзқарастарға икемделген жаңа Конституция мемлекет мүддесі үшін қажет-ақ еді.

1978 жылы 20 сәуірде 9-сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс 7-сессиясында қабылданған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы «Коммунизмнің биік мұраттарын басшылыққа ала отырып, және СССР-дің қоғамдық құрылысы мен саясатының негіздерін баянды еткен, азаматтардың праволарын, бостандықтары мен міндеттерін, социалистік жалпыхалықтық мемлекеттің ұйымдастыру принциптері мен мақсаттарын белгілеп берген СССР Одағының Конституциясына (негізгі заңына) сәйкес»<sup>1</sup> шыққан еді.

<sup>1</sup> Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары. 1978, № 18, 7–10-б.

1985 жылдан бастап Кеңестер Одағында демократиялық саяси үлкен бетбұрыс кезеңі бүршіктеніп бүр жара бастады. Яғни, тарихтың өзі дәлелдегендей, өзі айтқандай «төмендегілер ескіше өмір сүруді қаламайтын, жоғарыдағылар бүрынғыша ел басқаруды қолдамайтын» саяси ситуация белең алған еді. Осы саяси шиеленісті демократиялық тұрғыдан оңды шешуде қоғамдағы өзгеріске тән қайта құру процесін мемлекет Кеңес еліндегі ішкі саясатты ушықтырмай тиімді тәсілмен жүргізе білді. Мұның соңы әрбір Одақтас республикалар өз алдына жеке, тәуелсіз мемлекет болуға, Одақ құрамынан ерікті түрде шығуына алып келді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының қоғамдық сипатын, мемлекеттік жүйесін түбегейлі өзгерткен 1990 жылғы 24 сәуірдегі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі<sup>1</sup> Н.Назарбаевтың «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындап және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №6–ХІІ заңы және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті туралы» қаулысының Қазақстан халқы үшін маңызы зор болды. Ал 1990 жылдың 25 қазан күні жарияланған «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» қазақ халқы ғасырлар бойы армандап келген тәуелсіздікке қол жеткізудің алғышартын жасап берді. 1991 жылдың 16 желтоқсаны күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет екендігі дүние жүзіне жарияланған Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» №1007–ХІІ Конституциялық заңы жарияланды. Бұл Қазақ елінің ұлы мерекесі есебінде тарихи датаға айналып, ұлттық мейрамға ұласты.

---

<sup>1</sup> Ескерту: Н. Ә. Назарбаев сол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы және осы қызметті қоса атқарды. 1990 жылғы 24 сәуір күні Н. Ә. Назарбаев Қазақ ССР-нің Президенті болып сайланды.



Ежелмен  
Қазакстанның  
тәуелсіз сот  
бадизі

Еліміз егемендік алып, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіз мемлекеттің бүтіндігін қорғап ішкі және сыртқы саясатының да пәрменділігін арттыру үшін оның мызғымас заңы және сол заңды қорғайтын әділ соты болуы басты шарт. Ел жаңарып заман өзгеріп, заманмен бірге адам да өзгеріп жатқан кезде бұрынғы заңдардың да өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететіні айқын.

Осы орайдағы алғашқы өзгерістер 1990 жылы басталды деуге болады. Өйткені 1990 жылы «Қазақ ССР Сот құрылымы туралы заң» қабылданған еді. Ол заң ескірген деп айтпаймын, әйткенмен, одан бері елімізде талай өзгерістер болды, яки сот құрылымында уақыт талабына сай өзгерістердің болуы заңды деп есептеймін. Сот құрылымын дамыта, жетілдіре түскеннен ұтпасак ұтылмаймыз.

Сол себепті 1992 жылы «Соттық-құқықтық реформаның концепциясының» жасалуы дер кезінде қолға алынған іс еді. Концепция сол жылы Жоғарғы Кеңестің талқысына ұсынылды. 1990 жылы Республика Президентінің – «Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның тиімділігін арттыру шаралары туралы» Жарлығы шығып, құқықтық реформаның қажеттілігін нақтылай түсті. Президент Жарлығынан кейін «Құқытық реформаның мемлекеттік бағдарламасы» туды. Бағдарламаның негізгі бөлімі мемлекеттік сот жүйесін қайта құру мәселесіне арналған. Міне, осы мемлекеттік сот жүйесін қайта құру мақсатында 1993 жылы 5 маусымда Республика Президенті 23 адамнан тұратын жұмыс тобын бекітіп,

мені осы жұмысшы топты басқаруға тағайындады. Топтың құрамына әр деңгейдегі судьялар, басқа құқық қорғау органдардың уәкілдері, заңгер ғалымдар енді. Біз екі негізгі құжатқа: Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Президент бекіткен құқықтық реформаның бағдарламасына сүйене отырып, «Сот құрылымы және Қазақстан Республикасы судьяларының мәртебесі туралы» атты заң жобасын әзірледік. Енді осы жоба жөнінде толығырақ тоқталып өтейін.

Заң жобасын әзірлеуді бастамас бұрын біз оны қалай атауды және құрылымын ойластырдық. Қазақстан Республикасы Конституциясының 95-бабы 4-бөлігіне орай, соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленді. Яки, бұл конституциялық тәртіпке қарағанда соттар мен судьялардың мәртебесі жөніндегі және сот құрылымы жөніндегі бөлек екі заң дайындау керек болып, Конституцияға қосымша ретінде тіркелген Қазақстан Республикасы конституциялық заңдарының тізімінде «Жоғарғы Сот жөніндегі», «Конституциялық Сот жөніндегі» заңдардан басқа, «Қазақстандағы сот құрылымы жөніндегі» заң бар. Ал «Соттар мен судьялардың мәртебесі жөніндегі» заң бұл тізімде жоқ болып шықты.

Конституцияның өзіндегі осындай қайшылықты байқаған жұмысшы топ соттар мен судьялардың мәртебесі жөніндегі заң мен сот құрылымы жөніндегі заңды бірлестіріп, жобаны «Сот құрылымы және Қазақстан Республикасы судьяларының мәртебесі жөніндегі» заң деп атадық.

Жобада соттардың қызметін қамтамасыз ету тәртібі жөнінде айрықша айтылған. Өйткені Республикамыздың Конституциясында соттардың тәуелсіз өкімет тармағы екені айқын айтылған. Конституцияның бұл бабы жобаның жалпы бөлімінде өз көрінісін тапты және бөлендей дау тудырмайды. Тек соттардың

қызметін қамтамасыз етумен кім шұғылдануға тиіс деген сұрақ қана тереңірек ойлануды қажет еткен еді. Өйткені бұл мәселе соттардың шын тәуелсіз болу-болмауына әсер етеді.

Бұрыннан қалыптасқан тәртіп бойынша соттардың қызметін Әділет министрлігі мен оның жергілікті органдары қамтамасыз ететін. Біз бұл тәртіпті заң жобасында қалдырғанымызбен, соттардың қызметін қамтамасыз етуді ескіше қалдыру соттарды атқарушы өкіметке тәуелді етеді деген пікірдің бар екенін айтқанымыз жөн. Осыған орай соттардың қызметін қамтамасыз ету үшін Жоғарғы Соттың құрамында арнайы құрылым болуы керек деген ұсыныс бар. Біздіңше, соттар мен судьялар шын тәуелсіз болу үшін олардың қызметін қамтамасыз етуді жоғарғы сатыдағы сотқа да, заң шығарушы және атқарушы үкіметке де бермей, жеке тәуелсіз құрылым құру керек. Бұндай құрылым соттардың қызметін қамтамасыз ететін Бас Сот Басқармасы деп аталып, оның басшысын Президент тағайындаса. Бұл құрылымды ұстауға қосымша қаржы шығарудың қажеті жоқ, оның орнына Әділет министрлігі мен облыстардағы осы шаруамен шұғылданатын басқармалар мен бөлімдерді таратса, жетіп жатыр деген ұсыныс айттық. Сот реформасының тағы бір шешімі қиын мәселесі – төрелік соттарын жалпы сотпен біріктіру. Бұндай біріктіруді жақтаушылар бірінші сатыдағы шаруашылық дауларын аудандық соттарға тапсырып, ал бұл істерді кассациялық және бақылау тәртібімен қарауды облыстық соттардың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы мен Жоғарғы Сотқа беруді ұсынған еді.

Жұмысшы топ бұл ұсыныспен келіспей облыстар мен Алматы қаласында бірінші сатыдағы төрелік соттарын қалдырып, облыстық соттар мен Жоғарғы Сот құрамында шаруашылық істер жөніндегі сот алқасын ашуды ұсынған еді. Өйткені, тек Жоғарғы төрелік сотын таратудың өзі Конституцияға тиісті өзгеріс

енгізуді талап етеді. Конституцияға өзгеріс енгізу оңай шаруа емес-тін.

Осы тұста заң жобасынан сәл ауытқыңқырап, біртұтас сот құрылымы жөніндегі идеяға қатысты өз ойымды ұсындым. Атап айтқанда, Конституциялық Сот хақында. Бұл соттың асығыс, Ресейдің ізімен құрылғанын мойындаған жөн.

Бұл соттың міндеті – Конституцияны қорғау дейді. Конституцияның өзі еліміздің басты Заңы емес пе!? Ол ешқандай соттың қорғауын қажет етпейді, әсіресе арнайы құрылған соттар Конституцияны еш күмәнсіз басшылыққа алады, бағынады.

Ал жеке азаматтардың, шаруашылық орындарының конституциялық құқын сот тарапынан қорғау мүлдем басқа мәселе, онымен жалпы сот пен төрелік соттар шұғылданады.

Түптеп келгенде, барлық сатыдағы соттар күнделікті қызметінде Конституцияны қорғап жүрген жоқ па?! Азаматтық, қылмыстық істерді, шаруашылық дауларды қарағанда соттар Конституцияны басшылыққа алады, Конституцияға сәйкес қабылданған заңдарға сүйенеді.

Бұл жағдай Конституцияның 101-бабында бекітілген. Онда ешбір сот Конституцияға қайшы билік шығара алмайды делінген.

Сондай-ақ, кез келген соттың мемлекеттік мәжбүрлеу органы екені белгілі, оның билігі міндетті түрде орындалуға тиіс. Ал, Конституциялық соттың мұндай құзыры жоқ, оның шешімінің бұлжымас сот шешіміндей күші жоқ. Демек, Конституциялық соттың шешімі орындалмауы да мүмкін.

Әрине, әртүрлі заң актілерінің Конституцияға сәйкес келетін-келмейтінін тексеріп, қорытынды анықтама беріп отыратын органдарының қажеттілігіне дау жоқ. Жоғарғы Кеңес жанынан құрылған конституциялық бақылау комитеті осындай орган бола алар еді деген ой айтылды.

Соттардың бірігуінің қаржылай тұрғыдан да тиімділігі бар. Мемлекет үш сот ұстауға жылына жүз отыз миллион теңге бөледі екен. Соттарды біріктіруден елу миллиондай қаржы үнемдеп, оны құқықтық реформаны іске асыруға жұмсасақ несі айып?! Реформаның қаржы тапшылығынан ілгері жылжымай жатқаны бәрімізге белгілі еді.

Соттың үш саласын тоғыстыру идеясына мен сенетін едім және болашақта өмірдің өзі осыған әкелетініне күмәнім жоқ-тын. Сол себепті де, біртұтас соттың құрылымының төмендегідей кестесін ұсындым.

Бұл кесте бойынша сол кезде күшіндегі Конституциялық соттың негізінде Жоғарғы Сот құрылып, оған өзінің бұрынғы құзырларымен қоса, азаматтық, шаруашылық және қылмыстық істерге қатысты айырықша бақылау мәртебесі беріледі. Ал, Жоғарғы Сот пен Жоғары төрелік соттың базасында Жоғарғы апелляция соты құрылады. Қалған соттар қазіргі қалпын сақтайды дедім. Менің бұл ұсынысым барлық облыстық соттар мен әділет басқармаларында халық соттарының қатысуымен кеңінен талқыланды.

Талқылауға қатысушылардың басым көпшілігі біртұтас сот құрылымын қолдайды. Соттың жоғарғы басшылары да идеяны жоққа шығармайды, тек оны кезеңмен біртіндеп іске асыруды қолдайды.

Көпшілік болып ақылдасуды керек ететін және бір маңызды мәселе – судьяларды ел басшысының, яки Президенттің тағайындауы турасында болды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабына сәйкес Президент, ең біріншіден, мемлекет басшысы. Ол республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының, Республика Конституциясы мен заңдарының сақталуына кепіл болады. Яғни судьялар мемлекет басшысы Президенттің жарлығымен тағайындалып жатса, үкімет басқару органдары-

ның өзге тармақтарынан соттардың тәуелсіздігін даралайды деп ойлауға болатын еді.

Және сот қызметіне үміткерлер жай тағайындала салмайды, мамандығы бойынша міндетті түрде сынақтан өтетін болады. Соттардың 10 жылға емес, өмірлік тағайындалуының да маңызы өте зор. Тура билік шығарғаны үшін қызметімнен босармын деп алаңдамайтын, ертеңіне сенімді адам билік шығарғанда да сенімді болады. Ал егер кейбір судьялар заңды бұрмалап, билік орнына сай емес қылық көрсетсе, онда судьяларды қызметінен босатудың механизмі де заң жобасында көрсетілген-тін.

Сондай-ақ, заң жобасында халық заседательдері институтын алып тастауды ұсындық. Қазіргі кезеңде бұл институт өзін ақтамайды. Біріншіден, халық заседательдерін жинап, сотқа қатыстыру оңай іс емес, оған қаншама уақыт, қаншама қаржы керек. Екіншіден, халық заседательдерінің заң саласынан арнайы білімі жоқ, көбіне сотқа жай қатысып отырады.

Көптеген істерді бір маман судьяның өзі-ақ шеше алады. Тек өте ауыр жаза: 10 жылдан астам бас еркінен айыру немесе ату жазасы шығарылатындай болғанда іске тағы да екі кәсіпқой сот қатысып, үкімді үш адам ақылдасып отырып шығарады.

Біз ұсынған заң жобасында тағы бір көңіл аударатын жаңалық – Бас Сот Кеңесін құру (қазіргі кезде Жоғарғы Сот Кеңесі деп аталады). Бұл мәселе жөнінен де біз құқықтық реформа бағдарламасына сүйендік. Аталмыш органның құзырына мынадай мәселелер кіреді: судьялық қызметке үміткерлердің кәсіптік дәрежесін анықтау емтихандарын қабылдап, судья қызметіне лайықты мамандарды іріктеу, судьяларды аттестациядан өткізіп, дәрежелік сыныбын бекіту; судьяның қызметін қайта жалғастыру; судьяларға ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз ету.

Бас Сот Кеңесінің құрамына Республика судьяла-

ры съезіне жасырын дауыспен сайланған 10 судья, Жоғарғы Кеңес жолдаған 3 депутат, Президент тағайындаған 3 уәкіл, Заңгерлер ассоциациясы сайланған 3 заңгер кіреді.

Кеңестің төрағасы мен оның орынбасарын Республика Президенті сол Кеңес мүшелерінің ішінен тағайындайды.

Және бір кесікті мәселе – Бас Сот Кеңесінің құрамына Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот, Жоғарғы Төрелік соты төрағалары, Әділет министрі, Бас прокурор, Ішкі істер министрі, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Төрағасы және олардың орынбасарлары кірмеуге тиіс. Алайда, аталмыш лауазымды адамдардың қай-қайсысы да Бас Сот Кеңесіне судья қызметіне ұсынылған адам жөнінде пікір білдіруге, мәлімет беруге құқылы.

Әйткенмен де, жұмысшы тобының бұл ұсынысымен заңгерлердің бәрі сөзсіз келіседі деуге болмайды, жоғарыда аталған басшылар міндетті түрде Бас Сот Кеңесіне еруге тиіс деушілер де бар болды. Ал Әділет министрлігі ұсынған Бас Сот Кеңесі жөніндегі ережеде Бас Сот Кеңесінің Төрағалығына Әділет министрі ұсынылады.

Бұл мәселені заңгерлер арасында, Жоғарғы Кеңес мәжілісінде асықпай, тереңірек талқылаған жөн дедік. Сот саласында әбден қалыптасқан және осы уақытқа дейін ешбір судьяның қарсылығын туғызбаған айқын мәселенің біреуі – судьяларды сынып бойынша дәрежелену еді. Біздің жұмысшы тобында бұл мәселе жөнінен еш талас туған жоқ. Алайда, кейінгі кезде Әділет министрі көпшілік алдында сөйлегенде де, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да осы қалыптасқан жағдайға күмән келтіріп, талас туғызып жүрді. Ол судьяларды сынып бойынша дәрежелену олардың еңбекақыларының арасын алшақтатады, көптеген судьялардың құқына нұқсан келтіреді деп есептеген еді.

Бұл, біздіңше, біржақты пікір. Судьяларды кәсіпкерлік шеберлігіне, біліктілігіне, еңбек тәжірибесіне сай сынып бойынша дәрежелеу қайта олардың әлеуметтік беделін көтереді, олардың жан-жақтылыққа, терең біліктілікке ұмтылуына себепкер болады.

Құқықтық реформаның бағдарламасында да бұл жай жан-жақты (10-бет) қамтылған. Судьялардың сыныбын көтеру, соған орай қосымша төлем қосу оларды әлеуметтік жағынан қорғау болып табылады. Қазір облыстық және аудандық соттардың судьяларына жылына миллиондаған теңге қосымша төленеді. Және сыныптық дәреже судьяларға лауазымы үшін емес, судья қызметінде істеген жұмыс стажы, кәсіпкерлік дәреже деңгейі үшін беріледі. Демек, бұл мәселеде қызмет дәрежесі, лауазымы жөнінде әңгіме болуға тиіс емес. Сондай-ақ, қандай сыныпты судья болса да олардың заңды мәртебесі (статусы) бірдей болады, құқығы бірдей дәрежеде қорғалады. Бұл жағдай біз дайындаған заң жобасында бекітілді.

Құқықтық реформа бағдарламасында көрсетілгендей сот ісіне кассациялық шағыммен бірдей апелляциялық инстанция да енгізілді. Біздіңше, осы апелляциялық инстанцияның құзырын нақты анықтап алу керек. Қалыптасқан ұғым бойынша апелляция – екінші сатыдағы соттың істі қайта қарап, жаңа үкім шығаруы деп есептеледі. Алайда, барлық өркениетті елдерде екінші сатыдағы сот апелляциялық деп аталады және бірінші сатыдағы соттың шешімімен келіспеген азаматтардың шағымын, талап арызын қарайды. Шетел сөздігінде «апелляция» – шағым, арыз деп аударылса, «кассация» – жою, бұзу деп аударылады. Мұндай жағдайда, біздіңше, апелляция мен кассация қатар тіршілік ете алмайды, сондықтан кассация деген терминнен бас тартуды ұсынған едім.

Әрине, біз әзірлеген заң жобасы әлі қабылданған

заң емес, бірақ түпкілікті мақсат біреу болуға тиіс. Ол – еліміздің, болашақ ұрпағымыздың мүддесі үшін тиімді, жақсы сот құрылымын жасау. Сот билігі біреу және бірегей болғанын осылайша талқылап ұсыныс енгізген едік. Бұл ұсыныс, пікір өз жемісін берді.

1993 жылғы 28 қаңтардағы Конституция өтпелі кезеңге тән Қазақ ССР-індегі мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын жетілдіру барысында және одан бұрынғы шыққан конституциялық заңдар ережесін жинақтай келе жаңа қоғамға лайықты «Қазақстан Республикасының Конституциясын» жариялады.

Жаңа Конституциядағы 16-тарау сот билігіне арналды. Конституцияның 95-бабында Қазақстандағы сот билігі Конституциялық Сотқа, Жоғарғы Сотқа және Жоғарғы Төрелік Сотқа, сондай-ақ заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі екені атап көрсетілді. Онда: «Ешқандай өзге органның, лауазымды немесе өзге адамның сот билігі міндеттерін өз мойнына алуға қақысы жоқ» делінген. «Конституциялық Сот – Қазақстан Республикасы Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғарғы органы деп табылатынын» атап, белгілеп берді.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті 1993–1994 жылдары дүние жүзіндегі өркениетті елдермен тең дәрежеде ынтымақтаса отырып, халықаралық қарым-қатынасты одан сайын нығайта түсті. Мұның өзі дүние жүзіндегі мемлекеттердің қауымдастығында салмақты саясат пен әлемдік талап-тілекке сәйкес келетін халықаралық құқықтық нормалардың қажеттілігі және республиканың ішкі саяси құрылымындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңаша сипатына лайықты құқықтық реформа жүргізуді қолға алу – маңызды мәселе екенін көрсетті.

1994 жылдың 12 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Рес-

публикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1569 қаулысы шықты.

Қаулыда Республикадағы сот жүйесін реформалау туралы жан-жақты айтылды. Әсіресе, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру, оларды ұйымдық жағынан нығайту, іс қарауда соттардың ешкімге тәуелді болмауын тиімділікпен арттырудың жаңа жобасын жасады. Сондай-ақ, жалпы соттар мен төрелік соттарға жіктелудің де қажет емес екенін анықтап берді. Республика Президенті Жоғарғы Сот Кеңесінің және Квалификациялық алқаның ұсынуымен судьялық қызметтің міндетін түпкілікті бекітуді талап етті. Соттардың қызметін жан-жақты қамтамасыз етудегі кадр, ішкі шаруашылық істермен айналысуды сот істерінен бөліп, аппарат басшылығына жүктеу көзделді. Сондай-ақ, сот әділдігін жүзеге асыруда және сот қаулыларын орындауда аппарат ішкі ұйымдастыру жұмыстарына мейлінше көмек-жәрдем беру керектігі күшейтілсін делінді.

Аталған қаулыда судьялардың әлеуметтік әлауқатын арттыру да маңызды мәселе ретінде қаралды. Мұның өзі судьяларды құрметтеудің мемлекеттік дәрежедегі озық үлгісі екенін танытты. Олардың құқықтарын мемлекеттік тұрғыдан қорғау, қолдаудың принципті үлгілерін нақты көрсетіп берді. Осы аталған қаулыда Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мына негізде құрылуына бағыт-бағдар жасалынды.

Жоғарғы Сот Республикадағы жалпы соттардың ең жоғарғы ұйымы болып табылатыны атап көрсетілді. Оның құзыретіне ең жоғарғы лауазымды тұлғалардың қылмыстық істері жөніндегі сот істерін қарау, сондай-ақ, кассациялық, қадағалау инстанцияларының міндеттері және заңдарды қолдану жөніндегі мәселелерге түсінік беруді жүзеге асыру кірді.

Бұл қаулыда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты арнайы сот алқаларына бөлініп құры-

латыны, судьялар құрамы да соған қарай іріктелетіні көрсетілді. Сондай-ақ, облыстық соттың сот құрылымы, оның төрағасы, алқа төрағалары, оған теңестірілген қалалық соттың да құрылым жүйесі осы негізде болды. Ал Қазақстан аумағындағы әскери сот дәреже міндетіне қарай Республика Жоғарғы Соты Пленумының құрамына кіретіні айтылды. Ал осы уақытқа дейін барлық сот инстанцияларында сот ісіне қатысып келген халық заседательдерінің институтын жою керектігі көрсетілді.

1994 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің осы қаулысы негізінде еліміздегі құқық қорғау органдары мен заң шығару орындарында және сот құрылымындағы құқықтық реформалар негізінде 1995 жылы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Жарлығы шықты. 84 баптан тұратын бұл Жарлық республикадағы тәуелсіз сот билігі мен судьялардың мәртебесі туралы әлемдік өркениеттегі құқықтық нормаларға сай келетін жаңаша заңдар ережесін жасап, бекітіп берді.

Енді «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық Заң күші бар Жарлығының сот билігінің тәуелсіздігі және судьялардың сот ісін қараудағы мәртебесі туралы кейбір баптарын талдай кетсем.

Аталған Жарлықтың 1 бөліміндегі 1-баптағы: «1.Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық

шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

2. Соттар өздеріне тиесілі билікті ешкімнің еркіне қарамастан Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Республикадағы сот билігі Республика Конституциясының заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, Республиканың халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

4. Сот билігі сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады.

5. Соттардың шешімдері, үкімдері, өзге қаулылары, сондай-ақ, олардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары мен басқа өтініштері Республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Оларды орындамау, сол сияқты сотты құрметтемеу заң бойынша жауаптылыққа әкеліп соғады<sup>1</sup>, – деген тұжырымдар егемен Қазақстандағы тәуелсіз сот билігінің бағыт-бағдарын айқындап берді.

Жариялық пен еркіндіктің тізгінін тең ұстаған бүгінде зайырлы қоғам орнатуда демократиялық дамудың даңғыл жолына түскен мемлекетіміздегі сот қызметінің негізгі принциптерін де бөле-жара айтқан орынды дер едім. Жоғарыдағы конституциялық Заң күші бар Президент Жарлығының 4-баптағы Қазақстан Республикасындағы соттар қызметінің негізгі принциптері – «Республикадағы соттар қызметі заңдылық, судьялардың тәуелсіздігі, баршаның заң және сот алдындағы теңдігі, тараптардың жарыспалығы мен тең құқылығы, істерді қараудың жариялылығы принциптерінің негізінде құрылады». Ал Жар-

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің № 2694 Жарлығы, 20.12.1995.

лықтың келесі 5-бабындағы сот арқылы қорғалу құқығының принциптері былайша жіктеліп көрсетілген:

«1. Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге тұлғалардың Республика Конституциясы мен заңдарында көзделген құқықтарына, бостандықтарына және заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген жолсыз шешімдері мен іс-әрекеттерінен сот арқылы қорғалуына кепілдік беріледі.

2. Ешкімді заңның барлық талаптары мен әділеттілік сақтала отырып құзыретті, тәуелсіз және әділ сотта ісінің қаралуы құқығынан айыруға болмайды.

3. Барлық соттарда және сот ісін жүргізудің кез келген деңгейінде бірінші заң көмегімен қорғауға кепілдік беріледі.

4. Сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға тиісті өтініштерді, арыздар мен шағымдарды ешбір басқа органдар, лауазымды немесе өзге тұлғалар қарай алмайды немесе бақылауға ала алмайды», – деп өте әділ нақты көрсетіліп берілген.

Қазақстан Республикасындағы жаңадан құрылған сот жүйесінің құрылымын, олар атқаратын сот қызметінің бағыт-бағдарына енген ерекшеліктер де Президент Жарлығында өз ретімен, тиісті баптармен аталып көрсетілген. Бұл ретте Қазақстан Республикасының егемендік алуына орай жаңа институттар мен атрибуттар құрылды, соның ішінде Жоғарғы Сот құрамында әскери сот істері жөніндегі алқа мен республика аймақтарында әскери соттар өз істерін бастады. Сондықтан, «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық Заң күші бар Президент Жарлығының III тарауындағы әскери соттарға қатысты 24-баптағы «әскери соттарды Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының

Президенті құрады және таратады. Республика аумағындағы Қазақстан Республикасының әскери соты, бірлестіктердің (армиялардың, құрамалардың, гарнизондардың) әскери соттары болатынын, әскери соттардың жалпы санын Әділет министрінің ұсынуымен Республика Президенті белгілейтіні, әрбір әскери сот үшін судьялар санын Әділет министрі анықтап беретіні» айтылған. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық әскери соттар әртүрлі сатыдағы соттармен теңестіріліп, өз істерін атқарып жатыр.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құрамы конституциялық Заң күші бар Президент Жарлығының 29-бабында көрсетілген тәртіппен жұмыс жасауда. Атап айтқанда:

«1. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуымен Республика Президенті белгілейді.

2. Жоғарғы Сот Төрағадан, сот алқаларының төрағалары мен тұрақты судьялардан тұрады.

3. Жоғарғы Соттың органдары: 1) пленум, 2) төралқа, 3) азаматтық істер жөніндегі сот алқасы, 4) шаруашылық істер жөніндегі сот алқасы, 5) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы, 6) әскери істер жөніндегі сот алқасы болып табылатыны», – көрсетілген.

Бұл жерде Жоғарғы Соттың Пленумының өкілеттіктері мен жұмыс тәртібі туралы тоқтала кеткен жөн.

Жарлықтың 30-бабында «Жоғарғы Соттың Пленумы Төрағаның, сот алқалары Төрағаларының, Жоғарғы Сот судьялары құрамында жұмыс істейді» делінген.

Ал Жоғарғы Сот пленумының өкілеттіліктеріне тоқталатын болсақ, Президент Жарлығындағы 31-бапта мынандай маңызды мәселелер айқындалып берілген.

«1. Соттардың заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қолдану практикасын зерделеу және талдау материалдарын қарайды және сот практикасының мәселелері жөнінде түсініктер беретін нормативтік қаулылар шығарады;

2. Республика Конституциясына сәйкес Президентке мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың негізділігі жөнінде қорытынды береді;

3. Сот статистикасын талдау материалдарын қарайды;

4. Жоғарғы Сот Төрағасының, Жоғарғы Сот пленумы хатшысының ұсыныстарымен ғылыми-консультативтік кеңестің құрамын сайлайды;

5. Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының мүшелерін сайлайды;

6. Жоғарғы Сот Төралқасының мүшелерін сайлайды», – деп көрсетілген.

Жоғарғы Соттың ең жоғарғы органы болып табылатын Жоғарғы Сот Пленумының жұмыс тәртібі Жарлықтың 32-бабында мынандай негізде:

«1. Жоғарғы Соттың Пленумы кемінде жылына екі рет шақырылады. Жоғарғы Сот Пленумының жұмыс тәртібі оның өзі бекіткен регламентпен белгіленеді.

2. Жоғарғы Сот Пленумының отырыстары оның құрамының кемінде үштен екісі бар болса, құқылы болып саналады. Пленумның қаулысы дауыс беруге қатысқан Пленум мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

3. Пленумның жұмысына Республика Конституциялық Кеңесінің Төрағасы, Бас прокурор мен Әділет министрі қатысады.

4. Бас прокурор мен Әділет министрі сот практикасының мәселелері жөнінде түсініктер беру туралы ұсыныстар енгізуге хақылы.

5. Пленумның қаулысына Жоғарғы Соттың Төрағасы мен Пленумның хатшысы қол қояды», – деп жазылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бірден бір органы болып табылатын, мемлекетіміздегі сот әділдігінің ең соңғы төрелігін айтып, қаулы қабылдайтын Жоғарғы Соттың Төралқасы туралы Жарлықтың 33-бабында:

«1. Жоғарғы Соттың Төралқасы Жоғарғы Соттың Төрағасынан, жыл сайын пленумда пленум мүшелерінің жалпы санын жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланатын сегіз тұрақты судьядан тұрады.

2. Төралқаның отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.

3. Төралқаның отырыстары оның құрамының жартысынан астамы бар болса, құқылы болып саналады. Төралқаның қаулысы ашық дауыс беру арқылы дауыс беруге қатысқан Төралқа мүшелері дауысының көпшілігімен қабылданады және төрағалық етушінің қолы қойылады.

4. Төралқаның жұмыс тәртібі оның өзі қабылдаған регламентпен белгіленеді», – деп көрсетіп, осы жарлықтың 34-бабындағы Жоғарғы Сот Төралқасының өкілеттіктері туралы былай деп айтылған:

«1. Жоғарғы Соттың Төралқасы істерді қадағалау тәртібімен және іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қарайды;

2. Сот практикасын зерделеу мен қорыту және сот статистикасын талдау материалдарын, төменгі соттар мен Жоғарғы Сот алқалары сот төрелігін жүзеге асырған кезде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3. Сот алқалары төрағаларының хабарламалар мен есептерін тыңдайды. Жоғарғы Сот алқалары мен аппаратын ұйымдастыру мәселелерін қарайды;

4. Төралқа жұмысының регламентін қабылдайды.

5. Жоғарғы Сот аппараты жұмысының регламентін бекітеді;

6. Заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады», – делінген.

Сот әділдігін жүзеге асыруда әртүрлі сатыдағы соттардың атқарар қызметі ерекше. Аудандық, қалалық, облыстық соттардың өз деңгейінде шығарған шешімдері мен үкімдеріне, ұйғаруларына және сот қаулыларын кассациялық шағым бойынша қадағалап қарауда Жоғарғы Сот алқаларының атқарар жұмысы өте зор. Бұл жөніндегі Жарлықтың 35-бабы мына негізде құрылған:

«1. Жоғарғы Соттың алқалары бастапқы саты бойынша шағым (кассация), сондай-ақ қадағалау ретімен және жаңадан анықталған жағдаяттар бойынша сот істерін қарайды.

2. Алқалар сот практикасының мәселелері бойынша Жоғарғы Сот Пленумының түсініктер беруі үшін Жоғарғы Соттың Төрағасына ұсыныстар мен материалдар енгізеді;

3. Азаматтық, шаруашылық және қылмыстық істер жөніндегі сот алқаларының құрамдарын Жоғарғы Сот судьяларының арасынан Жоғарғы Соттың Төрағасы бекітеді»...

«Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық Заң күші бар Жарлығында тәуелсіз мемлекетіміздегі сот билігін жүзеге асырып жатқан судьялардың мәртебесі туралы да кең көлемді, терең мағыналы тұжырымдар айтылған. Жарлықтың III бөліміндегі кейбір баптарды толығымен келтіре кетсек. Мұндағы 38-бапта:

«1. Судья Республикадағы сот билігін атқарушы болып табылады. Оған конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзінің міндеттерін кәсіби негізде атқару құқықтары берілген.

2. Судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезіндегі талаптары мен өкілдері барлық мемлекеттік

органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

3. Судьялардың талаптары мен өкімдерін орындамау, оларды құрметтемеу заңда белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады», – делінген.

Бұл Жарлықта егемен Қазақстан Республикасындағы сот билігін Конституциядағы заң талаптарына сай орындауда судьялардың тәуелсіздігі және олардың ауыстырылмайтындығы кеңестік дәуірдегі сот талабына мүлдем ұқсамайтын ерекшелік екенін барлық халыққа айқындап берді. Сондықтан да Президент Жарлығындағы 39-баптың мәтінін толық келтіре кеткен жөн.

«1. Сот төрелігін жүзеге асырған кезде судья тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады.

2. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыруға және судьяға қандай болсын ықпал етуге қақысы жоқ. Мұндай әрекеттер заң арқылы қудаланады.

3. Судья тәртіптік жауапкершілікке тартылған жағдайлардан өзге, қаралған немесе өндірістегі істердің мән-жайы жөнінде қандай да бір түсініктемелер беруге міндетті емес.

4. Судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттер жүктелуге тиіс емес. Ол заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізілуге тиіс емес.

5. Соттар тұрақты судьялардан тұрады. Судьялардың өкілеттіктері тек қана заңда белгіленген негіздер бойынша доғарылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

6. Бұқаралық ақпарат құралдарының өз хабарларында шешімдер немесе үкімдер заңды күшіне енгенге дейін сотта іс қараудың нәтижесін күнілгері ұйғаруға немесе өзге жолмен сотқа ықпал етуге хақы жоқ».

Жарлықтың бұдан кейінгі 40-бабы Қазақстан Республикасындағы судьялардың тәуелсіздігінің кепілдігі туралы түзілген. Ондағы:

«1. Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және заңдармен қорғалады, әрі: 1) заңда көзделген сот төрелігін жүзеге асыру рәсімімен; 2) сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметке қандай да болмасын араласуға жауапкершілікке тартылу қаупін ескерте отырып тыйым салу арқылы; 3) сотты құрметтемегендігі үшін жауапкершілікпен; 4) судьяны тағайындаудың, өкілеттігін доғару мен тоқтата тұрудың белгіленген сайлау тәртібімен, судьяның орнынан түсу құқығымен; 5) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес келетін материалдық жәрдем көрсету және оларды әлеуметтік қамсыздандыру арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Судьялар, олардың отбасыларының мүшелері мен мүлкі мемлекеттің ерекше қорғауында болады».

Жарлықтың келесі 41,42-баптары судьяларға ешкімнің тиіспеу құқығы мен судьяға қойылатын талаптарға арналған. Мұнда да егемен еліміздегі судьялардың мәртебесі қаншалықты биік екені анық көрініп тұр. Нақты мысал үшін жарлықтың осы баптарындағы мәтінді тұтастай алайық:

«1. Судьяға ешкімнің тиісуіне жол берілмейді. Судьяны қылмыс үстінде немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін ұстаған жағдайларды қоспағанда, Республика Жоғарғы Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3-тармақшасында белгіленген жағдайда – сенаттың келісімінсіз тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленген әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауапкершілікке тартуға болмайды.

2. Судьяға қатысты тек Қазақстан Республикасының Бас прокуроры ғана қылмыстық іс қозғай алады.

3. Судьяның қызметтік атыс қаруын сақтауға және өзімен алып жүруге құқығы бар».

Енді Жарлықтың 42-бабындағы судьяға қойылатын талаптардың маңыздылығын көрсете кетсек.

«1. Судья:

1) Конституцияны және заңдарды мүлтіксіз сақтауға, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге; 2) өз міндеттерін атқару үстінде, сондай-ақ, қызметтен тыс қарым-қатынастарда сот төрелігінің беделіне, судьяның қадір-қасиетіне дақ түсіретін немесе оның әділеттілігі мен бейтараптығына күмән туғызуы ықтимал барлық нәрседен аулақ болуға; 3) өз қызметіне кез келген заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға; 4) соттар кеңестерінің және жабық сот мәжілістері өткізілген кезінде алынған мәліметтердің құпиясын сақтауға міндетті.

2. Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе басқа да шығармашылық қызметтерді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымдардың басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды. Судьялар партияға, кәсіби одақтарға кіруге, қандай да бір саяси партияларды қолдап немесе қарсы сөз сөйлеуге тиіс емес.

3. Судьяның лауазым атқаруының шекті мөлшері Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес белгіленеді. Оны ерекше жағдайларда Жоғарғы Соттың сот алқаларының төралқалары мен судьяларына қатысты – тиісінше Жоғарғы Соттың Төрағасы, басқа барлық судьяларға қатысты – Әділет министрі әрі кеткенде бес жылға ұзартуы мүмкін», – деп тұжырымдаған...

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты және оған тұғыр болған ежелгі билер соты өзінің сан ғасырды басып өткен салықалы тарихында еліміздегі құқықтық қатынастарға сай сот әділдігін жүзеге асырды. Оның құрылымдық жүйесін әр жылдардағы заман саясатына сәйкес жетілдіріп, қоғам мен халық мүддесіне сай үйлестіруде Жоғарғы Сот осындай биік белестен өтті.



XV ғасырдағы билердің өнегелі ісіне арналған мадақ толғауында Қазтуған жырау осылай деп баға берген екен. Жырдың екі жол мәтіні астарында «Бұрынғының билеріндей болу қайда, біз сол билердің кенжесі – соңы едік» деген емеурін танытады. Бұдан бес ғасыр бұрынғы билердің «Қара қылды қақ жарған» әділ ісіне осындай сын көзбен қараған Қазтуған жырау әділ биліктің келешекте қандай күйге түсетініне қатты қайғырып, қынжылған да шығар. Бірақ ғасырдан ғасырға құқықтық дәстүр-салттың қаймағын бұзбай жеткізген одан кейінгі билер үлгісі бізге, қазақ халқы үшін зерделі заңның жарғысындай жәдігерлік мұраға айналды.

Халқымыздың заң-жарғыларын жүзеге асыруда, оны өміршең етуде билердің алар орны ерекше. Мыңдаған жылдардан бері мызғымай келген шешендік сөз – шебер тіл сот билігінің ұстарадай өткір құралы екені, билер айтқан үкімдер мен шешімдерде ерекше орын алған. Мұны әлемге кеңінен танымал болған бағзы замандағы Эллада жеріндегі Цицерон, Динарх, Гегесид, Исай, Эсхил, Исократ, Сократ, Филократ сынды гректің әйгілі шешендерінің сот риторикасын жан-жақты дамытқанын тарихтан жақсы білеміз.

Біз мысалға келтіріп отырған бағзы замандағы грек, римнің риториктерімен шешендестіре алатын би-шешендеріміз жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде-ақ мемлекет атынан билік айтудың дәстүрлі жолын салған еді. Аты-жөні әлімсақтан исі түркі тектес халықтарға кеңінен танылған билеріміз, олардан қалған шешендік сөз XX ғасырдың басына дейін мәйегін бұзбай келгені тарихтан аян.

Сонау Ғұн, Үйсін заманындағы Елсау би, Нулы би, Тоныкөк, Онқай билерден бері дәстүрлік жалғасын тапқан даналық сөзі әр қазақтың жүрегінде кодекстей жатталып, ғасырлар керуенімен бізге дейін жеткені қуанарлық нәрсе.

Біз Жоғарғы Соттың 75 жылдық мерейтойына орай осыдан мың жылдан астам уақыттан бері қазақ мемлекетінің тарихында билік ісімен ел құрметіне бөленген ІХ–Х ғасырларда өмір сүрген Қорқыт Қарақожаұлы (аныз есебінде айтылатын Қорқыт ата), Шыңғысханның бас уәзірі болған Майқы би Төбейұлы (1105–1225), Аяз би Жаманұлы (ХІ–ХІІ ғ.), Мөңке би (1207–1259), Едіге би (1354–1419), Бәйдібек би (1359–1416), Әз Жәнібек (1406–1473), Қадырғали би (1530–1605), Шоған би (1584–1640), Әнет би (1626–1723) сынды орта ғасырда өмір сүріп, өз дәуірінің мемлекет ісіне, сот билігіне араласқан «ауыл арасындағы алты ауыз даудан, хан алдындағы қырық мәселеге» дейін араласып, бітімді билік айтқан баба билердің үлгісін өздерінен кейінгі аузы дуалы бала билер ғасырдан ғасырға жеткізе білді.

Қазақ тарихында халқымызға кеңінен танылған ХVІІ–ХХ ғасырлар арасындағы данагөй билердің есімдерін бүгінгі ұрпақтары жатқа айтады. Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, айыр тілді Әйтеке би, қу дауысты Құттыбай би, Сырым Датұлы, Малайсары, Ескелді би, Балпық би, Жиренше шешен, Бекболат, Есей, Бөлтірік, Досай, Жанкісі, Ақтайлақ, Тайжан, Тоқсан, Сары, Шон, Шорман, Қараменде, Байдалы, Алшынбай, Қазанғап, Жанқұтты, Байкөкше, Бала би, Саққұлақ сынды айтулы билердің және басқа да аттары аталмай жүрген билердің өмір деректерін Жоғарғы Соттың 75 жылдық мерейтойы қарсаңында ел ішінен іздестірген едік.

Қазақ билерінің сот ісін жүргізетін бірден-бір басты тұлға екенін тарихи тұрғыдан танып білу жолында ғылыми деректерді жинап, республиканың әр об-

лысынан келіп түскен билер туралы деректерді дәйектеп хатқа түсіруде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппарат қызметкері Қанапия Омархановтың еңбегін ерекше бағалап өткен жөн.

Әр облыс бойынша сұрау салып, іздестіру нәтижесіз болған жоқ. Мұндай маңызды іске облыстық, аудандық соттардың төрағалары, судьялары да бір кісідей атсалысты. Танылмай жүрген талай билердің дерегін, фото суретін, мүсіндік кескінін мұражайымызға әкеп табыстады. Осындай игі іске қол ұшын берген сот қызметкерлеріне рақмет айтамыз. Бұл іс бұдан әрі де жалғасын таба беретіні сөзсіз.

Өзіміз тапқан деректердің үстіне бұдан бұрындары да жарыққа шыққан би-шешендер мұрасын зерттеген Б.Адамбаев, Н.Төрөқұлов, С.Садырбаев, Б.Әбілқасымов, С.Негімов, О.Исмаилов, З.Тақыров, Н.Қапалбекұлы, Н.Дулатбековтың еңбектері де бұл кітаптың жазылуына өз септігін тигізді. Билер туралы деректер сол еңбектерден түпнұсқа күйінде алынды.

Аталған жұмыстың нәтижесінде би туралы түсінікті әр қырынан, жан-жақты танудың мүмкіндігі туды. Сөйтіп «Билер кім?» деген сұраққа мына тұжырымдамаларды ұсынбақпыз.

### **Би – көсем**

Ол – көпті көрген, яғни, «көре-көре көсем болған», көкірек көзі қиядағыны шалатын, ойы орамды, көнені ғана көріп қоймай, болашақты да тап басып, болжам жасай алатын, әрдайым халық көңілінен шығатын жан болуы шарт.

### **Би – шешен**

Ол – сара сөздің саңлағы. Бірде астарлап, бірде мысқылдап, сүйектен өткізіп, мақтамен бауыздап, қажет жерінде қара тасты қақ айырып түсерлік семсерден бетер от ауызды, орақ тілді ұшқыр сөз зергері.

## **Би – ақын**

Үш кемеңгер би Толе, Қазыбек, Әйтекенің әрбір сөзін төгіліп тұрған жыр емес деп кім айтады? Ұйқасының қаланған тастай беріктігі, әр сөздегі сазды ырғақ үндестігі қас ақынға тән шеберлік болмай, немене?

## **Би – заңгер**

Халық арасында «Би екеу болса – дау төртеу болады» деген сөз бар. Бұны даулы мәселені екі би емес, үш би шешеді деп түсіну қажет. Олардың бірі айыптаушы (прокурор), екіншісі ақтаушы (адвокат), үшіншісі төбе би (судья).

## **Би – елші, мәмілегер**

Ол тек ел ішіндегі ғана емес, мемлекетаралық даулы мәселелерді шешу үшін жат жерге де білек сыбанып барған. Оған «Жауластырмақ – жаушыдан, елдестіркемек – елшіден», «елшісіне қарап елін таны», деген халық даналығы дәлел.

## **Би – жүрек жұтқан батыр**

Бидің батырлығы – қолына қару алып жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған қаһарлы хан, сұлтан немесе елдесуден кеткен ежелгі жау алдында тұр екем деп именбей, керекті жерінде өткір тілімен турап түсетін әділ сөзін айтуында.

## **Би – саясаткер, қоғам қайраткері**

Олар ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуде хан-сұлтандардың негізгі тірегі, кеңесшісі болған. Мысалы, Жәнібек ханның сыртқы саясатының мәселелеріне баға беріп, жөн сілтейтін 60 биі болған, Абылай ханның 8 биі болған. Күлтөбе, Мәртөбе бастарында өткен талай әйгілі кеңестерде, келелі істерде кеңес берген осы билер.

## **Би – ойшыл ғалым**

Ол халық тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын меңгерген, кемел ой түйген философ, ғылымның әр саласынан хабары бар білімпаз. Олар өлмес қағида, қанатты сөздер қалдырып, болашаққа көріпкелдікпен болжау жасаған данағөйлер.

## **Би – психолог, артист**

Би адамның жан-дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен тап басып танитын, кәнігі психолог болуы шарт. Қарсыласының жан-дүниесіне үңілумен қатар, билер олардың әрбір қимыл-қозғалысын, үн-бояуын қалт жібермей қадағалап, соған орай өзі де дауыс ырғағын құбылтып, әр сөзінің мән-мағынасын ащатындай қимыл-қозғалыспен бет пішінін, қас-қабағын ойната білетін тамаша артистік қабілет иелері. Олар әр сөздің жүректен шығып, жүрекке жетіп отыруын көздеген.

## **Би – тәрбиеші**

Би атанып халыққа танылғандар «өзім болдым, өзім толдым» деп келте ойламаған. Қал-қадерінше жоқ-жітіктің, әлдіден зәбір көрген әлсіздің жоғын жоқтап, ел мүддесін көздеген, жастарға батасын беріп, өмір бойы жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құюдан жалықпаған.

Қазақ еліндегі би институтының алатын орны мен маңызын Шоқан Уәлиханов жан-жақты зерттеген болатын. Ол «Билер сотының ертеден келе жатқан халықтық тілі» деген мақаласында былай деген еді: «...би атағын беру – қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет арқылы болған емес. Тек сот ғұрыптарын әбден жетік білетін, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған, би болам деген қазақ өзінің ісіне жетіктігі мен шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс бол-

ған. Ондай адамдардың атағы жұрттың бәріне мәлім болып отырған»<sup>1</sup>.

Бидің қоғамдағы алатын орнының айрықша екенін Ресей империясы өзінің Қазақстанды отарлау саясатының алғашқы жылдарында-ақ байқап, қайткенде де олардың ролін төмендетуге тырысып баққан, суретші, халық мұрасын жинаушы, саудагер деген секілді желеумен қазақ даласына жіберген жансыздары, тыңшылары арқылы хан, сұлтан, би, батырлардың қазақ жұртын басқару саясатын барынша терең зерттеп үлгерген. Сол «зерттеу» арқылы тұтас бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару дәстүрін жойып, бодан еткен.

Жоғарыда айтқандардың бәрін Қаз дауысты Қазыбек бидің Жоңғар ханына елшілікке барғанда айтқан мына сөздері дәлелдейді:

Сен – темір де, мен – көмір,  
Еріткелі келгенмін.  
Екі еліктің баласын  
Теліткелі келгенмін.  
Егесетін ер шықса,  
Иілткелі келгенмін.  
Тұтқыр сары желіммін,  
Жабысқалы келгенмін.  
Жаңа үйреткен жас тұлпар,  
Жарысқалы келгенмін.  
Танымайтын жаттарға,  
Танысқалы келгенмін.  
Қазақ, қалмақ баласы  
Табысқалы келгенмін.  
Табысуға келмесең,  
Тұрысатын жерінді айт,  
Сен – қабылан, мен – арыстан,  
Алысқалы келгенмін.

Осының өзі-ақ билердің кім екендігін, олардың өз еліндегі орнын айқын дәлелдеп тұрғандай-ақ. Біз

---

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч. Избранные произведения. М.: Наука, 1986, 326-б.

жоғарыда бағы замандардан бері билік дәстүрінің желісі үзілмей келе жатқандығы жөнінде де айтқан едік. Сол билердің біразы жөнінде дерек бере кетуді жөн көрдік.

### **Елсау би**

Елсау би Нәндіұлы біздің заманымызға дейінгі 104 жылы Шулен деген жерде туып, 73 жасында дүниеден өткен. Ежелгі Үйсін мемлекетінің бас биі. Ол 11 жасынан ел билігіне араласады. Талай-талай дау-дамайдың түйінін шешіп, ел қамқоры аталады. Мыңдаған жасак, қол жинап, елін талап, әкесін өлтірген Ғүн еліне аттанып, олардан әке кегін, ел есесін қайтарады.

Ежелгі шежіреге қарағанда Елсау би мен Майқы би Мәнұлының арасы жеті ата болып шығады. Оларды Тауасарұлы Қазыбек бек «Түп-түқияннан өзіме шейін» деген кітабында былай таратады: Елсау—Абыл—Қайыр—Бақ—Таң—Мән. Осылардың бәрі де өз халқының қамын ойлаған, бірігіп ел болу жағына көп еңбек сіңірген аруақты бабалар. Бұл айтқанымыздың жарқын мысалын көне түркі Орхон ескерткіштерінен де кездестіреміз: Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған, тағы басқалары.

### **Онқай би**

Онқай би Дулыұлы — біздің заманымызға дейінгі 93—60-жылдары аралығында Үйсін мемлекетінде билік құрған ежелгі баба билердің бірі. Онқай би — Елсау бидің немересі. Өзінен кейінгі ұрпақтары да Үйсін мемлекетін басқарған бас би болып өткен. Олар: Жөнші би, Най би, Янкүй би, Сыйлы би, Еже би, Өжет би, Бөрі би, Ер би, Ел би.

### **Аяз би Жаманұлы**

Қазақ халқының ежелден аты елге мәшһүр, аңызға айналып кеткен ақылгөй абыз, шешен биі. Оның есімі бүгінгі ұрпаққа «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деген қанатты сөз арқылы жеткен.

Аяз би соңғы деректерге қарағанда хижра жыл санауындағы 711 жылы туып, 800 жылы дүниеден өткен. Ал зерттеуші Балтабай Адамбайұлының «Алтын сандық» (1989) деген кітабында Аяз би Хиуа хандығы дәуірінде өмір сүрген тарихи адам деп, оны XI–XII ғасырға жатқызады. Келешекте мұныда анықтау қажет.

### **Мөңке би Төлеулы**

1207 жылы Қытайдың Хубей өлкесінде туған. 1259 жылы Монғолияның Бұлқан-Қалдан деген өзінің ата-мекенінде жерленген. Әкесі Төле хан болған. Шыңғыс ханның немересі Бату хан мен інісі Берке ханның көмегімен 1251 жылдары қарсылас туыстары Шағатай, Үгедей хандарды ығыстырып, Шыңғысханның Керулендегі ордасына қаған би болып сайланған. Шағатай, Үгедей билеген жерлерге, Жетісу, Талас алқабына билік жүргізген.

### **Майқы би**

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін қанатты сөз арқылы атадан балаға таралып келе жатқан Майқы би бабамыз даналық сөздің, би біткеннің алғашқысы. Энциклопедиялық әдебиеттерде Майқы, Байки, Байку деп те аталады. Оны бір ғана қазақ жұрты емес, бүкіл түркі тұқымдас елдер – татар, башқұрт, қарақалпақ, өзбек халықтары да өздерінің бас биі санаған.

Ежелгі тарихи көне жәдігер Рашид ад-Диннің «Жами ат-Тауарих» деген еңбегінде Майқы би Шыңғысханның оң қол ақылшысы, Шыңғысхан жорыққа аттанғанда оны өз орнына қалдырып кететін сенімді бас биі болған, дау-дамай содан шешімін тауып отырған.

### **Едіге Құтлу Қабанұлы**

1352–1419 жылдар аралығында Қаратаудың теріскей бетіндегі Құмкент шаһарында ғұмыр кешкен әйгілі би.

Едіге Алтын орда ханы Тоқтамыспен тұстас болған. Едіге сол Тоқтамыспен тізе қосып кейін Еділ, Жайыққа дейінгі жерді өзіне қаратқан. Ноғай ордасының негізін қаласып, 1396 жылдан бастап Алтын Орда хандығын 15 жылдай билеген. Кейін Тоқтамыс ханды өлтіреді. 1419 жылы Сарайшық қаласының жанында Тоқтамыс балалары кегін алып, оны өлтіреді. Ел-жұрт Едіге бидің денесін Ұлытауға әкеп қояды. Ескерткіш-күмбез орнатады. Ол маңда Едіге тауы, Едіге обасы деген жерлер бар.

### **Бәйдібек би**

Бәйдібек би Қарашаулы шамамен 1356–1419 жылдар арасында ғұмыр кешкен қазақтың атақты биі әрі батыры. Әкесі Қараша да, балалары Бабыралы, Майқы, Төбей, Кейкі, Бақтияр бәрі өз заманында би, әулие абыз, батыр болып өткен. Бәйдібек аты шулы Ақсақ Темірмен (1336–1405) замандас, тұстас, қызметтес болған.

### **Асанқайғы би**

Асанқайғы Сәбитұлы 1361–1469 жылдар аралығында ғұмыр кешкен, қазақтың данышпан, ақылгөй жырауы, өз дәуірінің абызы, бас биі, Үйсін Майқы бидің алтыншы ұрпағы. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша қазақ халқының қамын ойлаған «дала философы» осындай ойшыл, ел қамың жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін Қайғы сөзі қосылып аңызға айналып кеткен. Шежіре аңыздардың айтуынша Асанның әкесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғаламның, құстың, жан-жануардың тілін білген, өзі көріпкел әулие, атақты саятшы болған деген дерек бар.

### **Бейсенбі би**

Бейсенбі Дөненбайұлы (1408–1410 жылдар шама-сында туып, 1497 жылы қайтыс болған) сегіз қырлы,

бір сырлы би әрі күйші. Оның туып өскен, өмір сүрген жері – Қытай Халық республикасы, Алтай аймағы, Буыршын ауданы.

### **Әз Жәнібек би**

Жәнібек Барақұлы 1473 жылдар шамасында өмір сүрген би. Ақыл, парасат, сәуегейлігіне қарап, ел Әз Жәнібек атап кеткен. 20 жасынан ел билігіне араласып, ширек ғасырдай әуелі қатардағы би, кейін бас би болып сайланған. Әкесі Барақ хан 1423 жылдан Ақ Орда (орталығы Сығанақ шаһары) ханы болған. Түп негізі Шыңғысхан әулетінен тарайды, Құйыршық ханның баласы. Барақ хан – қазақ хандарының түп атасы деп аталады. Жәнібек хан өз заманында ақылды, ойлы, елге жайлы, қамқор болған. Ғұлама ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» атты тарихи құнды еңбегін осы Әз Жәнібек ханның нұсқауымен жазған. Қазақ салтындағы жеті атаға толмай қыз алыспау салтын 1467 жылдары Әз Жәнібек хан жарлық ретінде енгізгені нақты айтылған.

### **Қадырғали би**

Қадырғали би Қосымұлы (1530–1605) қазақтың орта ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалымы әрі атақты биі. Қадырғали бидің түпкі тегі Ұлы жүздің Тарақ таңбалы Жалайыр тайпасынан. Сондықтан ол көбінесе Қадырғали Жалаири деген лақап есімімен, «Жами ат-тауарих» атты ғылыми еңбегімен кең танылған.

### **Дос би**

Досмұхамбет би 1570 жылы Ташкент шаһарында туған. Жастайынан билер, бектерге көмекші болып жүріп, ел билігіне араласқан. Бұхардағы Мир-Араб медресесін бітіріп, иман-хафиз атанған. Тапқыр, шешен, көрегендігімен, елге деген қамқор, қайырымдылығымен халық құрметіне бөленген. Оның осы

кабілетін байқаған Тәуекел хан Досмұхамбетті 1594 жылы дербес би етіп белгілейді. Оған Ташкенттің үш қақпасы қарайтын болған. Әсіресе қаланың шығыс, терістік, оңтүстік жағында тұратын Қаңлы, Сіргелі, Қоңырат тайпалары арасында беделі зор болған. Оның адамгершілігі мен қамқорлығын көп көрген ел оны өзіне жақын тұтып әділ де ақылгөй басшы санап Дос би деп атап кеткен.

### **Жиенбет би**

Жиенбет Бартоғашұлы 1570 жылдары туып, 1643 жылы дүниеден қайтқан. Қазақтың аса талантты жырауы, биі әрі жеңімпаз батыры. Ол Кіші жүздің Алшын тайпасынан шыққан. Жиенбеттің жас шағы қазіргі Қазақстан аймағының Өзен, Жем, Арал аралығындағы ауылдарда өткен. 16 жасынан хандар, билер, батырлар жанында жүріп, ел билігіне араласқан. Осе келе ол Есім ханның беделді биі, әрі батыры дәрежесіне көтерілді. Жиенбет, әсіресе, 1620 жылғы Есім ханның ойрат-қалмақтармен соғысы кезінде ерекше ерлік, тапқырлық көрсеткен.

### **Шоған би**

Шоған Сүйеркүлұлы – 1584–1642 жылдары өмір сүрген қазақтың атақты абыз биі. Ол Ташкент, Шымкент араларындағы елде туып өскен. Шыққан тегі Ұлы жүздің Албан тайпасынан. Сүйеркүлдан туған төртеуге (Досалы, Қожмамбет, Жарты) жатады. Олардан өрбіген ұрпақтарға Сырымбет, Шағыр, Аламан, Хангелді қосылып, барлығын ел «сегіз сары әулеті» деп атайды. Қазақ Совет энциклопедиясында (12 том) Шоғаннан Тұрымжан, Дәулен, Алжан, Шәжа руларын таратады.

Бұл аталардан шыққан Аламан, Шағыр, Сырымбет, оның ұрпақтары Хангелді Түкеұлы, Райымбек, Ырыскелді, Байсейіт Төлесұлы, Тәуке батырлар да, Жұман Қожаұлы тәрізді әділ билердің бәрі де ішкі-сыртқы шапқыншы жауларға қарсы күресіп,

өзінің ерлігімен даңқы жайылған ел камқорлары болған.

Шоған 14 жасынан ел басқару ісіне араласып, билік айтқан. Ол көбінесе өзінің туып өскен ортасы Ташкенттің Шыршық жағы мен Шымкенттің бұрынғы Қаратас, Тұрбат, Қазықұрт баурайындағы ауылқыстақ, қалаларда тұратын халықтар арасында жиі болып билік айтқан. Ұлттар, рулар арасының достықынтымағын сақтауға, елдің тыныштық, бірлігін нығайтуға көп күш жұмсаған әділ би.

### **Әнет би**

Әнет би Кішікұлы 1626–1723 жылдар аралығында ғұмыр кешкен әйгілі абыз. Әнет баба аталған аға би. Әнет бидің ата тегі қазақ шежіресінде, оның ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының жазған «Тобықты шежіресінде» былай таратылады: «Орта жүз Арғыннан Ақсопы, одан Тобықты, одан Рыспетек, Дәулетек (Жуан таяк). Рыспетектен Дауан, Мұсабай, Көкше, Мұсабайдан Сүйірбас, одан Сары, Сарыдан Кішік туады. Кішік атаның бәйбішесінен Сәнкімұрын, Бейімбет, токалынан Әнет, Әйтек тарайды», – деп көрсетілген.

### **Айдабол би**

Айдабол Жанболдыұлы 1660 жылы туған. Өлген жылы белгісіз. Орта жүз Арғыннан таралған Сүйіндік руының бір атасы. Айдаболдан Аққозы, Жанқозы, Малқозы, Қарақозы, Бозқозы, Тайкелтір, Қажыгелді, Қосжетер аталары тарайды. Бұлардың бәрі шетінен шешен, би, батыр, он саусағынан өнері тамған шебер, ұста болған. Айдабол – Ақбеттау, Далба болыстарында ұзақ жыл би болып, ел басқарған. Ол елді кейде Айдабол–Қаржас деп те атайды.

### **Жәнібек би**

Жәнібек Қошқарұлы 1670 жылдар шамасында туып, 1751 жылы қайтыс болған. Орта жүзден шыққан атакты би. Орта жүздің Арғын, оның ішінде Шақшақ атасынан (кейде Шақшақұлы деп те аталады). Ол 17–18 жасында

Абылай хан бастаған жасақта, жонғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы жорық, соғыстарға қатысып ерлік көрсеткен. Сөйтіп ол Абылай ханның жеңімпаз, сенімді батырларының бірі болған. Кейін Жәнібек Орта жүз бен Кіші жүз қазақтарының саяси өміріне белсене араласқан. Қазақтар мен Ресей патшалығының арасындағы келіссөздерге қатысып, шешуші рөл атқарған. 1742 жылы қазақ шонжарлары арасынан бірінші болып Ресей патшалығынан тархан (қазіргі генерал) атағын алған. Патша әкімшілігі Жәнібек тарханға Орынбор мен Орта Азия арасында қатынап тұрған сауда керуенінің қауіпсіз болуын жүктеген.

Жәнібек Кошқарұлы, әсіресе Жонғар шапқыншылығы тұсында атағы шығып, абыройы аспандаған батырлардың бірі. Оның ерлік өнегесі, ақпа-төкпе шешендігі, билігі мен білгірлігі жайлы ел аузында қалған аңыз сөз аз емес. Халық оны «Ер Жәнібек» деп жоғары бағалаған.

### **Жолбарыс би**

Жолбарыс Жылқайдарұлы (1671–1761) халық арасында «Шұбар-Ата Жолбарыс» атанып кеткен, өзі әулие, батыр, би болған. Ол ұлтымыздың бетке ұстар ұлдары Қаракерей Қабанбай батырдың, Ескелді, Балпықтың замандасы, солармен бір дәуірде өмір сүрген. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жазушы Қабдеш Жұмаділов республикалық мұрағаттағы бумалар ішінен Қаракерей Қабанбайға қатысты құжаттарда Жалайырдың Жолбарыс биі туралы да мол мағлұматтар бар екенін айтады.

Жолбарыс бидің есімі орыс патшалығы мен қазақ тарихының кейбір құжаттарында сақталған. Ол таңбасы – тарак, ұраны – Байтоқ, Жалайыр ішіндегі Күшік атасынан тарайды.

### **Әжібай би**

Әжібай Болпышұлы 1682–1752 жылдар шамасында өмір сүріп, билік құрған шешен де көсем би. Кіші жүздің Әлім атасынан тарайтын Токқожа-Актеке ұрпақтары

Арал теңізі мен Сырдария аралығында құмды қыстап, Жем, Ойыл бойын жайлап көшіп-қонып жүрген. Қазак шежіресі бойынша Токкожа – Актекеден Акқошқар, Байқошқар, Шалқошқар тарайды. Акқошқардан Айдар, Әлімбет. Айдардан Болпыш би. Әлімбеттен Ебескі батыр. Болпыш биден Әжібай мен Арал батыр туады. Ебескі батырдан Құттыбай, Алтай, Жұлдыз батырлар. Бұларды ел «Ебескінің үш бөрісі» деп атаған. Ебескі батырдың анасы Құланбике атақты Қарақыпшақ Қобыланды батырдың туған қарындасы екен.

### Бұқар би

Бұқар жырау Қалқаманұлы 1685 жылы, ел аңыздарында айтылатын Жиделібайсын жерінде, қазіргі Өзбекстанның Бұқар шаһары маңындағы Елібай ауылында дүниеге келген, 92-ге қараған жасында 1777 жылы Баянауылдағы Далба тауының баурайында дүниеден өткен.

Бұқар бабаның шыққан тегі шежіре бойынша Арғын ішінде Қаржас, Қаржастан Алтынторы, одан Артық, Жолымбет, Мәмбет, Келбет, Келімбет аталары тарайды. Жолымбеттен Қалқаман, Назар, Қойсары, Ырсымбет. Ал Қалқаманнан Бұқар туады. Қалқаман кезінде Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған айтулы батыры екен.

Бұқар жырау атақты Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер мен хандар, батырлар кеңесіне үздіксіз қатысып, оларға жыраулық, билік, кеңесшілік қызмет атқарған. Әуелі Тәуке ханның, одан соң Есім, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Барак, Абылай хандардың сарай жырауы, биі, кеңесшісі болған.

Бұқар бабаның ел үшін, халқы үшін еткен қызметін Үмбетей жырау:

«Өткіздің тоғыз ханды толғауменен,  
Шештің талай түйінді толғауменен.  
Іс болса қиын-қиын сен сайыстың,  
Қылыш қып қызыл тілді қорғауменен», –

деп бағалаған.

## Ескелді би

Ескелді Жылкелдіұлы қазақтың атақты батыры, ел бастаған көсемі әрі қара қылды қақ жарған би-шешені. Ол 1692 жылы туған, 1780 жылы қайтыс болған. Ескелді және одан тараған ұрпақтары қазіргі Талдықорған өңірі Қаратал өзені бойын мекен еткен. Ескелдіні ол өңірдегі халық көріпкел, әулие, ел қамқоршысы болған абыз деп, оның аруағына сиынады. Шыққан тегі 12 ата Жалайыр, оның ішінде Сиыршы атасынан. Ескелді Төле бидің кенже қызы Ұлбикеден туған.

## Досай би

Досай Бәйгелұлы (1692–1790) қазақтың белгілі шешен, биі. Ол Қаратаудың күнге бетіндегі осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Алғабас кеңшары орналасқан ауылда туған. Досай жастайынан халықтың ата дәстүрі шешендік өнерін бойына дарытып, өзі атбегі, күсбегі, ақынжанды, алып тұлғалы батыр, балуан боп ер жеткен. Қазақ шежіресінде Досай би Ұлы жүздің Үйсін тайпасынан шығады. Одан бергі ата-бабалары Бәйдібек, Жауатар (Ысты), Қосмағамбет (Ойық), Құралай, Қойшыбай, Бәйгел бәрі өз заманында ел қамқоры батыр, шешен, би болып өткен.

Досай би 98 жыл жасаған, артына мол ұрпақ қалдырған, өсіп-өнген аталардың бірі. Досай – осы күнгі Бәйдібек, Түркістан, Қызылқұм, Сайрам аудандарын мекендеген Жаманбай – Таздар, Асанқараған, Байқараған, Сексен, Есен, Анарбай, Орыс, Бекболат, Сақболат тараған елдердің түп атасы.

## Балпық би

Балпық Дәріпсалұлы 1696–1784 жылдары қазіргі Талдықорған өңірі Қаратал өзенінің бойында өмір сүріп, дүниеден өткен айтулы би әрі батыр, көріпкел әулие болған. Ел аңыздарында Балпық бидің есімі Ескелді бимен

бірге аталады. Онда 12 ата Жалайыр тайпасынан Андас, одан Қошқар, Шүрек, Тәтібай, Төлеке (бәйбішеден), Қалқа, одан Дүйсенбі, Сүйіншәлі, Түгел, Тұшымбет (2-әйелінен). Дүйсенбіден Таймөнке, Қайдауыл, Қанқожа, Лекес. Қанқожадан Дәріпсал, одан Балпық туған.

### **Есей би**

Есей Алдамұратұлы (1698–1740) Ұлы Жүзден шыққан белгілі, беделді би. Қазақ шежіресінде оның ата-тегі былай таратылады: Үйсін Бәйдібек батырдан Ысты, одан Ойық, Тілік рулары тарайды. Соның Ойығынан – Қызылқұрт, Аузыүсіген, Көкшекөз, Сәтек өрбиді. Қызылқұрттан – Ұлан, Алдамұрат, Есіркеп туады. Есей – Алдамұраттың бел баласы. Есей жас кезінен батыр тұлғалы, ақылды, есті болып ер жетеді. Оны батырлыққа, ақындыққа, шешендікке алғаш баулыған өзінің батыр, би әкесі мен сол елдің анасы аталған үлкен әжесі, сол өңірдің алып тұлғалы батырлары, би-шешендері. Есей жігіт кезінде-ақ ел билігіне араласып, өзінің әділ де алғыр, тапқыр сөзімен ел аузына ілігеді. Оның балуандығы, додапаздығы, мергендігі, ат бапкерлігі жөнінде аңыздар көп айтылады. Есей би әсіресе Төле би төңірегінде көп жүрген. Екеуі туыстық жағынан да, шешендік билік жағынан да бір-бірін қадірлеп сыйлаған.

Есей биден тараған ұрпақтар бүгінде Жамбыл облысының Талас және Шымкент облысының Алғабас, Түлкібас аудандарында еңбек етеді.

### **Алдар би**

Алдар би Ерназарұлы 1705–10 жылдары туып, 1785–90 жылдары қайтыс болған. Кіші жүздің он екі ата Байұлынан шыққан атақты би. Қазақ шежіресінде Байұлының бірі Беріштен Байсейіт пен Қитас, Әпілес аталары тарайды. Қитастан Жайық пен Есенғұл, Дәулеттен Тұмаш, Дүйсе, Қара ұрпақтары шығады. Тұмаштан Ерназар, Жаубасар, Сейіт, ал Ерназардан



Төле би



Äйтеке би




Қаз дауысты Қазыбек би



Жабай би



Токсан би



Зілқара би



Ермебет би



Мәтжан би



Иса би



Сарымбай би



Ескеллі би



Сырым би



Қабан би



Балпық би



Шоң би



Мұса би

Алдар, Абдан, Көшім, Мәнтай туған. Солардың ішінде Алдар аса ақылды, сөзге ділмәр болады. Оның алдынан ешбір дау мен ел мәселелері шешімін таппай өтпеген. Кіші жүз елінде ол кезде Бекет, Сырым тәрізді асқан дарынды шешен, батырлар болғаны белгілі. Тіпті сол Сырым шешеннің өзі Алдар бидің алғырлық, ақылдылығы мен шешендігін құрметтей, оның алдын кесіп өтпеген. Ел арасында мынандай сөздер бар:

Хандардың ең ақыры Нұралы еді,  
Төренің Алдар деген ұраны еді,  
Хан ұлын Сырым батыр шабарында,  
Ақылды Алдар биден сұрар еді.

### **Қараменде би**

Қараменде Шақаұлы шамамен 1707—1797 жылдары Жезқазған өңірінде туып өскен. Шыққан тегі Қаракесек-Дадан. Қараменде Абылай ханның белгілі билерінің бірі болған.

### **Сеңкібай би**

Сеңкібай би Оразғұлұлы 1709 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туып, 1786 жылы Жезқазған өңірінде, Шет ауданының Қызылтау жайлауында қайтыс болған.

Сеңкібайдың шыққан тегі жөнінде қазақ шежіресінде былай таратылады. Арғын Болаткожадан (Қаракесек) Ақша, Түйте ұрпақтары тарайды. Түйтеден Майқы, Танас, Майқыдан Әйтеке, Сарым. Танастан — Тымырыскы сары, Садақты сары. Тымырыскыдан Бәтшор, Карашор, Ақшор шығады. Садақты Сарыдан Түмен, одан Қожас, одан Бектас туады. Бектастан Манақ, Боркөз, Оразғұл, Оразғұлдың бірінші әйелінен Сеңкібай, Аңкісі, Жемпеу, Найза, Қылыш, Ақжол тарайды. Екінші әйелінен Шой, Тайсары, Қойсары, осы тоғыз ұлдың ең үлкені «Биата» аталып кеткен Сеңкібай баба екен. Сеңкібайдан Батыр, одан Ұрынқай, Шондыбай. Ұрынқайдан Көсбабай. Одан Мұқыш, одан Абай. Ал Шондыбайдан Иса кажы. Исадан Ормамбет би. Одан Зәкіш (Зәкіштің баласы Хакім бүгінде

Қарқаралы ауданындағы Тоқтар Әубәкіров атындағы кеңшарды басқарады).

Шежіреде бұл ата-бабалардың сонау Болатқожадан бастап Сенкібай батырға және одан кейінгі перзенттері, қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Әубәкіров, Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдіров, Әзімхан Ермеков, әнші Манарбек Ержанов, дарынды дауылпаз ақын Қасым Аманжолов шетінен ел камын ойлаған азаматтар, халқын ішкі-сыртқы жаудан қорғаған батыр, би, шешен, өнерпаз кісілер екен.

### **Боранбай би**

Боранбай Қалқаманұлы 1709–1801 жылдар шамасында ғұмыр кешкен қазақтың Найман руынан, оның ішінде Қаракерейдің мұрын, мырзас табынан шыққан атакты биі және батыры. Ол Семей облысының Ақсуат ауданының Қызылкесік, қазіргі Боранбай кеңшары орналасқан ауылда туып ер жеткен. Боранбай бидің туған, қайтыс болған жылдары туралы деректер әртүрлі. Біреулер оны 91, енді бірі 98 жасында дүние салған дейді. Боранбай бидің жұрағаты Қарпық Егізбаевтың жазуына карағанда Боранбай би қазақтың атакты қолбасшы батыры Қаракерей Қабанбайдан 14–15 жас кіші әрі туған нағашысы, сонда Қабанбай батыр 1691–1692 жылдар шамасында туғанда, оның батыр серігі Боранбай би 1709 жылы туып, 91 жасында 1801 жылы дүниеден қайтқан болып шығады.

### **Көбей би**

Көбей 1710–1785 жылдар аралығында өмір сүрген, халқына белгілі шешен, би атанған. 1779–80 жылдары «Еңлік-Кебек» оқиғасының ішінде болып, жолсыз жазаға ұшыраған екі жастың өліміне қатты қайғырып, тебіренген.

### **Сырым би**

Сырым Датұлы 1712–1802 жылдары өмір сүрген қазақтың батыр әрі шешен, биі. Шыққан тегі Кіші жүздің Байбақты руынан. Байбақты ішінде

Әйтiмбет, одан Шолан, Шоланнан Түкiш, Дат, Есенбай, Байторы. Даттан Адамбай, Сырым, Амантай, Жомарт, Базарбай, Барлыбай, Жандыбай, Дүйiмбай, Қорлыбай, Қарлыбай, Шыбынтай деген он бiр ұл тарайды. Туған ауылы Сарыой, Орал облысы, Жымпиты ауданы. Дат момын орта шаруа, естi кiсi екен. Ал анасы адуынды, бiр ауылды сөзiмен де, iсiмен де билеген ақылды бәйбiше болыпты. Сырым 7—8 жасынан-ақ естiлiгiмен, сөз тапқыштығымен ел аузына iлiгедi. Өсе келе сол өңiрдегi билердi, шешендердi, сұлтандарды, хандарды жанай жүрiп, олардан шешендiк тапқырлықты, ел билеу iсiн үйренедi. Сол билердiң кейбiрiне өзi iздеп барып, олардан бата, жөн-жосық алады.

Сырымның басқаруында 2000 түтiн(үй) болған. Бай тұқымынан шыққанымен, өз халқының қамын ойлап, патшалық Ресейдiң жаңа басталып отырған отарлық саясатын iске асырған Жайық казактарының озбырлық қатал тәртiбiне қарсы күресiп, өз халқын отаршылдықтан қорғап отырған. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының тұтануына Жайық казактарының қазақ ауылдарына жасаған озбырлық, тонаушылық әрекеттерi себеп болды. Халықтың азаттық қозғалысын Кiшi жүзде Сырым, Барак, Тiленшi, Оразбай және сұлтан Жантөре (Айшуактың баласы) сияқты батырлар басқарған. Қозғалысқа Байбақты, Табын, Шектi, Кете, Шеркес руларының шаруалары мен кедейлерi қатысқан. Азаттық қозғалысы басталғанда Сырым батырда 2700 жасақ, Барак батырда 2000 адам, Тiленшi батырда 1500 адам болған (Вяткин М.П. Батыр Сырым. М.—Л. 1947, 200-бет.)

### **Кенгiрбай би**

Кенгiрбай Жiгiтеқұлы 1720—1723 жылдары шамасында туған. Бұл кезде Тобықты елi «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасына ұшырап әуелi қазақ даласының оңтүстiгiне, кейiн Қоқан хандығынан зорлық-

зомбылық көрген олар батыс жаққа Ырғыз, Кеңгір, Торғай өзендерінің бойына ауып қоныстанған екен. Жігітек батыр жаңа туған ұлының атын Кеңгірбай қойыпты.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресінде Кеңгірбай бидің ата тегі былай таратылған.

Арғын – Қотан – Тобықты – Рыспетек – Мұсабай – Сүйірбас – Сары – Кішік. Сол Кішіктен Олжай, одан Айдос, Қайдос, Жігітек аталары, Жігітектің бәйбішесінен Кеңгірбай туған.

Кеңгірбайға ел билігі тиген кезде Тобықты Шыңғыстауға орнығып, тұрақтаған кезі екен. Қатал да адуынды Кеңгірбай би Матай, Керей, Уақ руларын бірте-бірте ығыстырып, Тобықты елінің жерін кеңейткен. Сөйтіп, бұрын әр тарапта басы бір жерге бірікпей бытырап келген Тобықты жұрты терезесі тең іргелі елге айналған.

Кеңгірбай би шекаралас орыс еліне тәуелді болмауды көздеген. Өзінің бұрынғы ата-баба дәстүрін мықтап сақтауға бел байлаған.

Кеңгірбай би қартайған шағында өзінің сенімді шәкірт інісі Өскенбайға билікті береді. Ұлы Абайдың арғы атасы Өскенбай би 1808 жылы 87-ге қараған жасында дүниеден өткен.

### **Ақтайлақ би**

Ақтайлақ Байғараұлы Найманның Қаракерейінен шыққан, шамамен 1720 жылы Семей өңірі Абай, Жарма аудандары ортасындағы Құндызды өңірінде туып, жүзге қарағанда (1816) дүниеден өткен екен. Зираты Аягөз ауданының «Ақши» кеңшарының жерінде. Оның ел билігіне араласқан, небір қабырғалы ірі дауларды шешкені туралы бұрын-соңды басылған би-шешендер туралы кітаптарда кеңінен айтылған.

### **Малайсары би**

Малайсары би (1720–1805) жылдары ғұмыр кешкен Кіші жүздің әйгілі биі. Сөз бастаған шешен, ел

бастаған көсем, Сырым Датұлына билік жолын үйреткен, баулыған данагөй би. Әрі Кіші жүзге 38 жыл хан болған (1748—1786 жылдар аралығы), Нұралы ханның тұсында халық мүддесін қорғаған, әділдігімен ел құрметіне бөленген.

Малайсары әділ би, төреші, ел қамқоры болған. Барымта, кісі өлтіру, мал дауы, жесір дауын әділ шешіп отырған. Қазақтың би-шешендерін ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалымдар Н.Төреқұлов, Ө.Қорқытов, Б.Адамбаевтың деректері бойынша Малайсары би он екі ата Байұлының бір атасы Сұлтансыйықтан тарайды. Сұлтансыйықтан Байбақты, Масқар, Алаша, Қызылғұрт, Тана. Танадан Қараман, Қалқаман, Ақынбет, Қарақұнан тарайды. Малайсары Қараманға шөбере болып келеді. Әйгілі күйші Шәміл Әбілтаевқа Малайсары би жетінші ата. Белгілі өнер зерттеуші Жарқын Шәкерімнің «Малайсары биден Шәмілге дейін» деген кітабында мол мағлұматтар берілген.

### **Байдалы би**

Байдалы Бекшеұлы 1727 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданына қарасты Дружба кеңшары орналасқан ауылда дүниеге келген. Жасынан хан, бек, билердің төңірегінде жүріп, солардың аталы билік сөздерін құлағына құйып өскен. Ол Абылай ханның сегіз биінің ең беделдісі болған. Абылай хан оның асқан шешендігі мен ақыл-кеңесіне риза болып «сегіз биім, сегіз бидің ішінде семіз биім» деуі, Байдалы бидің дене бітіміне емес, шешендігі мен ақыл, парасатына қарап айтылса керек.

Байдалы би 95-ке қараған шағында, 1821 жылы қайтыс болған. Бейіті Қарағанды облысы бұрынғы Молодежный ауданындағы Шідерті өзенінің бойында.

### **Жанкісі би**

Жанкісі Өтемісұлы шамамен 1740—1815 жылдар арасында өмір сүрген атақты жырау, би. Алматы

облысы Балқаш ауданында туған. XVIII ғасырдың басында, Қоқан хандығының шапқыншылық заманында Сыр бойын мекендеп, Қоқан ханының бектеріне қарсы күрескен. Ақыры олар аңдып жүріп Жанкісі биді мерт қылады. Жанкісінің Бөгенбай батырды жоқтап айтқан толғауы ел аузында сақталған.

### Досбол би

Досбол Қорлыбайұлы (туған, өлген жылдары белгісіз). Досбол бидің шешендік сөздеріне қарағанда, өз заманының біртуар азаматы болған. Қайда туып, қай төңіректе билік құрғаны жайлы нақты деректер жоқ.

### Есенкелді би

Есенкелді Құдайназарұлы (XVIII ғ.) жоңғар шапқыншылығы кезінде ғұмыр кешкен қазақтың беделді билерінің бірі. Қазақ шежіресінде Есенкелді бидің арғы тегі Бәйдібек бидің үшінші зайыбы Домалақ анадан тарайды. Сол Домалақ анадан Жарықшақ деген ұл, Күнбибі (Қызай), Ақбибі (Мұрын) және Сыбан деген қыздар туады. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тайпалары тарайтыны белгілі. Дулаттың Ботбайынан Құдайкүл, Шоғай, Итемген, Меңіс, Меңістен Тәңірберді, Тілеуберді, Тәңірбердіден Есенкелді бидің әкесі Құдайназар туады. Қызай, Меңіс, Тәңірберді, Құдайназар бәрі де шетінен бабасы Бәйдібекке ұқсап елін, жерін қорғап өткен батырлар екен. Солардың ішінде әсіресе, Қызай қыз бен Құдайназардың асқан батырлығы ел аузында аңызға айналып, осы кезге дейін аталып келеді.

Есенкелді би ширек ғасырдай билік құрады. Елжұрт оған әділ би деп сенім артады. Елінің де, жерінің де ауқымы кеңейеді. Есенкелді бидің атак, даңқы әр тарапқа жайыла береді. Оның Асанбай, Тайлақ, Есенбай, Жанқойлы деген балалары сайыскер, мерген ба-

тыр боп ер жетеді. Шапқыншы жаудан елін қорғауда ерлігімен елге танылады.

### **Саржан би**

Саржан Томанышұлы шамамен 1727 жылдары туған. Найманның Садыр, Матай тайпаларынан шыққан шешен, би. Әкесі Томаныш кезінде Ташкентті билеген айтулы би болған. Ол Абылай ханмен тұстас, Төле би, Бұқар жыраумен мұндас, сырлас болып, халық қамы үшін күресіп, солармен бірге жүрген. Әсіресе, Бұқар жыраумен дәмдес болған. Өзінің ел билеуге бейімділігі бар ақылды баласы Саржанды Бұқарға теліп, одан ақыл, кеңес алуына құштар болған.

### **Қарадос би**

Қарадос Қоңырұлы 1750—1845 жылдар арасында Сырдария бойындағы диканшылар ауылында туып өскен. Шыққан тегі Кіші жүздің Қаракесегінен Байсары, Әлім, Шөмен. Байсарыдан Кете рулары.

Қарадос бозбала кезінен-ақ ел арасында «Әділ би» атанады, оның билік алдынан елдің жер дауы, жесір дауы, барымта дауы сияқты көптеген айтыс-тартыс мәселелер дер кезінде өз шешімін тауып отырған. Қарадос айтқан шешендік сөздер сол өңірдегі халық арасында әлі де болса айтылып келеді.

### **Шабанбай би**

Шабанбай Қалқаманұлы 1753—1838 жылдар аралығында ғұмыр кешкен, атақты би-шешен. Ол Жезқазған өңірі Шет, Ақтоғай аудандарының атырабында Ақсу, Қаратал, Нұра, Талды, Қаражал, Маутан, Қызылтас, Қызылтау өңірінде билік құрған. Ата-тегі Арғын—Қаракесек, одан бертінде Майқы, оның немересі Өтеміс. Өтемістен бірер атадан соң Шабанбайдың әкесі Қалқаман ұрпақтары таралады.

Шабанбай би Сарыарқаның Қараменде (1707—1797),

Сенкібай (1709–1786), Жидебай (1726–1826), Боранбай (1709–1801), Жанғұтты (1810–1873) сияқты атакты би-шешендермен замандас, қатарлас, пікірлес, ағайын жекжат боп аралас жүрген.

### **Тайкелтір би**

Тайкелтір Айдаболұлы (XVIII ғ.) Орта жүз Арғын тайпасының ішінде Сүйіндік атасынан шыққан атақты шешен, би әрі ақын. Тайкелтірдің әкесі бүкіл Баянауыл төңірегін мекен еткен Ақбеттау, Далба, Қаржас елдеріне билік еткен. Айдабол биден тараған сегіз ұлдың қай-қайсысы болмасын он саусағынан өнер тамған ұста, зергер, ақын, жырау, шешен болған. Тайкелтір жастайынан әкесі Айдаболдың жанына еріп жүріп ел билігіне ерте араласқан. Сол кездегі ел қамқорлары хан, ірі шешен, билермен әріптес болып, ел тыныштығы, бірлігі жөніндегі әділ айтылған тапқырлық сөздерді жадына сақтап өскен. Өзі де билік құрған кезінде халық қамы үшін талай маңдай терін төгіп, артына тала-талай өнегелі сөз, ұлағатты іс қалдырған.

### **Едіге би**

Едіге би Шоңның туған әкесі. Ол Баянауыл маңындағы төрт рудың басын қосып, қарадан суырылып шығып, ханға бой бермеген кісі.

### **Шоң би**

Шоң Едігеұлы 1754–1836 жылдар аралығында Баянаулада дүниеге келіп, өмір сүрген қазақтың атакты биі.

Ол данқы үш жүзге тараған Төле, Әйтеке, Қазыбек билердің дәстүрін ұстап, ежелгі әдет-ғұрып нормаларын «Жеті жарғыны» жатқа білген және оны дау-шар шешуде шебер қолдана білген.

Шоң екі әйелден сегіз еркек кіндікті бала көрген адам. Балаларының қайсысы болсын іс-әрекет қимылдарымен

заманында жүргізген әке саясатын қолдап отырған зиялы жандар болған. Бұлардың ішінен біздің уақытымызға келіп жеткен ұрпақтарының бірі КСРО халық артисі Шәкен Айманов пен Қазақ ССР Халық артисі Кәукен Кенжетәев.

### **Шоқай би**

Шоқай би Балқанұлы 1755–1827 жылдар шамасында Батыс Қазақстанның бұрынғы Бөкей ордасында туып өскен. Оншақты жылдай Жәңгір ханның (1801–1845) сарай кеңесшісі болған. Атақты Кенесары ханмен де (1802–1847) қызметтес болған, билік айтып саяси іске араласқан. Шоқай би өзімен тұстас, замандас Қазы, Избасты, Қайырлы билер және Арқа елінің көптеген атақты би-шешендерімен дәм-тұздас болып, талай-талай жер дауына, ел дауына, мал дауына, жесір дауына қатысып, өзінің әділ төрелігі, шешендігімен атағы шыққан айтулы би екен.

### **Мөңке би**

Мөңке би Аманұлы (1763–1836), Кіші жүздің Шекті атасынан шыққан атақты Мөңке би қайтыс болғанда оның ақын баласы Мұрат Мөңкеұлы жеті жаста болған. Осы мәліметтерге қарағанда Мөңке би шамамен 1763 жылдары туып, 1836 жылдары қайтыс болғанға ұқсайды. Сонымен Мөңке би қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданында кедей, малшы отбасында дүниеге келген. Өзінің еті тірі, сөзшен, ақылдылығы аркасында жастай ел билігіне араласқан. Бұған Басықара датқамен кездескендегі тапқырлық сөздері дәлел. Мөңке би өз тұсында Сырым, Шеркеш Түрке, Тана Нүрке т.б. би-шешендермен билік сайысына түсіп, өзінің әділ билігімен ел құрметіне бөленген.

### **Өтеген би**

Өтеген Айтуғанұлы (1764 жылы туған, өлген жылы белгісіз) Ташкентке жақын Шыршық өзені бойындағы

қыстақта туып ғұмыр кешкен. Ата-тегі Дулат, одан Сикым, Сикымнан Шуылдақ. Осы Шуылдақтың беріректегі бір атасынан Базар, одан Еркебай, Айтуған, Қожамберді деген үш ата тарайды. Айтуғаннан Өтеген туады. Айтуған қайырымы, адамгершілігі мол кісі екен. Ол әсіресе жетім, жесір, кембағалдарға көп қарасып, жақтасқан би болған.

### **Қазы би**

Қазы Сырымұлы 1770—1772 жылдары туып, 90 жастан асканда қайтыс болған. Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданына қарасты Сарыой ауылында туған. Тегі Кіші жүздің Байбакты атасынан, оның ішінде Әйтiмбет, одан Шолан. Шоланнан Түркіш, Дат. Даттан Сырым батыр, Сырымнан Қазы, Жүсіп болып таралады.

### **Торайғыр би**

Торайғыр (1770—1830) — Шонның туған інісі, Едіге бидің баласы. Баянауылдың күншығыс қапталында Бауыртас деген жерде туып өскен. Қыстауы да сол жерде. Өмірден жастай кеткенімен ел алдында беделді, өзіндік орны бар азамат болған. Мінезі тік, әрі істің басын тез қайыратын, қайратты да әділ, әрі ақылдылығымен танылған.

### **Бөкен би**

Бөкен би 1771 жылы туып, 1857 жылы 86 жасында дүниеден өткен. Қазақтың аға билерінің бірі. Бөкеннің шыққан тегі: Кіші жүздің он екі ата Байұлының Есентемірден Көн, Тағашы тарайды. Көннен Қосыл атасы шығады. Бөкен би Қосыл атасына жатады.

Бөкен Атырау елінде аға би болған.

### **Айтуар би**

Айтуар би Үсенұлы — 1783—1856 жылдар аралығында өмір сүрген қазақтың атақты билерінің бірі. Оның ата-тегі туралы қазақ шежіресінде былай таратылады: Кіші

жүз Байұлының Беріш деген атасынан Байбақты, одан Әсілбас, Шақай, Құстыбас тарайды. Әсілбастан Себек пен Жаңбыршы, Себектен Сары одан Үсен. Үсеннен Айтуар би туған.

### Шорман би

Шорман Күшікұлы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Шежіре бойынша Арғынның Қаржас руының Мырзақұл атасынан тарайды.

Шорманның жасы он үшке толған жылы Баянауыл округінің биі Едігеұлы Шоң би қартайып, орнына кімді билікке ұсыну керек деген сөз тарайды. Әр ауыл өз кісілерін ұсынады. Сонда Шоң би:

– Менің орныма би болуға Шорман лайық. Ол бала болса да – дана, ақылды. Әділ сөйлейді. Адамгершілігі, халыққа деген қамқорлығы мол. Сонымен бүкіл округ болып Шоң атаның ұсынысын мақұл көріп, он үш жасар Шорман би болып сайланады. Содан былай қарай Шорман әрдайым «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп отырады екен. Еліне шын жаны ашитын би надандықты, жатып ішер жалқаулықты, ел ішін індеттей жайлаған жаман әдеттерді жоюға күш салады.

Әр ауылда, Баянауылдың өзінде мектептер салғызып, мұғалімдікке сауатты адамдарды іздестіреді. Түркі тілдерімен қоса орыс, араб, парсы тілдерін оқытатын адамдарды да осы іске тартады.

Шорманның «Қара қылды қақ жарған» әділдігі ел аузында аңыз болып кетеді. Енді оның төрелігіне жүгінуге Баянауыл ғана емес, Кереку өңірінің түпкір-түкпірінен кісілер келеді.

Шорман бидің шыншыл, әділ билік айтатын және адамды бір көргеннен танытын, көріпкел әулиелік қасиеті, тапқыр шешен сөздері жөнінде ел арасында әңгімелер көп. Шорманның Мұса, Мұстафа, Сәдуақас деген шетінен шешен, елге сыйлы ұлдары болған. Ұлы Шоканның анасы Айғаным – Шорманның қызы.

## Қаба би

Қаба Абайділдаұлы 1804 жылы Алматы облысы Нарынкол ауданы Сарыбастау ауылының Түзкөл-Қолтық деген жерде дүниеге келген. Сексенге келген жасында 1884 жылы қайтыс болған. Бейіті сол ауданның Лайлы деген жерінде. Қазақ шежіресінде Қаба бидің арғы бабалары Бәйдібек би, одан Албан, оның ішінде Қызылбөрік, одан бірер атадан кейін Малыбай би, оның немересі Абайділда тарайды.

## Құнанбай би

Құнанбай би Өскенбайұлы 1804 жылы қазіргі Семей облысы Абай ауданында дүниеге келген. 1895 жылы Ақшоқы қыстауында қайтыс болған.

Құнанбай бидің бала-шаға, отбасына келсек, ол былай таратылады. Күнке — үлкен әйелі Найман Ағанас деген беделді кісінің қызы екен. Одан Құдайберді туған. Ұлжан — екінші әйелі Қаракесек Тұрпан байдың қызы. Ұлжаннан Тәңірберді, Абай, Ыскак, Оспан туған. Айғыз — үшінші әйелі. Ол Тобықтының Жуантаяқ деген тармағынан, Қарабатырдың қызы. Айғыздан Хамидолла, Смағұл. Ең соңғы әйелі Нұрғанымды қартайған шағында алған, одан ұрпақ жоқ. Құнанбай өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу зиялы азаматы болған. Ел билігіне ерте араласып, дана көрегендігімен Қарқаралы округына аға сұлтан болып сайланған қоғам қайраткері. Қазақ халқына Абайдай данышпан ұлды тәрбиелеп өсірген ерекше тұлға.

## Есет би

Есет Көтібарұлы (1807–1885) — Атырау облысы Қызылқоға ауданында туған, Шекті руының Қабақ тайпасынан шыққан қазақтың атақты биі әрі батыры. Ол Мұрат жыраудың әкесі Мөңке бимен тұстас болған, Мөңке дүниеден өткен соң Мұратқа ұстаздық еткен. Есет бидің халқына жасаған ерен еңбегі жөнінде қазақ тарихында деректер көп.

## Айдос би

Айдос би Стамбекұлы ХІХ ғасырдың бас кезінде туып 120 жастай жасаған қазақтың биі әрі батыры. Ол 1804—1807 жылдары туып, 1924—1927 жылдары қайтыс болса керек. Айдос Қокан хандығына қарсы соғыста ерлікпен қаза тапқан Саурық (1814—1854) батырмен туысқан. Екеуі де шапқыншы жауларға қарсы күрес бастаған батырлар. Айдос бидің шыққан тегі Шапырашты, одан Есқожа — Қарасай батыр, одан Өтеп—Көшен—Түрікпен, Көшектен Түкті — Құрт, одан Кәшке, Стамбек. Кәшкеден Сұраншы батырдың әкесі Әкімбек, Стамбектен Айдос, Саурық батырлар тарайды. Айдос Шапырашты, Айқым, Есқожа ұрпақтарының басын қосып ел етуде, олардың жаудан қауіпсіз болуы жолында зор еңбек сіңірген елбасы, аға биі.

## Ерден би

Ерден Сандыбайұлы 1808—1862 жылдар аралығында ғұмыр кешкен қазақтың әрі батыры, әрі биі, кейінірек аға сұлтан болған. Жезқазған өңірінің Ұлытау маңы, бұрынғы Атбасар өңірінде туып, билік еткен. Ерден би Орта жүздің Бағаналы руының Жырық атасынан. Әкесі Сандыбай кезінде ел қорғаған батыр екен.

Ерден жастайынан батыр әкесінің жанында жүріп, ел билігіне араласады. Батырлық, шешендік сайысқа түсіп, өзінің ержүрек ерлігі, бірбет өжет шешендігімен көзге түседі.

Архив деректеріне қарағанда 1840 жылы Терісаққан өзені бойындағы Бетенсай, Сандықкескен, Қайрақты ауылдарына болыс болған. 1846 жылы патша жарлығымен хорунжи атағына ие болған. 1862 жылы Шокан Уәлиханов екеуі Атбасар өңірі бойынша аға сұлтандыққа дауысқа түседі. Шокан денсаулығына байланысты дауысқа түсуден бас тартады да, Ерден сол Атбасар өңіріне аға сұлтан болып сайланады.

## Қожбанбет би

Қожбанбет би Байтімұлы 1810 жылы Жаркент шаһары Көктал ауылында туған. Бір деректе Жетісу өңірі, атакты Қарқара жайлауының Қарақойнау баурайында Қонырөлен деген жерде туып, 1880—1885 жылдары қайтыс болған деп жазылған.

Қожбанбет бидің ата-тегі сонау Бәйдібек биден, Албан, Суан ішінде Ақша атасынан таралады. Атакты қолбасшы батыр Қабанбайдың жиеншары. Түп негізі сондай атакты би-шешен, батыр бабалардан шыққан Қожбанбет өсе келе батыр мінезді, аса алғыр шешен боп елге танылады. Жастайынан талай дау-дамайдың түйінін шешіп, халық құрметіне бөленеді. Оның тапқыр шешен, көреген көсем екендігін сезген сол өңірдің «жарты патшасы» аталған атакты Тезек төре өзінің он екі биінің бас биі етіп алады. Қожбанбет би тек қана Албан, Суан, Дулат елі ғана емес, Жалайыр, Матай, Садыр, берісі Ысты, Шапырашты жұрты оны ат жіберіп алдыратын болған.

## Шәңкі би

Шәңкі Мендекеұлы 1811 жылы туған. Жасы тоқсанға таянғанда дүниеден өткен. Денесі қазіргі Урицкий ауданының «Ленинград» кеншарына қарасты Қарашілік ауылына қойылған. Шәңкі Арғынның Қанжығалы атасынан. Әкесі Мендеке өз дәуірінде айтулы батырлардың бірі болған.

Шәңкі ертеден-ақ халық камын ойлап, «ел жұртым қайтсе ел қатарына қосылады» деп жұрт тағдырын шешетін мәселелерге белсене араласып, әділ би атанады. Оның билік шеңбері өз руы төңірегiнен ұзап, тіпті Орта жүз елдеріне кеңінен тараған. Шәңкі бармаса ірі-дау дамайлар шешімін таппаған. Шәңкі би Қотшаң елінде Балқожа, Қанқожа (Ыбырай Алтынсариннің бабалары), Атығай Зілқара, Әшін билермен, Керей елінде Токсан би тұқымдары Арықбай билермен, Ерейменде Бөгенбай батырдың немересі Сакқұлақ бимен, Баянауылда

Шорман, Шоң билермен, Арғынның бес Мейрамының көсемі, шешен атанған Сайдалының Аққошқарымен, Бағаналы елінде Сандыбайдың Ердені, Қаз дауысты Қазыбек бимен тығыз байланыста, ынтымықтас болған.

### **Сұлтанбек би**

Сұлтанбек би Тазабекұлы Албан-Бұғы елінің айбынды батыры Пұсырманнан таралған Тазабек батырдың бел баласы. Туған ауылы қазіргі Алматы облысының Кеген ауданы, «Жылысай» кеңшарына қарасты Кеңсу қыстағы. Осы ауыл аймағында «Сұлтанбек сайы», «Сұлтанбек қыстауы» деген жерлер бар.

Сұлтанбек би сол ауылда туып, сонда қайтыс болған. Туған, өлген жылдары беймәлім.

### **Сары би**

Сары би (шын аты Нұрмағамбет) Мыңбайұлы 1812—1901 жылдар аралығында Өзбекстанның Фариш ауданы, қазіргі «Фариш» кеңшарының № 5 фермасы орналасқан Атақорған ауылында туып, сонда дүниеден өткен. Қазақ шежіресінде Сары бидің шыққан тегі туралы қысқаша айтылады. Орта жүздің Қоңырат тайпасынан, Көктін ұлы Көтенші, одан Ботан — Оразгелді, Тиекті — Айдағұл — Көпі, одан Нұрмағамбеттің әкесі Мыңбай бай таралады. Мыңбайдың Асан, Үсен, Нұрмағамбет деген үш баласы болыпты. Бәрі де шетінен еңбекқор, шаруа әрі батыр, балуан боп ержеткен.

Он үш жасында ел билігіне, дау-дамайға араласып, «Сары би» аталып кеткен Нұрмағамбеттен баскасы жігіт, бозбала кезінен қайтыс болып кеткен, олардан бүгінде ұрпақ жоқ. Ал Нұрмағамбет болса тоқсанға келіп, ұзақ ғұмыр сүрген, өсіп-өнген, атақты аруақты ата болған. Сары биден тараған үрім-бұтақтардың көпшілігі бүгінде Өзбекстанның Атақорған ауылында, Хорезм облысында, Қазақстанның Жетісай төңірегінде және Қарақалпақстанның қала, қыстақтарында еңбек етеді.

## Мамашәріп би

Мамашәріп би Бұқарбайұлы (1815 жылдары шамасында туған, өлген жылы белгісіз) Сырдария мен Әмудария аралығында Қызылқұм шөл даласында (Зеравшан аңғары мен Нұратау аралығындағы ауылда) туып, ержеткен қазақтың айтулы биі. Оның ата-тегі Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресінде былайша кестеленген: Арғын – Тобықты – Рыспетектен – Мұсабай, Көкше, Дадан. Көкшеден – Тоқыш, Томан, Тоқыштан – Башы, Шобан. Шобаннан – Нәдір, Берет, Алыбай, Жақсыбай, Қарабақан, Тарабай тарайды. Мамашәріптің бүгінде 85 жасқа келіп отырған Төлеген деген баласы осы шежірені былайша жалғастырады. Нәдір, Берет, Қарабақан, Тарабай әулеті – Семей, Шыңғыстау, Жиделідегі тобықтының ата қонысында қалады да, Алабай, Жақсыбай қилы жаугершілік заманда су жағалай көшеді.

Мамашәріптің Үтебекұлы Дәуітбай деген арғы атасы өлерінің алдында 18 жасар Бұқарбайға билікті беріпті. Кейін Бұқарбай да (Бұхарда туған) әбден қартайған шағында 18 жасар Мамашәріпке билікті өз қолымен табыс етіпті. Сөйтіп, Мамашәріп 18 жасынан өмірінің соңына дейін, Қызылқұм болысына төбе би боп өтіпті.

## Бала би

Бала би (шын аты Бименбет) Есенәліұлы 1817–1887 жылдар шамасында туып өмір сүрген шешен, би. Бала би әкесі Есенәліден он үш жасында жетім қалып, әкесінің інісі Арғынбайдың атын ерттеп, қасына ереді. Сөйтіп жүріп Арғынбай бидің тәлімін алады. Жасында әрқилы даудың шешімін айтып көзге түсіп, содан Бала би атанып кеткен екен.

## Қашаған би

Қашаған Әуелұлы 1820–1905 жылдар аралығында ғұмыр кешкен, Ұлы жүз Бәйдібек бабаның Албан ішінде Қызылбөріктен шыққан атақты шешен, би. Туған ауылы қазіргі Алматы облысы Шелек ауданы. Әкесі сол

атырапқа атағы шыққан беделді, берекелі ірі байлардың бірі болған. Сол Әуел байдың сабаудай бес ұлының ішінде Қашаған аса зерек, сөзге шебер, ақылды, парасатты болып ер жетеді. Тоғыз жасынан сауат ашып, кисса-жыр, аңыз-хикаяларды жатқа айтады. Өзінен бұрынғы ел ағасы, би-шешендердің кесім-шешім сөздерін зердесіне тоқып сақтайды.

### Ермембет би

Ермембет Тұрұлы (1820–1910) – Адайдың атышулы билерінің бірі. Халық арасындағы шежіреде Есен Ермембет деген атпен мәлім. Бұлайша аталуы бидің Адай руының Жеменей деген тайпасының Есен деген руынан шығуы. Ермембеттің туған-өлген жылдары жөнінде қоныстас қарттар, өз туыстары әртүрлі мерзімді көрсетеді. Сол айтылған әңгімелерді жүйелей келгенде Ермембет Тұрұлы Маңғыстаудың Бозашы түбегінің Ақшымырау деген жерінде, шамамен 1820 жылы дүниеге келген. Ол ұзақ ғұмыр кешіп, 90 жас шамасында 1910 жылы дүниеден өткен, ата қонысы Үлек деген жерде бейіті бар.

Ел арасындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда Ермембет билікке жастайынан араласқан. Алғашқы билікті он бес жасында ағайын арасында көптен созылып жүрген мал дауын бітірумен бастаған. Халық жадында Ермембет биден қалған бірақтар сөздер Хиуа ханы мен Кетіктегі (Форт-Шевченко) орыс патшасы ояздарының елге жасап отырған қиянатынаң елді қорғаумен байланыстырады. Ал, ағайын арасындағы жерсу, мал даулары туыстар арасында татулыққа негізделіп шешіліп отырған. Дауласушы жақтар Ермембет билігіне қашанда тоқтап, «қара қылды қақ жарған» әділдігіне разы болып тарасады екен. Шешендік сөздері халық арасында жырдай болып жатталып, кешегі кеңестік саясат «биді құрт, молданы құрт» деп қанша ұран салғанымен, Ермембет би есімі ұрпақтан ұрпаққа қастерленіп келеді.

Ермембет билігіне батырлығы сай нар тұлғалы ірі

адам екен. Оны ат көтермей, түйе мініп жүреді екен деген де сөз бар. Маңғыстау еліне тыныштық бермей тиісе берген Хиуа жорықшыларымен болған бір шайқаста жас батыр, би Ермембет сол жақ көзінен жаракат алған. Сондықтан әзілдесетін адамдары соқыр Ермембет деп те атаған.

Орыс патшасының отаршылдық әрекетіне қарсы 1870 жылы басталған Маңғыстау халқының төрт жылға созылған көтерілісін патша әскері қатыгездікпен басқан соң, Кетікте билер кеңесі болды. Кеңес Адай елімен мәмілеге келу үшін Петербургке патша үкіметінің шақыруымен баратын елшілер құрамын белгілеген. Сонда сол құрамға би Ермембет енген екен деген сөз бар.

### **Сарыбай би**

Сарыбай Айдосұлы 1821 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Қайназар өзенінің бойында туып, 1890 жылы қайтыс болады, бейіті Ұзынағаш елді мекенінің онтүстігінде.

Сарыбайдың әкесі Айдос, оның әкесі Пірімқұл да, Ыстыбай да (Жамбылдың арғы бабасы) бәрі шетінен ел қорғаған батыр, әрі шешен, би боп өткен. Сүйінбай мен Жамбылға көп көмегін тигізген. Жамбылға ақ бата берген.

### **Кенжалы би**

Кенжалы Ырғызбайұлы 1823 жылы Семей өңірінде Тарбағатай тауының шығыс жақ қойнауындағы ауылда дүниеге келген. Әкесі Ырғызбайды (Ырғыз-Ата басына ел түнеп, тәуеп етіп, әлі күнге медет сұрайды. Күмбезі Ақсуат ауданы Қызылкесік, Қубас тауы өңіріне жақын жазықта тұр) ол елдегілер көріпкел, әулие, абыз, шипагер емші ретінде аса қадір тұтады екен. Халық шежіресі бойынша Ырғызбайдан – Қарабас, Төлеке, Елемес тарайды.

Кенжалыдан Әбсейіт, Жүніс, ал Әбсейіттен – Ахмәди, Мұхаммәди, одан Шәке туған.

Кенжалы аталары тәрізді шешендік өнерге, билік ісіне жастайынан араласады. Әкесі Ырғызбай абызға еріп жүріп талай дау-дамай, жесір, құн дауына араласады. Әкесінің сілтеуімен кейбір кішігірім шешендік сайысқа түсіп, кесімді билік айтып, елдің талап-тілегін әділ шешіп тындырып жүреді.

### **Көлбай би**

Көлбай Жұмабайұлы 1826–1903 жылдар арасында өмір сүрген айтулы би. Ол Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауданы «Бөген» кеншары орналасқан Мыңбұлақ, Қосбұлақ ауылында туып өскен. Шыққан тегі – арғы бабалары Үйсіннің Ысты руының Қоңырат атасынан.

### **Иса би**

Иса Тіленбайұлы (1829–1909) Маңғыстау түбегінде туған. 1869–1870 жылдардағы Маңғыстау шаруалар көтерілісінің басшысы, ұйымдастырушысы әрі би. Иса және Досан бастаған шаруалар 1870 жылы сәуір айында Форт-Шевченко қаласын қоршайды, армян базарын басып алып, Николаевск станциясын өртеп, маяқты қиратады. Шаруалар қаланы жеті күн қоршауда ұстайды. Патша үкіметі жергілікті халықтың толқуынан едәуір сескеніп, Кавказ өңіріндегі әскери округтардан құрамалар жібертіп, көтерілісті басу әрекетін жасады. Форт-Шевченкоға Апшерон, Дағыстан, Орынбор мен Еділден жазалаушылар жіберіледі. Әлсіз қаруланған, айқын мақсат, белгілі жоспары жоқ көтерілістің одан әрі өршіп, жеңістерге жетуіне мүмкіндігі жоқ еді. Шаруа жасақтары ақыры кейін шегініп, Үстіртке, Хорезмге қарай ығысты. Иса нақты нәтиже шықпайтыны айқын болғаннан кейін патша әкімдеріне өзі келіп, бағытынан бас тартқанын баяндайды, елінің тағдыры үшін күш-жігерін жұмсаудан бас тартпайтынын мағлұм етеді. Патша өкіметінің аймақтық басшылары Исаның халық алдындағы үлкен беделінен қаймығып, оны болыс етіп сайлай-

ды. Сөйтіп ол 30 жыл бойы болыс болып, халқына қызмет етеді.

### **Қойбек би**

Қойбек Мыңбасыұлы Дулат тайпасы Ботбай тармағының Қоралас руынан шыққан оңтүстік өңіріне аты мәшһүр, ел басқарған би. Қойбек бидің алдына түскен дау-дамай шешімін таппай қайтпайды екен.

Қойбек би Мыңбасыұлы шамамен алғанда 1830 жылдары қазіргі Жамбыл облысы Мерке ауданында туған. Жастайынан әкесі Мыңбасы баласын ел билеу ісіне араластырып, өмірге ерте баулиды, билік төрелік айтуға қатыстырып отырады.

Ержете келе Қойбек би үнемі көшіп-қонып жүрген тіршіліктің бір-ақ күндік екенін ұғынады, елді отырықшылыққа, жерді игерушілікке қарай бұра бастайды.

«Байлықтың атасы – жер, анасы – су. Жер – игерген елдікі; көшіп-қонып сайда санымыз, құмда ізіміз қалғаны да жетер. Кейінгіге сөзіміз ғана емес, өнегелі ісіміз қалсын» деген оның соңында саналы сөз, өнегелі іс қалған екен.

### **Жетес би**

Жетес би Мыңбайұлы 1835 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы Райым фортына жақын ауылда туып, 1907 жылы 72-ге қараған жасында дүние салған. Жетес бидің шыққан ата-тегі былай: Кіші жүз – Бекарыс – Ордаш – Мөңке – Шаншар – Тұлпар – Алау – Алшын – Құдияр – Қайырбай. Қайырбайдан Байсары, Әлім, Шөмен. Әлімнен Кете, Айқын, Ұланак, Жаманак (шекті), Тайкожа, Тетенболат, Қараманак аталары шығады. Осылардан әрі бірнеше атадан соң Мыңбай, Мыңбайдан – Таңқай, Таубай, Назарбай, Жүндібай, Жанай (үш баласының аты белгісіз), одан соң Жетес екен. Демек Жетес би Мыңбайдың тоғызыншы ұлы – ең кенжесі болғанын аңғарамыз.

Жетестен Сүлеймен, одан Тұраш, Сәнтай, Асқар,

Абылай, Болат, Марат және үш қыз туған. Жетес бидің немересі Сәнтай Жетесов бүгінде техника ғылымдарының докторы, Қарағанды политехникалық институтында қызмет істейді.

### **Төлебай би**

Төлебай Танабайтегі 1835—1891 жылдар аралығында өмір сүріп, билік құрған қазақтың атақты биі. Оның арғы тегі қазіргі Торғай төңірегін мекен етіп келген Арғын тайпасынан, одан бергірек шежіреде Шакшақ, Аманжол, Қошай, Үметай, Жәнібек, Аралбай, Мырза, Кебек, Танабай болып келеді.

Төлебай би халқымыздың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсаринмен (1841—1889) тұстас, замандас екен. Төлебай Ыбырайдан 5—6 жас үлкен. Жастық шағын екеуі бірге өткізсе керек. Ыбырайдың арғы атасы Балғожа бидің ел басқарудағы билік, шешендік дәстүрін ілгері дамытушы, жалғастырушылардың бірі осы Төлебай деседі.

### **Шілменбет би**

Шілменбет Қарауылұлы 1836 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында туған, 1916 жылы көктемге сала Мойынқұм жайлауында қайтыс болған. Кезінде Қаратаудың теріскей бетіндегі Сүлентай, Манғыштай, Саңғыл, Сіргелі, Найман, Тама, Жаманбай — Таздар, Тазша, Қоңыр елдері арасында шешендік, билік сөздері тарап кеткен, орақ тілді би болған.

### **Досбай би**

Досбай Есалыұлы 1838 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауданы, Алғабас кеңшарындағы Қарабас өзенінің бойында туған. Шежіре бойынша Досбай бидің ата-бабалары былай таратылды: Үйсін, Бәйдібек, Жауатар (Ысты), Қосмағамбет (Ойық), Аузыүсіген (Зорбай), Құралай, Қойшыбай, Бәйгел, Досай, Қожағұл, Бұра, Сырлыбай, Жаманбай, Сүттібай, одан Есалы, Есалыдан Досбай туады. Сол бабаларының көпшілігі өз заманында

ел қамы үшін күрескен батыр, шешен, би болған. Досбай би артына өнегелі сөз, мол ұрпақ қалдырған, оның төрт ұл, алты қызы болған. Олардан тараған ұрпақтар бүгінде Алғабас ауданында, Түркістан, Шымкент, Алматы қалаларында тұрып, еңбек етіп жатыр. 79 жасқа келіп дүниеден қайтқан.

### **Мәтжан би**

Мәтжан Тілеумағамбетұлы (1841—1929) қазіргі Атырау облысы, Жылой, Мақат аудандары маңында туған, 1929 жылы Құлсары маңында дүниеден қайтқан. Жастайынан нағашысы Шеген Көбен бидің тәлім-тәрбиесінен үлгі алып өседі. Туған халқының тілі мен ділін терең меңгерген ол Шалбар Қалнияз ақын, Есен Сейіт би, Жары Абыл Тілеуұлы сияқты сөз зергерлерінің әдеби мұрасын зердесіне тоқып, әрі оларды өзінше қорытып, жетілдіре, дамыта түседі. Мәтжан оны кейін халқына қызмет етудің басты құралына айналдырады. Сөйтіп бұл өнер Мәтжанды қоғам қайраткері, елінің жоқшысы, әділет жолындағы күрескер дәрежесіне көтереді. Ол кезде жиырма бес таңбалы Кіші жүз ішінде жер мен жесір дауы, өзара қақтығыстар, оған қоса жергілікті қазақтарға орыс өкіметінің шенеуніктері, Хиуа мен Бұхара хандарының әділетсіз зорлық-зомбылықтары кең етек алған болатын. Осының бәрін бітістіруге Мәтжан би қатысып, елінің құрметіне бөленген.

Мәтжан би Жылой ауданының өңіріндегі Адай қорымына жерленген.

### **Байжігіт би**

Байжігіт Тоқтарқожаұлы (туған, өлген жылдары белгісіз) Түркістан шаһары маңында туса керек. Жастайынан би, шешен, жырау, батырларды жанай жүріп, солардан тәлім алады. Байжігіттің туған анасы Мақтагүл де айтулы ақын болған. Ол Найман тайпасы-

ның Қаракерей руынан, Байыс батырдың қызы екен. Байжігіттің шешен, жыршы боп жетілуіне сол Мақтагүл анасы көп әсер еткен дейді көнекөз қариялар. Байжігіт 14 жасынан бастап билікке араласады. Содан ұзақ жылдар бойы Қаракерей, Төртуыл елін билеп, өзінің әділдігі, ділмарлығы, ақыл-парасатымен әділетті Ұлыс биі атанған. Байжігіт биден Тоғас, Жұмық, Мәмбет аталары, ал Мәмбет ұрпағынан атақты Қабанбай батыр тарайды.

### **Бекболат би**

Бекболат Қазыбекұлы (XVIII ғ. өмір сүрген) — дүйім жұртқа аты мәлім, атақты дана Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы. Жастайынан әке тәлімін, қара қылды қақ жарған әділ билер Төле, Әйтекелерден, хан-сұлтандар, бектерден мол тәлім-тәрбие алған. Ол әсіресе Абылай хан сарбаздарының арасында өзінің тапқырлығы, алғырлығы, батырлығымен зор беделге ие болған. Әкесі қартайған соң билік тізгінін Бекболатқа берген. Ол әке дәстүрін жалғастырып, өзінің адалдығымен халқына қызмет еткен. Бекболат бидің артында тәлімгерлік сөзімен қатар мол ұрпағы қалған. Оның он ұлы, бір қызы болған.

### **Бапан би**

Бапан Тұраналыұлы (туған, өлген жылдары белгісіз) Ақмола облысының Ерейментау ауданында туған. Арғынның Қанжығалы руынан Әлдекүн, одан Ақша. Ақшадан Тұраналы, Тұрымбет деген екі ұл туады, соның Тұраналысынан Бапан би туады. Ол Саққұлақ бидің әкесі, әйгілі батыр Бөгенбайдың немересі.

### **Шортанбай би**

Шортанбай Ерубайұлы 1842 жылы қазіргі Қызылорда облысы Теренөзек ауданы Сәкен Сейфуллин атындағы кеншар орналасқан ауылда туған. Шыққан тегі — Кіші жүздің Табыны, оның ішінде Есен атасынан.

Елдің игі жақсы, би, болыс, естияр қарияларының қасында жүріп, дау-дамайға араласып, сөзімен көзге түседі. Осындай шешен, әділ қасиетінің арқасында оны ел-жұрт би сайлайды.

### **Дөнес би**

Дөнес би 1844 жылы туған. Қайтыс болған жылы белгісіз. Шыққан тегі Кіші жүз, Алты Әлім атасынан. Он сегіз жасынан қазіргі Қызылорда облысының Қазалы ауылында билік еткен. Дөнес жастайынан өзінің аталас туысы Жақайым Мынбайұлы Жетес (1835–1907) биден көп жол-жосық тәрбие алады. Ол Жетестен жиырма жас кіші, Қарасақал Ерімбет жыраумен (1844–1916) құрдас, замандас болған. Дөнес би сол атыраптағы Жақайым Жетес, Шөмекей Бақа, Әлім-Матай Үмбет, Нұрғожа, Шөмен, Самұрат т.б. билермен талай билік, дау-дамайға қатысып, өзінің әділ төрелігі, адамгершілігі, парасаттылығымен ел құрметіне бөленген.

### **Жәлменде би**

Жәлменде Дәуітбайұлы 1846 жылы қазіргі Талдықорған өңірі Қаратал ауданы Бесағаш деген ауылда дүниеге келген. Қазақ шежіресі бойынша түп-тегі Жалайыр, одан Сырманак, одан Сиыршы. Сиыршыдан Байкөбен, одан Тыныке, Тыныкеден Жаксымбет, Сарымбет, Тоқымбет, Толымбет, Шәлімбет деген бес ата тарайды. Осы жерде аттары белгісіз біраз аталардан кейін барып Дәуітбай атасы жалғасады.

Жәлменде жас кезінен-ақ Жалайырдан шыққан Ескелді, Балпық, Қабылиса (Қабан жырау) сияқты ел камқоры болған атақты абыз билердің, көріпкел әулие бабалардың жолын қуа бастайды. Ауыл арасындағы кішігірім дау-дамайларды әділ шешіп, ел көзіне түседі.

### **Бекбосын би**

Бекбосын Домбайұлы — 1848 жылдар шамасында туып, қысқа ғұмыр кешкен Қаракерей—Семіз Найман елінен шыққан белгілі би.

Өз заманында Алшынбай, Құнанбай сынды билермен дәм-тұзdas, дастарқандас, сұхбаттас болған. Белгілі ақын Дулат Бабатайұлымен, қу дауысты Құттыбай бимен, Абаймен де кездесіп, әңгіме-дүкен құрғаны туралы мәліметтер ұшырасады. Жастай дүниеден қайтқан Бекбосын бидің зираты Таскескен ауданы Б. Әбжанов атындағы «Қарақол» кеңшарының орталығында жатыр. Бекбосын би Домбайұлынан тараған ұрпақ Семей, Талдықорған облыстарының Үшарал, Үйгентас, Үржар, Аягөз, Таскескен аудандарында тұрады.

### **Бегалы би**

Бегалы Күленұлы – 1848–1927 жылдар арасында өмір сүрген қазақтың биі. Туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданы «Сызған» кеңшары. Қазақ шежіресінде Бегалы бидің ата-тегі қысқаша былай таратылады. Орта жүздің Қоңырат тайпасының Манғытай, Саңғыл, Саңғылдан Ағысай, Ерубай, Ерубайдан Үсен, Күлен, Күленнен Бегалы, Имамберді, Сабыр туыпты. Бүгінде Бегалыдан (Мейірбек, Сейітбек, Әбілхан, Сейілхан), Имамбердіден (Саттархан одан Жұпарбек), Сабырдан (Майлыбай, Нұрал, Қыдыр) дейтін аталардың ұрпақтары ескі Созақ, Қозмалдақ, Созған аулында. Шолаққорған, Баба ата, Түркістан, Шымкент т.б. қыстақ, қалаларда енбек етеді.

Қазақтың ілгеріде өткен атақты би-шешендері сияқты Бегалы би де ел камын ойлаған ақылды да, сөзге шешен алғыр би болған. Ол өз қарамағындағы әр ортадан, әр атадан, әр рудан құралған елдердің, ауыл-аймақтың өзара бірлігін, ынтымағын, ұйымшылдығын сақтауға бар күш-жігерін жұмсаған.

### **Төребай би**

Төребай Пышанұлы (1848–1911) – Сыр бойы, Қармақшы өңіріндегі «Бекет», «Ақши» аралығында көшіп-қонып жүрген елдер ішінде туып, ержеткен қазақтың шешен, биі. Төребай бидің шыққан тегі: Кіші жүздің Қараманак – Төртқарасы, одан біраз атадан сон

Қаракесек, одан Шөмекей, одан Бозбұл, одан Каратамыр, Былғақ, Былғақтан Ерназар, Күнтуар — Мұрат — Пышан. Пышаннан Төребай деп таратады. Төребайдың ел арасында Алматы, Самұратқа, Қалданға айтқан шешентапқыр сөздері мол таралған.

### **Дүйсенбі би**

Дүйсенбі Сауранбайұлы — 1849—1920 жылдар аралығында өмір сүрген қазақтың дуалы ауызды шешен, биі. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар (бұрынғы Шәуілдір) ауданында туып өскен. Шыққан тегі Қоңырат құрамындағы Саңғыл атасынан. Дүйсенбінің әкесі Сауранбай да, оның әкесі Құрымбай да Оңтүстікті Қокан хандығы билеген заманда датқа болыпты. Дүйсенбі ержетіп, ел билігіне араласа бастаған кезде датқалық лауазым жойылып, оның орнына болыс, би сайланатын болған. Міне, осы тұста Дүйсенбі өз аулына әуелі болыс, кейін би болып сайланады. Дүйсенбі бидің тапқыр, алғыр биліктері жөнінде ел арасында аңыз, әңгіме аз емес.

### **Шойынбет би**

Шойынбет би — 1852—1937 жылдар аралығында Қаратаудың теріскей жағындағы Акколтық аулында ғұмыр кешкен би. Шыққан тегі Орта жүздің Қоңырат тайпасына жататын Маңғытай атасы. Шойынбет өсе келе әуелі Созақ, Шолаққорған, Баба ата, Үштөбе, Жартытөбе, Қызылкөл, Құмкент төңірегіндегі даудамайға билік айтып, әділдік шешендігімен көзге түседі. Кейін Шойынбет би Түркістан, Шымкент, Әулиеата шаһарларындағы үлкен жиындарға катысып, ел, ру аралық жер дауына, жесір дауына, күн дауына билік айтады. Шойынбет би 1937 жылы наурыз айында 85 жасында дүниеден қайтады.

### **Бигелді би**

Бигелді Жошыұлы (1860—1933) Алматы облысы Күрті ауданының Желторанғы кеңшары орналасқан ауылда дүниеге келген. Бигелді бидің арғы аталары

Қарабек, Қабан (Зорбай), өз әкесі Жошы шетінен өз заманында батыр, балуан, саяткер, би, шешен болған. Елін, жерін шапқыншылардан қорғап, халқының басын біріктіріп, іргелі ел болуына көп еңбек сіңірген азаматтар. Бигелді би ширек ғасырдай уақыт бойы Күрті, Бақанас, Балқаш, Топар, Іле өңірінде билік құрған. 1933 жылы 73 жасында қайтыс болған.

### **Алшынбай би**

Алшынбай Тіленшіұлы (XIX ғ.) Арғынның Қаракесек тайпасынан, арғы атасы Қаз дауысты Қазыбек би. Абайдың әкесі Құнанбаймен тұстас, құдандалы, екеуінің аты қатар шыққан би. Құнанбай құда түсіп Алшынбайдың баласы Түсіптің қызы Ділдәні Абайға алып берген. Алшынбай би Қарқаралы дуанының төбе биі болып, сол төңіректің бәрі оның әділ төрелігіне тоқтаған.

### **Саққұлақ би**

Саққұлақ (Сәбден) Бапанұлы Ақмола облысының Алексеевка Ауданына қарасты Ерейментау мен Сілеті өзендерінің аралығындағы ауылда туған. Қанжығалы Бөгенбай батырдың немересі, әкесі атақты Бапан би. Саққұлақ би ел билігіне ерте араласқан, оның басқа билерден бір ерекшелігі – ол хат таныған, сауатты болған. Өзі айтқан билікті, басқа да билердің ұтымды сөздерін қағазға түсіріп жүрген. Ол Шоқанмен дәмдес болған. Саққұлақ шешеннен жеті бала қалған, олардың бәрі әкесіне тартқан шешен болып өскен.

### **Малтақан би**

Малтақан би (1819–1892) Бөкей өңірінің атақты орақ тілді шешен, биі. Ғұмыры кедейлікпен өткен. Ол белгілі ақын Тайыр Жароковтың атасы. Оның Жарок, Сәпек, Қалім, Абош деген балалары болған. Малтақан би Исатай – Махамбет бастаған шаруалар көтерілісіне қатысқан.

## Кенже би

Кенже Матақұлы – (1828 жылы туған, өлген жылы белгісіз) Қарағанды облысы Қарқаралы өңірінде туып, сол төңіректе билік құрған белгілі шешен, би. Оның әкесі Матақ Жонғар шапқыншылығы кезінде ел қорғаған батыр. Кенже әкесіне тартып мерген, батыр болып өскен. Билікке орта жастан асқанда араласқан.

## Шәнті би

Шәнті би Малдыбайұлы – (туған, қайтыс болған жылдары белгісіз) Суан елінен шыққан айтулы шешен, би. Қазақ шежіресінде оның ата-тегі Жарықшақ, одан Албан, Суан, Дулат тарайтыны белгілі. Суанның бәйбішесінен Тоқарыстан, одан Мұрат, Мұраттан Шегірен, Қараменде, Қарабек, Әлігүр. Солардың Қараменде атасынан Жаксыбай, Бекқұл, Сады, Тыныбек, Қармыш деген бес ата тарайды. Сады биден Таныбай би, одан Дәулетбай би, одан Малдыбай би, Малдыбайдан Шәнті би туған.

## Алдаберген би

Алдаберген Нұрманұлы 1887 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауданы «Жүзімдік» ауылында дүниеге келген. 1936 жылы Беломор–Балтық құрылысында мерзімді кесімін өтеп, ақталып келе жатқанда қайтыс болған. Жерленген жері белгісіз. Алдабергеннің ата-тегі туралы «Жүзімдік» ауданының көнекөз шежіре қариялары былай таратады. Арғы бабасы Бәйбідек би, одан Жауатар ( ), Достанбет (Тілік) – Мұса – Ақментай – Құралай – Досай, одан Есен (Байқараған) – Жылкелді, одан Қара, Қарадан Өмірзақ. Оның Дәулен, Маңсары, Ұрман, Достан деген төрт баласы болыпты. Нұрманнан Алдаберген туыпты.

## ТҮЙІН

Сөз соңында айтарымыз: біз бұл кітапта қазақ мемлекеті сотының тарихын түгел қамтыған жоқпыз, жалпақ далада қалың елге арашашы болып, әділеттілік орнатқан билер мектебін терең ашуды мақсат еткен жоқпыз, ол мүмкін де емес еді. Оның бәрін егжей-тегжейлі зерттеп, иін қандыра жазу – келешектің міндеті.

Жоғарыда айтқандарымыздың өзінен-ақ қазақ халқының заң, әділет тарихының байтақ шежіресі бар екендігіне, оны жасаушы билердің дәстүрлі мектебі болғандығына көз жеткіземіз.

Қазақ халқы – задында ойшыл, шешен халық. Ықылым замандардан бермен карай телегей-теніз жыр тудырған, көмейі күмбірлеген абыз жырауларымыздың, ғажайып күйшілеріміздің, көсем билеріміздің, дана шешендеріміздің өмірі, олар салып кеткен үзілмес дәстүр – осының куәсі.

Біз ерте ғасырлардан бергі әр заманда өмір сүрген әрқалай жүзге тарта билердің есімін атап, қысқаша деректер бердік. Егер әрбір қазақ биінің өз өнегесі, өз дәстүрі, өз мектебі болғандығын ескерсек, олардың қатарына билерден, шешендерден, батырлардан ғана сайланатын болыстарды, датқаларды, аға сұлтандарды қоссақ, онда қазақ халқының табиғатынан ақын әрі жырау, шешен әрі көсем екендігінде еш күмән жоқ. «Қазақ халқы – табиғатынан ақын әрі шешен, екiнiң бiрi мақалдап, жұмбақтап, өлеңмен сөйлейдi, шетiнен дала жыраулары», – деп талай тамсанып жазған батыс зиялыларының пікірі бұл айтқандарымыздың анық айғағы бола алады. Әйтпесе отыз күн, отыз түн дамылсыз

жырлайтын жырауларды, шешендігімен елді аузына қаратқан билерді, айлап, жылдап айтысқан ақындарды кез келген халықтың тарихынан кездестіру өте қиын. Цицерондар туралы көп айтылады, сөз атасын түптен тартқан ұлы Майқы биді әлі де әлемге таныта алмай жүргендігіміз баршамызға үлкен сын.

Сондықтан да, байтақ даланың даналық, кемеңгерлік, мәмлегерлік мектебін жасаған, әділеттіліктің ақ туын көтерген билер мектебін айшықтау, олардың мұраларын жинап, терең зерттеу, зерделеу, аруағын ардақтау, сөйтіп даналықтың байтақ мұрасын келешек ұрпақтың санасына ұялатып, қанына сіндіру — барша зиялының, зерттеушілердің кезек күттірмейтін міндеті.

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз .....	5
Ежелгі дәуірдегі заңдар және сот үкімі .....	9
Ресей империясының билігі және қазақ билері .....	37
Кенестік дәуірдегі қазақ сотының құрылым жүйесі .....	61
Егемен Қазақстанның тәуелсіз сот билігі .....	121
Билер отты би соңы, Би ұлының кенжесі... ..	143
Түйін .....	189

**Нәрікбаев Максұт**

**ҰЛЫ БИЛЕРІМІЗДЕН ЖОҒАРҒЫ СОТҚА ДЕЙІН**

«Атамұра» корпорациясының президенті

*Мұхтар Құл-Мұхаммед*

Бас редакторы *Әділхан Пірманов*

Редакторы *Асқар Алтай*

Суретшісі *Арыстан Ысқақов*

Техникалық редакторы *Гүлнафис Әзімқұлова*

Корректоры *Нәзира Дүйсенбаева*

ИБ № 353

Теруге 31.05.99 берілді. Басуға 8.06.99 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32.

Таймс гарнитурасы. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 10,08.

Есептік баспа табағы 7,6. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 638

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 157.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия  
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.